

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ**

SDU University
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР КАФЕДРАСЫ

ДИССЕРТАЦИЯ

орындаған:

Ерес Наргиза Айбатқызы

тақырыбы:

**СУИЦИД ТАҚЫРЫБЫНЫҢ МЕДИАДАҒЫ КӨРІНІСІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІ: ORDA.KZ, TENGRINEWS ПОРТАЛДАРЫ ЖӘНЕ КТК
ТЕЛЕАРНАСЫ МЫСАЛЫНДА**

Қаскелең, 2024

SDU University
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР КАФЕДРАСЫ

Қорғауға жіберілсін
Әлеуметтік ғылымдар
кафедрасының меңгерушісі
_____ ф.ғ.к, Шайкенова А.
“ ” _____ 2024

ДИССЕРТАЦИЯ

7M03201 – «Медиа зерттеулері және журналистика»

ТАҚЫРЫБЫ: СУИЦИД ТАҚЫРЫБЫНЫҢ МЕДИАДАҒЫ КӨРІНІСІНІҢ
ЭТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ: ORDA.KZ, TENGRINEWS ПОРТАЛДАРЫ
ЖӘНЕ КТК ТЕЛЕАРНАСЫ МЫСАЛЫНДА

Білімгер: Ерес Наргиза
Ғылыми жетекші: Сеңгірбай Мұхтар, PhD
Қосалқы жетекші: Алимова Елнур

Қаскелең, 2024

МАЗМҰНЫ

Аннотация.....	iv
Кестелер тізімі.....	v
Суреттер тізімі.....	vi
Аббревиатуралар тізімі.....	vii
Кіріспе.....	1
Әдебиетке шолу.....	7
1-Тарау. Методология, сапалық контент анализ, визуал анализ.....	41
1.1. Методологияға кіріспе	41
1.2. Сапалық контент анализ	42
1.3. Визуал анализ	45
2-Тарау. Суицид тақырыбының медиадағы көрінісінің этикалық аспектілері: Orda.kz, Tengrinews порталдары және КТК телеарнасы.....	51
2.1. Tengrinews порталына контент және визуал анализ.....	51
2.2. Orda.kz басылымына контент және визуал анализ.....	62
2.3. КТК телеарнасына контент және визуал анализ.....	74
Талқылау және нәтиже.....	88
Қорытынды.....	92
Әдебиеттер тізімі.....	94

Аннотация

Зерттеу жұмысы суицид тақырыбының медиадағы көрінісінің этикалық аспектілерін Orda.kz, Tengrinews порталдары және КТК телеарнасының контенттерін талдау негізінде жүргізілді.

Сапалық контент-анализ әдісін қолданған зерттеу еңбектің негізгі мақсаты - суицид тақырыбының әлемдік деңгейдегі жазылу тәжірибесі мен теорияларына сүйене отырып, Қазақстан медиасында, соның ішінде қазақ тілді жаңалықтардағы суицид тақырыбының этикалық тұрғыдан жазылуына талдау жасау. Сонымен қоса, зерттеу нысаны ретінде алынған медиалардың фото, видео контенттеріне де визуал анализ әдісі қолданылды.

Зерттеу барысында «Вертер» эффектісі мен «Папагено» эффектісі бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалардан кейін де халық арасында суицидтің көбею немесе азаю көрсеткіштері болатынын көрсетті. Бұқаралық ақпараттағы “өз-өзіне қол жұмсау” жаңалықтары сенсация, рейтинг және трагедияны көрсету үшін емес, аудиторияның өмірге жауапкершілігін және "көпшіліктің білу құқығымен" теңестірілуі керек ақпараттарды ұсыну маңызды екенін алға тартады.

Кілт сөздер: Медиа, этика, суицид, Вертер эффектісі, Папагено эффект

Кестелер тізімі

- Кесте 2.1 Tengrinews.kz порталындағы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ
- Кесте 2.2 Orda.kz порталындағы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ
- Кесте 2.3 КТК телеарнасы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ

Суреттер тізімі

- Сурет 2.1 Суицид болған көпқабатты үйдің суреті
- Сурет 2.2 Суицид болған көпқабатты үйдің суреті
- Сурет 2.3 Tengrinews сайтынан скриншот: марқұмның суреті
- Сурет 2.4 Orda сайтынан скриншот: терезеден секірмек болған күдіктінің суреті
- Сурет 2.5 Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет
- Сурет 2.6 Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет
- Сурет 2.7 Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет
- Сурет 2.8 Алматы тауында өзіне қол жұмсаған әйел
- Сурет 2.9 КТК телеарнасынан скриншот: марқұмның анасынан сұхбат алу сәті
- Сурет 2.10 Марқұмның туыстарынан алған сұхбат суреті
- Сурет 2.11 Марқұмның суицид жасаған орнынан сурет
- Сурет 2.12 Марқұмның қаза болған орнынан сурет
- Сурет 2.13 Мұнарадан секірмекші болған ер адам
- Сурет 2.14 Мұнарадан секірмекші болған ер адамды құтқару сәті
- Сурет 2.15 Суицид әрекетінің видео-материалы
- Сурет 2.16 КТК телеарнасынан скриншот: суицид орын алған тұрғын үй
- Сурет 2.17 КТК телеарнасынан скриншот: жаңалықтардағы көрнекілік сурет

Аббревиатуралар тізімі

БАҚ Бұқаралық ақпарат құралдары

ДДСҰ Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы

Кіріспе

Тақырып өзектілігі: Суицид – бір адамның басынан өтіп жатқан оқиға ғана емес, ол – әлеуметтік мәселе екенін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әр жыл сайын дабыл қағып ескертіп жатыр. «Суицид – бұл адам, оның отбасы мен достары, сондай-ақ олар қатысатын қауымдастықтар үшін қайғылы оқиға» (Conwell, Van Orden және Caine, 2011). Суицидті алғаш рет әлеуметтік мәселе ретінде француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм өзінің «суицид» (1897) еңбегінде қарастырды.

Ал «Әлеуметтік мәселе» терминін алғаш рет ағылшын зерттеушісі Д.Мил енгізген. Алайда ол бұл терминді материалдық жағдайға қатысты, яғни тең емес бөлінген байлыққа қатысты қолданды. Бірақ бірте-бірте әлеуметтік мәселелер «белгілі» әлеуметтік параметрлер мен жағдайларды білдіреді деген идея пайда болды. Орын алып жатқан оқиға – қауіпті, қауіп төндіретін және қалаусыз әрекеттер болса, бұл құбылыстарды қоғамнан бөлек қарастыру орынсыз деді. Қоғамға белгілі бір деңгейде әсері бар оқиғалар әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылды.

Зерттеуге арқау болып отырған «суицид» сөзі Оксфорд сөздігінде «өзін-өзі өлтіру» термині алғаш рет 1651 жылы Англияда қолданылғанын және ол латынның «suicidium» сөзінен шыққанын, құрамында «өзін» есімдігі мен «өлтіру» етістігінен шыққаны айтылған. «Суицид» ұғымының ағылшын тілінде екі мағынасы бар: біріншісі, өзін-өзі қасақана өлтірген адам және екіншісі, қасақана өзін-өзі жою (Бойко, 2004а).

Суицид тақырыбына денсаулық сақтаудың маңызды бір бөлігі ретінде қараудың ықпалы зор екенін зерттеушілер алға тартады. Екінші жағынан, әлеуметтік мәселе болған соң медиада жиі айтылады әрі жазылады. Сол үшін де тақырыптың қандай да бір этикалық нормалар шеңберінде іске асып, аудиторияға қалай ұсынылып жатқанына талдау жасау өте маңызды. Зерттеулерге сәйкес, ешқандай фактор немесе себеп суицидті түсіндіре алмайды, бұл биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, экологиялық және мәдени факторлардың күрделі нәтижесі екенін айтады (Alonzo & Gearing, 2018). Сондай-ақ әлеуметтік ортаның жеке суицидке әсері көптеген ықтимал мағыналарға ие. Ол тікелей, жеке қысым мен кемсітушіліктен, шеттетуден және оқшаулаудан немесе маңызды қарым-қатынастарда, өзін-өзі өлтіруді насихаттайтын әлеуметтік нормалар мен идеологияларда, тіпті кейбір адамдарды өз-өзіне қол жұмсауға үнсіз көндіруден тұруы мүмкін. Сонымен бірге деструктивті үлгілерді көрсету немесе өзіне-өзі қол жұмсау жолдары туралы ақпараттың айқын болуы сияқты тікелей сипатта болуы да мүмкін дейді ғалымдар. Көп жағдайда, әлеуметтік орта жеке адамның өмір сүруін психологиялық тұрғыдан қиындатады. Бұл жанама әсердің әртүрлі болуы мүмкін екенін еске салады. Әлеуметтік ортада өмір сүру, мысалы, жағымсыз эмоционалды қарым-қатынас және жалпы деструктивті ойлау тәсілдері, шектен

тыс индивидуализм мен ортақ мақсаттардың болмауы, саяси қысым, қоғамнан оқшаулану мен тұлғалық даму кезіндегі қиындықтар, қудалау және бұқаралық ақпарат құралдарында көрнекті түрде көрсетілетін өз-өзіне қол жұмсау материалдары адамдарды басқа ортадағы әріптестеріне қарағанда суицидке бейім етеді және еліктеу әсерін тудырады деп ойлауға болатынын айтады (Wasserman, 2020).

«Неге суицид?» тақырыбы және «Неге Қазақстан?» сұрағына жауап іздейтін болсақ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, Қазақстан әлемдегі суицид деңгейі ең жоғары елдердің қатарына кіреді. Wisevoter ұйымының статистикалық мәліметі бойынша, 2023 жылы Қазақстан суицид деңгейі бойынша 100 адамға шаққанда 178 елдің ішінде 19-орынды алған. Бұл басқа елдердегі көрсеткішпен салыстырғанда, Қазақстанның алдыңғы қатардағы мемлекеттердің тізіміне қосылғанын көрсетеді.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының классификациясы бойынша Қазақстан суицид статистикасы жоғары елдердің үшінші тобына кіреді, мұнда суицид жасөспірімдер мен жастар арасындағы табиғи емес себептерден болатын өлімнің бірінші және жетекші себебі болып табылады», – делінген (Wasserman & Darky, 2014). Сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсау адам өмірінің кез келген кезеңінде болуы мүмкін және дүниежүзінде 15 пен 29 жас аралығындағы өлімнің екінші негізгі себебі ретінде хабарланады. Интернетті, медиа кеңістік пен әлеуметтік желіні пайдалану өз-өзіне қол жұмсау немесе өзіне зиян келтіру қаупі бар жастарға оң және теріс әсер етуі мүмкін екенін көрсеткен зерттеулер де бар. Осы тұста, барлық суицидтердің үштен екісі Азияда орын алады (Tandon & Nathani, 2018a), ал суицидті зерттеудің басым бөлігі Батыс және дамыған елдерде жүргізіледі екен.

Зерттеулердің бірі көрсеткендей, интернетті қолданушылар, ол жақтан өзіне ұқсас тақырыптардың айналасындағы күйзелістері білдіретін әрекеттерді таңдайды. Marchant және оның зерттеу тобы жасаған жүйелі шолу нәтижесінде әлеуметтік желілерді пайдаланатын жастар ересектерге немесе құрдастарына қарағанда, өздерінің эмоционалды күйзелістерін желіде көбірек тарқататыны байқалған. Тәуекел тобындағы Оңтүстік Корея жасөспірімдері мен мектеп оқушыларының әлеуметтік желіде жариялаған сөз тіркестерін зерттеген ғылыми еңбектер интернеттегі суицид, көбінесе оқу үлгеріміне, өзін-өзі имиджін өзгертуді қалаулары мен қорқытуға және денсаулыққа қатысты мәселелер бойынша сұрау салатыны анықталған (Pourmand, Roberson, Caggiula және басқалары, 2019a). Мектеп ең жиі хабарланған стресс факторы болып көрсетілген. Демографиялық зерттеулерге сәйкес, суицид туралы пікірлердің көпшілігін ер адамдар жасаған, ал көбісі отбасымен және романтикалық серіктестермен қарым-қатынасқа сілтеме жасаған. Оған қоса, жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі, пәтерлердің жалға алу бағасының жоғарылауы және қорқыту мен қысымның көбеюі өзіне-өзі қол жұмсауға қатысты сөздерді қамтитын интернетті іздеу жүйесінде көп көрініс тапқан.

Алайда, суицидтердің үштен екісі табысы төмен және табыс көзі орташа елдерде (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2014а) орын алады, себебі сол елдерде бұқаралық ақпарат құралдарының аталған тақырыпты хабарлауын бағалау бойынша жеткілікті зерттеулер жүргізілмеген және дұрыс қарастырылмаған.

Сол себепті, кез келген мәселесінің шешімін интернет құралдары мен медиа кеңістіктен іздейтін жасөспірім мен мектеп оқушыларына бағытталатын ақпарат мен жаңалықты драма жасаудан, шек тыс сөз тіркестерімен суреттеуден, көркем стиліді пайдаланудан аулақ болу керек.

Сонымен қатар, мұсылман елдерінде өзіне-өзі қол жұмсау деңгейі салыстырмалы түрде төмен, дегенмен суицид туралы хабарлау жүйесі, қылмыстық мәртебе және стигма сияқты тұрақты мәселелер бар. Соған қарамастан, мұсылман елі, тіпті, әлемі алуан түрлі: әлеуметтік, мәдени, этникалық және экономикалық, менталит пен тарихы, медиасы мен ақпараттық кеңістігі жағынан басқа екенін байқауға болады. Көптеген діндерге қарағанда әртүрлі моральдық және тұрақты факторлармен ерекшеленеді (Tandon & Nathani, 2018b). Бірақ Қазақстан сияқты әлем бойынша орташа деңгей көрсеткішінен жоғары ислам дінін ұстанатын елдер де бар. Тақырыптың маңыздылығы да осында, жалпы ұлттың, халықтың мәдениеті мен көзқарасы, олардың жадындағы қабылдауы, ол адамдардың суицидке қалай әрекет ететінін және өзара әрекеттесуде және алдын алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қалай пайдалануға болатынын да маңызды рөл атқарады. Дегенмен, медиа адамның суицидтік әрекетіне әсер етеді деген психологиялық механизм әлі белгісіз екенін зерттеушілер де жиі ескертеді.

Жоғарыда аталған себептер қатарына суицид әдісінің медиа кеңістікте таралуы, егжей-тегжейлі сипатталуы мен әрі әсері жағынан медианы жатқызуға болады. Суицидтің жеке мәдениеттегі орнын анықтау әдістерінің бірі оның әдебиетте, өнерде, дінде, құқықта, философияда, әлеуметтік ғылымда, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық пікірде қалай бейнеленгенін анықтау болып табылады. Шекспирдің көптеген пьесаларында өзін-өзі өлтіру жалғыз құрметті және қисынды қадам ретінде бейнеленген деп баяндайды зерттеушілер (Бойко, 2004b). Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары (жаңалықтар, жарнамалар, телерадио хабарлары) арқылы берілетін хабарламалар әлеуметтік мәселелер туралы ақпаратты қамтиды, өйткені олар халықты ақпараттандыру мен ақпараттандырудың жолдары мен көздері деп есептеледі.

Сол себепті кез келген БАҚ таратқан ақпаратқа жауапты. Ал бұқаралық ақпарат құралдары бұл тақырыпты қандай контекст, қандай мазмұнда беріп жатқаны, проблеманың алдын алу үшін хабарды қаншалықты этикаға сай жариялайтыны да алдыңғы қатардағы міндетті нормаларға жатады. Сондай-ақ өзін-өзі өлтіру мәселесін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсету әртүрлі әлеуметтік және мәдени динамика мен контекстен дамиды. Бұқаралық ақпарат құралдарының науқандары темекі мен алкогольді тұтынудан бастап, суицидке

дейінгі әр түрлі жағымсыз мінез-құлықтарға тиімді әсер ету үшін пайдаланылды дейді зерттеушілер.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Жалпы мақсат - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бұқаралық ақпарат құралдарына арналған ұсыныстарды хабарлау үшін алынған деректерді пайдалану. Бұқаралық ақпарат құралдарында суицид оқиғаларын егжей-тегжейлі көрсету этикаға сай ма? Аудиторияны ақпаратпен қамтамасыз ету үшін көрнекі бейнелерді, атап айтқанда, фото, видео материалдарды қосу керек пе? Медиа маман суицид тақырыбына қатысты жағдайды этиканың шеңберінде іске асыру үшін нақты қандай қадамдарды білуі керек? Журналистің жауапкершілігі мен жеке тұлғаның арасындағы байланыс қандай? Бұл сұрақтар кәсіптік ұйымдарда талқыланып, осы уақытқан дейін соған сәйкес белгілі бір этикалық қағидалар мен ережелер, нұсқаулықтар белгіленген. Дегенмен, бұл нормалардың редакциялар үшін қаншалықты маңызды екені белгісіз. Өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын егжей-тегжейлі баяндамау және оған қатысы бар адамдарды атап өтуден аулақ болу, суицид әдістері мен қолданған қаруды және оның себебін айтпау және көрнекі бейнелерді (фото, видео, марқұмның суреті, туыстарының бейнесі, жаназа орынынан репортаж) жариялау кезінде негізге алатын этикалық принциптердің ақпараттық порталдарда сақталуы мен сақталмауы арасындағы таңдау – журналистің, сол сияқты кез келген медиа маманның жауапкершілігінде екенін зерттеулер көрсетті.

Бұл зерттеу журналистиканың этикалық принциптері аясында суицид оқиғаларының жаңа медиада қалай ұсынылатынын анықтауға және нәтижелерін талқылауға бағытталған. Суицид тақырыбының әлемдік деңгейдегі жазылу тәжірибесіне назар аударуды да мақсат етеді. Себебі осы уақытқа дейінгі зерттеулер суицид әдістерін таңдауда дәстүрлі БАҚ (фильмдер, сонымен қатар газеттер мен теледидарлардағы жаңалықтар) маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мысалы, өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген адамдар туралы зерттеулер көрсеткендей, 77 пайызы суицид әдістері туралы ақпаратты фильмдерден алған (Biddle, Gunnell және басқалар 2012). Осы тақырып шеңберіндегі дәлелденген, негізгі теорияларға сүйене отырып, Қазақстан медиасының, соның ішінде, Tengrinews, Orda порталдары және КТК арнасының суицид тақырыбындағы қазақша мақалаларына талдау жасай отырып, этикалық тұрғыдан қалай жазатынына анализ жасап, этика кодексі, сондай-ақ суицид секілді нәзік тақырыптарды жазуға арналған арнайы нұсқаулықтармен салыстырып көру.

Жалпы онлайн басылымдардың, атап айтқанда, интернет порталдардың өзара әрекеттесу, гипермәтіндік қосымшалар және мультимедиа сияқты белгілі бір артықшылықтарына байланысты дәстүрлі журналистикамен салыстырғанда суицид оқиғаларын егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндігі өте көп. Сәйкесінше, этикалық қағидалардың да өте көп бұзылу ықтималдығы жоғары. Осыған байланысты бұл зерттеу суицид оқиғаларының жаңа медиада қалай

көрсетілетінін анықтауға және журналистік этика аясында мәселені талқылауға бағытталған.

Теориялық маңыздылығы: Жалпы тақырыптың зерттелу деңгейі өте ауқымды және теориялық маңызы жоғары. Оның ішінде суицид туралы материалды жазу кезінде қоғам мүддесін алдыңғы қатарға қойып, этикалық аспектілер шеңберінде ғана хабар таратуы керек. Дегенмен Қазақстан медиасындағы бұл тақырыптың репрезентациясына көңіл аударатын болсақ бірқатар проблемалар бар екенін байқауға болады.

Зерттеушілер әлеуметтік мәселелерді қоғам емес, бұқаралық ақпарат құралдарының өзі және қоғамда оларды басқаратын адамдар құрастырады деген қорытындыға келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары мәселе туындаған кезде, оның маңызды болуына басты рөлді медиа (баспасөз, теледидар, радио және интернет басылымдар) атқарады және нақты, ықтимал проблемалардың болуын қамтамасыз етеді. Ал қоғамдық санаға «енген» мәселе күн сайын жаңалықтың тақырыбына айналады. Бірақ белгілі бір уақыттан кейін (шамамен жеті күн) қоғамның назары әлсірейді, содан кейін мәселе жаңалық емес, факт болып қалады. Бұқаралық ақпарат құралдары (жаңалықтар, жарнамалар, телерадио хабарлары) арқылы берілетін хабарламалар әлеуметтік мәселелер туралы ақпаратты қамтиды, өйткені олар халықты ақпараттандыру мен жаңа оқиғадан хабардар ету жолдары мен көздері болып табылады. Сондықтан әлеуметтік мәселеге деген көзқарасты қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын қоғамдық қабылдау екенін атап өткен жөн. Ғалымдар белгілі бір әлеуметтік салаға қатысты хабарламалардың шегі бар екенін жиі ескертеді, себебі мәселе белгілі бір нүктеге жетеді және одан кейін аудитория аталған тақырыпқа қызығушылық тудырмайды.

Жоғарыдағы кіріспеден байқағанымыздай, бұқаралық ақпарат құралдарының психикалық денсаулық, психикалық ауру және суицид туралы хабарлауы – көп талқыланатын тақырыптардың бірі. Жиі қайталанатын болжам, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратты жеткізуі мен оқиғаны хабарлауы әртүрлі дәрежедегі корреляцияға алып келеді – кемсітушілікке, стигматизацияға немесе одан да жаманы, суицид туралы хабарлау кезінде көшірме суицидтеріне әкеледі.

Зерттеушілер өз еңбектерінде бұл проблемалардың ең қауіпті мысалдарымен және олардың салдарын бөліседі. Зерттеу нәтижелеріне көңіл аударатын болсақ, ғалымдардың басым бөлігі медиадағы жаңалықтар адамның өз өзіне қол жұмсау ақпараттарын жариялау кезінде өрескел қателіктер мен этикаға қайшы әрекеттерге жол беретінін хабарлайды. Сенсация мен эмоцияға жол беретін жаңалықтар тізімін жоққа шығармайды. Суицидтік ойлар әрқашан өзін-өзі өлтіру әрекеттеріне әкеліп соқтырмаса да, суицид әрекеттері мен өлімі әдетте, бірінші ойдан туындайды. Бұл суицидтік ойларды суицидті болжауға мүмкіндік береді. Ересектер үшін де, жасөспірімдер үшін де, балалар үшін де суицидтік ойға әлеуметтік қолдау мен әлеуметтік бейімделудің болмауы, психикалық күйзеліс және депрессия, мазасыздану, ортадан жайсыздық сезіну,

фобияның пайда болуы, адам бойындағы үрейдің күшеюі сияқты әлеуметтік факторлар әсер етеді дейді ғалымдар. Зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне көз жеткізу үшін ең алдымен дүниежүзіндегі ғылыми еңбектер, іске асқан эксперименттер, тәжірибелер мен теорияларға, фактілер, анализдер мен авторлардың осы саладағы зерттеулеріне талдау жасаудан басталды.

Зерттеу сұрағы:

1) Tengrinews.kz пен Orda.kz порталы және КТК арнасында суицид тақырыбындағы қазақ тілді материалдарда этикалық принциптер қаншалықты сақталады? Суицид жасау әдісі мен себептері қаншалықты көрсетілген?

2) Tengrinews.kz пен Orda.kz порталы және КТК арнасының суицид жайлы фото және видео материалдарында суицид жасау әдісі қаншалықты көрініс тапқан?

Зерттеу объектісі:

- Суицид тақырыбы туралы жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулер, теориялар мен зерттеу әдістері;
- Медиа мамандарға арналған негізгі әрі жалпыға ортақ нұсқаулықтар;
- Қазақстан медиасындағы Orda.kz, Tengrinews порталдары және КТК телеарнасы;
- Таңдалған медиалардың визуал контенті;

Тақырыптың зерттелу деңгейі:

Зерттеу тақырыбы әлем елдері мен Қазақстан медиасының мысалы үшін де өте маңызды. Себебі тақырып – әлеуметтік мәселе. Ал оның ықпал ету деңгейі медиамен (баспасөз, теледидар, радио және интернет басылымдар) реттеледі. Сол себепті де тақырыптың ауқымы кең. Бұқаралық ақпарат құралдарында өз-өзіне қол жұмсау немесе өзін-өзі өлтіру әрекеттерін көрсету туралы пікірталас негізінен этикалық принциптерге негізделеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидтерді егжей-тегжейлі көрсету ықтимал суицидке түрткі болуы мүмкін деп саналады. Бұл жағдай бұқаралық ақпарат құралдарының жеке адамдарға да осындай әсер етуі мүмкін деген ойдың пайда болуына ерекше себеп болды. Осы пікірталастардың нәтижесінде ұсынылатын негізгі ой – БАҚ өзіне-өзі қол жұмсау сияқты нәзік мәселелер туралы жаңалықтарды жариялау кезінде жауапкершілікпен әрекет етуі керек. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарына суицид әрекеттерін қалыпқа келтіруі мүмкін презентациялардан және жаңалықтарда суицидтің әдістері мен көріністері туралы ақпарат беруден аулақ болу ұсынылады. Сонымен қатар, оқиғаға қатысты фотосуреттер мен видеолар, атап айтқанда, аудиторияға ой салатын орынсыз визуал элементтері жарияланбауы керек.

Сондықтан, бұл зерттеу жұмысы интернеттегі жаңалықтар мен ақпараттық порталдардағы суицид оқиғаларының жазылу мазмұны мен стилін зерттеуге бағытталған. Интернет – журналистиканың өзара әрекеттесу, гипермәтіндік қосымшалар және мультимедиа сияқты белгілі бір артықшылықтарына байланысты дәстүрлі журналистикамен салыстырғанда суицид оқиғаларын егжей-тегжейлі көрсетуге болады. Осыған байланысты бұл зерттеу суицид

оқиғаларының жаңа медиада қалай көрсетілетінін анықтауға және журналистік этика аясында мәселені талқылауға назар аударады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында өз-өзіне қол жұмсау туралы жауапкершілікпен хабарлау суицид деңгейін төмендететіні көрсетілген (Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы нұсқаулығы, 2010). Суицидті идеализациялау және оны проблемаларды шешудің ұтымды әдісі ретінде қолайлы ету, өте күрделі процестің түпкілікті нәтижесі болып табылатын нәрсені тым жеңілдету немесе басқаша түрде оған сенсациялық сипат беру медиа мамандары үшін орынсыз қадам екенін көрсетеді.

Сонымен қатар “бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе өз-өзіне қол жұмсаудың себептерін адамның өміріндегі ең жеңілтек түсінікке бағыттайтынын айтады (Норрис & Джемсон, 2001a). Суицид тақырыбын жазудағы ең маңызды этикалық аспектілердің бірі – суицидті тап болған қиындықтар мен проблемалар үшін әдеттегі немесе қолайлы бір құбылыс ретінде ұсынудан аулақ болыңыз (Save the children халықаралық ұйымы, 2015). Ақпаратқа, қоғамдық қолдауға және психикалық денсаулық ресурстарына (Mooghead және басқалары, 2013), қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы Интернет және әлеуметтік медиа да суицидтен болатын өлімді азайтуға көмектесуі мүмкін екенін жиі жазады. Осы тұста Niederkrotenthaler және әріптестері (2010a) БАҚ-та суицид әрекеттеріне немесе аяқталуына сілтеме жасамай, суицидтік ойларға бағытталған ақпарат немесе жаңалық күресудің оң стратегияларына әкелуі мүмкін деп санайды. Олар бұқаралық ақпарат құралдарының өзін-өзі өлтіруден қорғайтын әсерін Папагено эффектісі деп атады. Папагено эффектісімен қатар жүретін терминнің бірі – Вертер эффектісі. Бірі – медиада суицид тақырыптарын жазу, өз өзіне қол жұмсау жағдайын күшейте түседі десе, енді бірі медиа арқылы суицид ойында жүрген немесе өз-өзіне қол жұмсауға ұмтылған адамдардың оқиғасын бөлісу, осал адамдардың әрекетінің алдын алады, яғни кез келген мәселені шешудің жолы бар екеніне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көз жеткізеді деген ойды алға тартады. Медиа эффектілер туралы толығырақ теория бөлімінде жазылды.

Әдебиетке шолу

Бұқаралық ақпарат құралдары суицид тақырыбын қандай мазмұнда көрсетеді немесе осы уақытқа дейін қалай жазды? Өз-өзіне қол жұмсау материалдарын ұсыну барысында қандай да бір этикаға қайшы дүниелер кездесе ме? Медиада суицид тақырыбының этикаға сай жазылуы туралы қандай еңбектер мен тәжірибелер бар. Қазақстандағы медиа өнімдерде бұл тақырыптың репрезентациясы қандай?

Әдебиетке шолуда жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздейміз. Ғылыми зерттеулер мен әлем елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, тақырып аясында осы уақытқа дейін жүргізілген тәжірибелерді, проблеманы айқындауға септігін тигізген еңбектермен танысып, теориялық негіздеме барысында қысқаша шолу жасаймыз. Оның ішінде суицид туралы материалды жазу кезінде қоғам мүддесін алдыңғы қатарға қойып, этикалық аспектілер мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нұсқаулықтары шеңберінде, сондай-ақ жеке адамның өзіне және отбасына келетін зиянды азайта отырып қана хабар таратуы маңызды екені жоғарыда атап өтілді. Дегенмен Қазақстан медиасындағы бұл тақырыптың репрезентациясына көңіл аударатын болсақ бірқатар проблемалар бар екенін байқауға болады. Зерттеушілер өз еңбектерінде бұл проблемалардың ең қауіпті мысалдарымен және олардың себеп, салдары мен де, оған қоса орын алған шынайы оқиғаларды бөліседі. Зерттеу нәтижелеріне көңіл аударатын болсақ, аталған тақырыптағы еңбектердің басым бөлігі медианың адамның өз өзіне қол жұмсау ақпараттарын жариялау кезінде өрескел қателіктер мен этикаға қайшы әрекеттерге жол беретінін хабарлайды. Осы тұста тақырыптың қаншалықты өзекті әрі медиада дәл осы тақырыпты қадағалау қаншалықты маңызды екенін түсінуге болады.

БАҚ-тың суицид туралы хабарламалары осал адамдардың суицидтік мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Бұл тақырып Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының да назар аударып отырған маңызды аспектілерінің бірі (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2014b). Әсіресе, бұл туралы ұйымның 2008 жылы нұсқаулығында келесідей көрсетілген: “Суицидке еліктеу фактісі бойынша 50-ден астам тергеу жүргізілді. Осы зерттеулерге жасалған жүйелі шолудың нәтижесі дәйекті түрде бірдей қорытындыны ұсынды. Суицид туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауы еліктеушілік суицидтік мінез-құлыққа әкелуі мүмкін... Демек, оқиға себеп болған әрі сипатталған адам немесе марқұм мен мақаланы оқып отырған оқырман және көрермен ұқсас болған кезде бұл жағдай орын алады. Сондай-ақ, популяцияның белгілі бір кіші топтары (мысалы, жастар, депрессиядан зардап шеккен адамдар, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер, әртүрлі қысым мен әлеуметтік мәселелері, сондай-ақ қаржылық ауыртпалығы бар тұлғалар) еліктеу арқылы суицидтік мінез-құлықты қабылдап, суицид әрекетіне жол беруге эмоционалды жақын әрі осал болуы мүмкін. Бұл туралы өзге ғалымдардың пікірі мен көзқарасы, ғылыми дәлелденген еңбектері мен зерттеулері, көз жеткізген дәлелді оқиғалары Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының анықтамасын қуаттайды. “Өзін-өзі өлтіру және өзіне зиян келтіру қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды жаһандық мәселелері (Bertolote & Fleischmann, 2015). Ең маңыздысы, белгілі бір әдіспен суицидті ашық сипаттау осы әдісті қолданатын суицидтік мінез-құлықтың артуына әкелуі мүмкін...” Бұл ойды нақтылайтын, дәлел болатын оқиғалардың барына зерттеу барысында көз жетті. Мысалы, Вертер оқиғасынан кейінгі жағдай немесе көмірмен өзін өлтіру оқиғалары мен

метродағы суицид әдісі арқылы өзіне қол жұмсау әрекеттері айқын дәлел бола алады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын бағалау кезінде назардан тыс қалмайтын маңызды мәселенің бірі – суицидтің нақты әдістері туралы хабарлау дейді ғалымдар. “Суицидтің алдын алудағы БАҚ-тың рөлі: жүйелі шолу” зерттеу еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының өз-өзіне қол жұмсаудың бірнеше драмалық және өте қауіпті әдістерін қалай «жарнамалағанын» айтады. Мысалы, жағу, өзін көмірмен өртеу, ату, секіру теміржолдағы суицид, метродағы суицид немесе тағы басқа (Sisask & Värnik, 2012a). Осы уақытқа дейінгі зерттеулер де өзін-өзі өлтірудің жаңалық ретінде маңыздылығы мен бұқаралық ақпарат құралдарының суицид туралы хабарламалары ресми деректерге сәйкес келмейтінін көрсеткен. Сонымен қатар атақты адамдардың суицидтері және әдеттен тыс жағдайлар немесе әдістердің ашық көрсетілуімен байланысты болған оқиғалар суицидтердің белгілі бір түрлерін асыра сипаттайды дейді. Жоғарыда аталған әдістер көптеген ел үшін ең жиі кездесетін әрі медиа арқылы кең тараған суицид әдістері екенін зерттеулер де дәлелдеген. Аталған әдістердің кең көлемде тарауы, этикаға қайшы визуал элементтер мен ондағы құралдардың экраннан анық көрінуі, аудиторияға сол ақпараттың қолжетімділігі өз-өзіне қол жұмсау туралы материалдардың зиянын күшейте түседі. Оған қоса, журналистер марқұм туралы ресми деректерге қарағанда, сенсациялық суицидтерді асыра көрсетуге бейім екенін айтады.

Мысалы, мына бір зерттеуге назар салатын болсақ, АҚШ-тың алты қаласында БАҚ және суицид туралы зерттеуде БАҚ-тан туындаған суицидтік жұқпалы аурулардың әсерін растады және жергілікті теледидар жаңалықтарының, сондай-ақ феноменнің көзі ретінде газеттердің маңыздылығына назар аударған (Romer және басқалары, 2006). Зерттеушілер олардың нәтижелері оқиғаның географиялық сайттарда қайталануы мүмкін екенін айтады. Суицидті идеализациялау және оны проблемаларды шешудің ұтымды әдісі ретінде қолайлы ету; өте күрделі процестің түпкілікті нәтижесі болып табылатын нәрсені тым жеңілдету немесе басқаша түрде оған сенсациялық сипат беру дейді. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе өз-өзіне қол жұмсаудың себептерін адамның өміріндегі ең жеңілтек түсінікке бағыттайтынын айтады (Норрис & Джемпсон, 2001b). Зерттеушілер адамдардың өзін және өз өміріндегі мәселелер мен орын алған оқиғаларды өздеріне ұқсас адамдармен сәйкестендіруге бейім болғандықтан, ұқсас эмоционалдық күйлерге тап болған кезде немесе бұқаралық ақпарат құралдарында ұсынылған суицид құрбандары сияқты проблемалары немесе дағдарысты бастан кешіретін адамдарды көргенде оларды еліктеуге итермелейтін байланыстың бір түрі пайда болатынын көрсетеді.

Суицид әрекеттерінің артуында медианың ықпалы бойынша бірнеше мәрте зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі Pirkis бен Blood “Бұқаралық ақпарат құралдарында суицид туралы хабарламалар пайда болған күндерден кейін

суицид туралы хабарламалар болмаған күндермен салыстырғанда суицидтің көбеюі орын алады” – деген гипотезаға жауап іздейді (Pirkis және Blood, 2018).

Осы уақытқа дейінгі зерттелер нәтижесі суицид тақырыбының медиадан хабарлануы кезінде этикалық нормаларды ескерудің маңызы бар екенін білсе де, кей кезде нақты бағдарламалардың болмауы салдарын байқайды. Сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын жақсы түсіну, оны аудиторияға сауатты жеткізу, дұрыс жауап беру және олардың санын азайту үшін сапалы, этикалық тұрғыдан негізделген зерттеулер қажет дейді. Дегенмен, суицидті зерттеумен байланысты этикалық проблемалардың табиғаты және оларды шешу жолдары туралы түсінік жоқ. Бұл этикалық комитет мүшелері үшін зерттеулерді мақұлдау және бақылау кезінде үлкен қиындық тудырады. Медианың өз-өзіне қол жұмсау жаңалықтарын этикалық тұрғыда реттейтін нұсқаулықтар барлық редакциялар мен медиалар үшін қолжетімді емес немесе өз ішінде бекітілмегенін көрсетеді.

Осы тұста мына бір ғылыми еңбектегі маңызды болжам зерттеудің назарын аударды. “Швейцариялық басылымдардағы суицид туралы хабарламалар: жауапты ма, әлде жауапсыздық па?” атты тақырыбындағы мақала да медианың әсері арқылы еліктеудің пайда болуына былай түйін жасайды (Freu, Michel және басқалары, 1997а):

- суицид туралы жиі мақалалар жазатын газеттер бұл тақырыпты өте қауіпті әрі еліктеушілікті тудыратындай жариялайды;
- еліктеу әсері жоғары мақалалар негізінен жоғары тиражды таблоидтық газеттерде болды;
- қолайсыз мақалалары (еліктеу әсері) бар газеттер суицидтің себептері туралы статикалық және орынсыз фактілерді ұсынуды көздейді;
- газеттердегі суицид тақырыбына қатысты мақалалар мазмұнында сирек профилактикалық немесе емдік кеңестер, консультация беруші кәсіби мамандардың байланыс нөмірлері берілуі керек дейді. Ондай болмаған жағдайда, медиа компаниялар мен ынтымақтастық арқылы суицид туралы жауапты хабарлау қажеттілігіне айтарлықтай көңіл бөлудің ұзақ мерзімді жоспарына жол ашу керек екенін ескертеді. Яғни, оқырманның назарын жағымсыз жаққа аударатын репортаж түрлері, газеттердегі мақала мен ақапаттық сайттардағы жаңалықтар, сондай-ақ еліктеу қаупін арттыратын аспектілер егжей-тегжейлі сипатталған жағдайда, еліктеу қаупін арттырады дейді. Сонымен қатар, суицид туралы ескертетін типтік белгілер (ең алдымен депрессиялық белгілер), сондай-ақ алдын алу және дағдарысқа араласу бойынша кеңестер берілуі керек.

Өзін-өзі өлтіру әдісін, әрекетті іске асыру барысында қолданған құралдарды және оқиға орынын да көрсету этикаға жатпайтындықтан, бұл жағдайды проблема деп айтуға болады. Онлайн порталдар арқылы кез келген адам қол жеткізе алатын суицид оқиғалары этикаға қайшы ұсынылған деп айтуға болады. Зерттеу нәтижесінде министрліктер, қауымдастықтар, қорлар сияқты суицидтің алдын алуға жауапты мекемелер үшін құнды деректер

алынды. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәселеге деген сезімталдығын арттыру үшін белгілі бір қадамдар жасалуы керек.

Әдебиетке шолудың кең мазмұндағы мәні мен толық контексті үшін “Өзін-өзі өлтіру туралы БАҚ хабарлауы: Малайзиялық газеттердің салыстырмалы фреймдік талдауы” мақаласы да талданды. Бұл еңбекте де Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өзіне-өзі қол жұмсау туралы есеп беру нұсқаулығы қолданылған. Суицид әдісін егжей-тегжейлі сипаттау және әдістің орын алған мекен жайы мен мәнін айтудан аулақ болу керек екенін зерттеу қорытындысына сабақтайды. Сонымен қатар, ғылыми еңбектің ұсынысы ретінде медиа саласының мамандарына, соның ішінде журналистер мен редакторларға суицид оқиғаларын жазу кезінде оның алдын алуға ықпал ететін кәсіби және этикалық жолдарын таңдауды ұсынады (Victor & басқалар, 2019).

Суицидтік мінез-құлықтың түсіндірме үлгілері мақалалардың жартысынан көбінде жеткіліксіз және үстірт сипатталады. Көбінесе суицидтік әрекеттің бір ғана себебі бар және өз-өзіне қол жұмсаудың бұрынғы тарихы жоқ кенеттен болатын оқиға деп көрсетеді (Frey, Michel және басқалары, 1997b). Медиа мамандардың суицид әрекетінің себебін соңғы оқиғадан іздейтіні де сол себепті. Профилактикалық және емдік ақпарат қатысты формадағы мәтендер сирек беріледі, көбінесе суицид туралы анықтамалық мақалалар және сирек жағдайда нақты суицид оқиғасы туралы хабарланады. Бұл суицид туралы зиянсыз немесе тіпті қолайлы түрде жазуға болатындығын білдіреді.

Зерттеу барысында көз жеткізген әрі назардан тыс қалатын маңызды факторлардың бірі бұқаралық ақпарат құралдары өз-өзіне қол жұмсау туралы мақала немесе тақырыптық сюжет пен оқиға орнынан жасалатын репортаждардың суицидтік мінез-құлыққа ұзақ мерзімді әсері бар екенін біле бермейді немесе ескермейді (Sinyor, Schaffer және Redelmeier, 2018a). Мысалы, белгілі бір медианың суицидке қатысты ақпараты көптеген айлар немесе жылдар өткен соң кез келген адамның іс-әрекетіне әсер етеді. Себебі журналистің бірнеше жылдар бұрын жазған материалы суицидтік мінез-құлық туралы өте маңызды ақпарат көзі болуы мүмкін немесе керісінше автордың бірнеше жыл бұрын түсірген суреті мен видео материалы суицидке итермелейтін аяқ астынан табыла қалған “нұсқаулық” әдіс болу ықтиалы да жоққа шығарылмайды. Яғни, суицид туралы материалдардың жарық көруі жарияланған уақытына қарамастан аудиторияға оң немесе теріс ықпалын тигізе алады. Егер редакция аталған контент мазмұнына сай пайдалы ақпарат берсе және суицидтің алдын алу жолдарын ұсынса, сәйкесінше, бұл материал аудиторияға оң әсерін тигізеді.

Сол үшін де ғалымдар суицидке қатысты ақпарат пен жаңалықтың медиа бетінде жариялау жауапкершілігі тереңде жатқанын айтып алаңдайды. Әлемдегі шулы суицид оқиғаларынан кейін пайда болған нұсқаулықтар мен редакцияларға тиесілі этикалық ережелердің нақты тиімділігі әлі дәлелденбеді, бірақ жоққа да шығарылмады. Осы тұста зерттеулер екіге бөлінеді. Себебі кей

деректер бұл гипотезаны дәлелдесе, кейбірі өзге нәтижеге қол жеткізеді. Алайда, Боханна мен Ванг бұқаралық ақпарат құралдарына арналған нұсқаулар "бұқаралық ақпарат құралдарының қолдауымен, белсенді тарату стратегиялары арқылы және үздіксіз оқыту мен оны бақылау, талдау" жолымен ғана тиімді бола алады деп хабарлайды (Bohanna & Wang, 2012).

Ал Австриядағы бұқаралық ақпарат құралдарына арналған нұсқаулықта "өз-өзіне қол жұмсау – еліктеуді" – тудырады дейді. Мысалы ретінде 1978 жылы Венада метро жүйесі енгізілгеннен кейін ол халық арасында өзін-өзі өлтіру құралы ретінде қабылдана бастаған. Әсерінен 1984-1987 жылдар аралығында метродағы суицид туралы жаңалықтар бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланып, аудиторияның еліктеуін күшейте түседі. Ақпараттың медиа арқылы кең ауқымға ие болуы – сол елдегі суицидтің артумен байланысты болған (WHO, 2008a). Метро не себепті өлтіру құралы ретінде қабылданды дейтін болсақ, сол сәтте орын алған өзін өзі өлтіру оқиғалары метромен байланысты болып жатқаны ақпараттық кеңістіктерде ашық жазыла берген. Әр өлімнің орын алу себебі мен сипаттамасы жиі айтылған сайын суицид жасау ойында жүрген кез келген адамға жарыса жазылған бұл жаңалықтар проблеманың шешіміне жол көрсетіп тұрғандай әсер етеді.

Дәл осындай жағдай Гонконгта да орын алады. Ли және оның әріптестері бастаған зерттеушілер тобы осыған ұқсас құбылысты сипаттады. Олар 1998 жылы 35 жастағы әйелдің көмірмен өзін жағып, өртеп жіберген оқиғадан хабардар болады. Бір қызығы Гонконгта осы жағдай орын алғанға дейін бірде-бір рет бұл әдіспен суицид оқиғасы тіркелмеген. Гонконгтың бұқаралық ақпарат құралдары әйелдің өліміне айтарлықтай қызығушылық танытып, газеттер де, теледидарлар да, яғни елдегі басқа да бұқаралық ақпарат құралдары осы оқиғаға қатысты әр түрлі жаңалықтар ұсына бастайды. Келесі айда дәл осы әдіспен тағы тоғыз адамның өзін өлтіргені анықталады. Бір жыл ішінде көмір жағу арқылы өзіне қол жұмсау әдісі Гонконгтағы ең көп таралған суицид әдісінің бірі болып шыға келеді (Lee және Chan, 2002). 2005 жылы Ли және оның әріптестері бастаған зерттеушілер тобы көмірмен өзін жағып жіберу арқылы өмірін тоқтатқысы келген, суицидке ұмтылған 25 адамнан сұхбат алады. Көпшілігі бұл әдіс туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан білгенін баяндайды. Сондықтан өз өзіне қол жұмсау әрекеті тек оқырманның сипаттамасына, яғни әртүрлі әлеуметтік топтың жағдайына, жасы мен оның қабылдауына ғана емес, медиа мазмұнына да байланысты екенін аңғаруға болады (Niederkrötenhaler, Voracek, Herberth, Till, Strauss, Etzersdorfer және Sonneck, 2010b)

Әлемнің әр түкпірінде орын алып жатқан суицид оқиғалары өте көп. Сондай-ақ медианың әсерінен еліктеушілікті тудырған, қоғамның осал топтары арасында әдістерді қайталаған оқиғалардың жиі кездескенін байқауға болады. Ол туралы зерттеу мақалалары мен арнайы сұхбаттар да жүргізіліп, тақырыпқа қатысты талдаулар бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр.

Өз-өзіне қол жұмсау туралы медиа мамандарға арналған хабарлау нұсқаулықтарына қатысты журналистердің арасында да пікірлер мен тәсілдер мәдени контексттерде әр түрлі болып жатыр. Мысалы, Португалиялық бір журналист өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қолдап, оларды кісі өлтіру мен жыныстық зорлық-зомбылық сияқты әрекеттердің жариялануымен салыстырды. Оның пікірі, егер медиада, яғни әртүрлі интернет басылымдарда суицидті көрсетуге тыйым салсақ, басқа қылмыстарды көрсетуге де тыйым салу керек дегенге негізделген. Оған журналист Дүниежүзілік Денсаудық сақтау ұйымының бұл мәселе бойынша дайындаған нұсқаулықтары мен ережелері де жағдайдың динамикасына ешқандай тыйым салмайды деп есептейді.

Ал Канадада кейбір бұқаралық ақпарат құралдары нұсқаулықтарды журналистика саласының еркіндігін шектейтін құжат деп қабылдаса, Жаңа Зеландиялық журналистер аталған нұсқаулықтар суицид тақырыбын оқырмандар үшін қолжетімсіз етеді және оларды цензураның бір түрі ретінде қабылдайды деп санайды. Осы тұста АҚШ журналистері мәселені елемей және жұртшылықпен байланысын үзу сияқты шектеулі ақпараттың ықтимал теріс салдарын тудырады деп алаңдайды.

Кейбір канадалық сарапшылар өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлар болу нұсқауларының тәрбиелік функциясы бар және қылмыс деңгейінің алдын алу үшін сөз тіркестерін өзгерту сияқты аспектілеріне әсер етуі мүмкін деп санайды. Португалдық журналистердің көпшілігі суицид туралы хабарлаудың нұсқауларын білмейтіндерін айтты, сондықтан олардың хабарлары ең жақсы тәжірибеге сәйкес келмейді деп ойлады. Дегенмен, португалдық журналистердің көпшілігі нұсқаулықтарды, соның ішінде өзін-өзі өлтіру әдісі мен орнын ашпау ережесіне толық келіседі және бұл критерий маңызды деп санайды.

Жоғарыда келтірілген мысалдар төңірегінде орын алған оқиғалар әлемде көп кездесетінін тақырыпты зерттеу барысында байқауға болады. 1962 жылы әйгілі американ актрисасы және моделі Мэрилин Монро өзін-өзі өлтіргеннен кейін, ол қайтыс болған соң бір ай ішінде Америка Құрама Штаттарында суицидтің 12 пайызға өсуі байқалған. Сондай-ақ актрисаның өлімі Нью-Йорк қаласындағы Daily News газетінің бірінші бетінде 4 күн бойы жарияланған жалғыз суицид болды және оның өзіне қол жұмсағаннан кейінгі бір айда АҚШ-тағы суицидтердің саны өскен (Hittner, 2005a). Осындай оқиғаларды негізге ала отырып, ғалымдар танымал адамдардың, соның ішінде шығармашылықпен айналысатын өнер жұлдыздарының суицид оқиғаларын медиаға жариялау барысында абай болу керек екенін ескертеді. Атақты адамдардың өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын көрсету де көшірме әсерін тудыратын қауіп факторы бар екенін Бұқаралық ақпарат құралдары туралы 42 зерттеуді іске асырған және қарастырған зерттеушінің бірі Stack атақты адамдардың өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын жариялау және мұндай хабарлау карапайым адамдардың өзіне-өзі қол жұмсау оқиғаларын көрсетуге қарағанда,

осындай жоғары деңгейдегі әрекеттерге ұқсайтын суицид әрекеттерінен кейін он төрт есе көп деген қорытындыға келген (Stack, 2000a). Сонымен қатар оқиғаның ең танымал басылымдардың бірінші бетінде 4 күн қатарынан орналасуы да, аудитория назарын аударады. Суицид тақырыбының медиада этикаға сай жазылуына аса мән беріп жүрген халықаралық ұйымдар да, тіпті газет пен журналдарда, сайтта аталған тақырыптың орналасу орыны да маңызды екенін айтады. Канадада бұқаралық ақпарат құралдарының өз-өзіне қол жұмсау тақырыбын дайындау кезінде аудиторияны тарта алатын ақпаратты жариялауды қалайтыны да атап өтіледі. Осылайша, газеттер өз-өзіне қол жұмсау тақырыбын ашық талқылауда өз міндетін орындамай, сенсациялық жаңалықтарды пайдалануға бейім дейді. Ал Гонконгтағы БАҚ коммерциялық қысымның салдарынан суицид туралы сенсациялық тақырыптарды да пайдаланатындарын айтады. Осы тұста ір редакцияның құндылығы мен ондағы журналистердің ішкі принциптері маңызды екенін байқауға болады. Әр редакцияның хабарды әртүрлі призамадан таратуында өзіндік себептері мен оған әсер ететін жанама әрекеттер бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары атақты адамдардың суицидін көрсетуге көп уақыт бөлгенде, көлемді материалдар арнағанда осал жанкүйерлер өздерінің суицид мотивтерін үлгі ете алады (Ogbodo, 2019). Сол сияқты, цифрлық медианы пайдалану суицид деңгейіне әсер етеді, кейбір жағдайларда әрекетті ынталандырады. Бірнеше зерттеулер әлеуметтік желіні пайдалану көрсеткішінің артуы мен өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің қаупі арасындағы корреляцияны көрсеткен (Pouqmand, Roberson, Caggiola және басқалары, 2019b). Яғни, суицид жасау әрекеттерінің көбеюі әлеуметтік желілермен де байланысты деген гипотезаны жоққа шығармайтынын байқауға болады.

Осы тұста тағы бір зерттеу жұмысына назар аударылды. Кей ғалымдар веб-сайттар мен әлеуметтік желілерді кейбір адамдар өз-өзіне қол жұмсау салдарынан қайтыс болған адамды мадақтау немесе еске алу үшін пайдалануы мүмкін екенін еске салды. Мұндай сайттарға сілтеме жасасаңыз, әсіресе жастарға сілтеме жасасаңыз, абай болыңыз, себебі бұл өлімге әкеліп соғуы мүмкін деп хабарлайды. Өкінішке қарай, әлеуметтік желілілер мен ақпараттық кеңістіктер, медиа мамандарынан бөлек, қарапайым халық үшін де қолжетімді. Самарияның медиа мамандарға арналған еңбегінде келесідей ойды негізге алады: Өз-өзіне қол жұмсау оқиғасы үшін желілік дерек көздерді пайдалану кезінде қосымша қырағылық танытыңыз. Орын алған оқиға туралы немесе марқұмның айналасындағы жанама жағдайлар мен себепті болжамды қате хабарлауға немесе факт ретінде орынсыз қолдану ықтималдылығы жоғары болған.. Әсіресе онлайн басылымдар мен редакциялардың ресми әлеуметтік арналарында (telegram, instagram, facebook) суицид хабарын таратудың маңызы екі есе екенін ескеру қажет.

Зерттеу жұмыстың әдебиетке шолуы бөлімінде осыған дейін ұсынған оқиғалардың қатарын 1980 жылы Германияда орын алған мына бір жағдай толықтырады. 19 жастағы ер адамның теміржолда өзін-өзі өлтіруі туралы

телевизиялық фильм көрсетілгеннен кейін 70 күн өткен соң, жастар арасында теміржолдағы суицидтің 175%-ға өсуі байқалған. Зерттеу нәтижелерінде Германияда теміржолдағы суицидтің айтарлықтай қысқа және ұзақ мерзімді өсуі хабарланған. Дәл осы сияқты, атақты футболшы, танымал актер, әнші секілді қоғам алдында атағы мен абыройы, ауқымды аудиториясы бар тұлғалардың және қоғам алдындағы пікір көлбасшыларының өлімінен соң, соған ұқсас жағдайлардың арта түскенін байқауға болады. Аталған оқиғалар, алдымен қоғам ішінде резонанс тудырып, бүкіл медиа мен халық назарын алып, ақпараттың кең көлемде тарауына жағдай жасайды.

Осы тұста, “суицид жағдайының өсуіне медианың әсері бар, өз кезегінде медиа еліктеушілік синдромын тудырады” – деген тұжырымның шығуына не нәрсе себеп болды деген сауалға жоғарыдағы зерттеулер дәлел. Сондай-ақ, бұл сұрақтың жауабын осы саладағы ғылыми еңбектердің бірі былай негіздейді: Әлем елдеріндегі зерттеулер нәтижесінде суицидтікке қатысты нұсқаулықтарды көп шығару және алдын алу шараларын жазу жалпы проценттің төмендеуіне әсер ететінін байқаған.

Зерттеу жұмыстың басында әртүрлі ғалымдар арасындағы пікірлер қақтығысына да шолу жасалғаны туралы айтқан едік. Суицид әдістері мен суицидтік әрекеттерге бағытталған сенсациялық ақпарат пен медиа өнімдер Вертер эффектісі шеңберінде іске асатынын және әр түрлі медианың тәжірибесінде болған зерттеулер көрсеткен еді. Алайда қолайсыз жағдайлармен күресу және суицидтік дағдарыстарды жеңу туралы әңгімелер кейбір аудиториядағы суицидтік ойларды азайтуы мүмкін дейді Папагено эффектісі (Niederkrötenenthaler және Till, 2019). Бұқаралық ақпарат құралдарының ұсыныстарына сәйкес суицидті бейнелеу арқылы зиянды әсерлердің алдын алуға болады (WHO, 2014c).

“Вертер әсері қаншалықты мықты? Суицидтің ұсыныс – еліктеу моделін қайта қарау” еңбегінде медиа арқылы суицидтің еліктеушілік әсері туралы келесідей қорытынды ұсынады: Бұл тақырыптың маңызды теориялық мәселесінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған суицидтерді көрсету тәсіліне қатысты. Атап айтқанда, өз-өзіне қол жұмсау әрекеті туралы ақпарат сенсациялауға немесе тіпті гламуризациялауға қарағанда, тікелей, нақты түрде беріледі? Мұндай сенсация немесе гламуризация әдейі жасалмауы мүмкін болса да, медиа бейнелеудің стилі, пішімі немесе контексті осылай әсер етуі мүмкін (Hittner, 2005b). Бұқаралық ақпарат құралдарына суицид туралы жауапты хабарлау бойынша ұсыныстар жазылып, бекітілсе де (Centers for Disease Control, 1994), сенсацияға әсер ететін факторларды да, сенсацияның еліктеушілік суицидке тигізетін әсерін де зерттеу қажет дейді.

Әдебиетке шолу бөлімінің кіріспесіндегі негізгі сұрақтың бірі “қоғамдағы суицид әрекеттерінің өсуі мен медиа арасында байланыс бар ма”, жалпы бұқаралық ақпарат құралындағы өз өзіне қол жұмсау әрекеттерінің этикаға сай жазылуының маңызы қандай? – деген сауалдар негізге алынған еді. Осы тұста, Ali Pourmand бастаған зерттеушілер тобы интернет пен әлеуметтік медиа және

бұқаралық ақпарат құралдарында өзіне-өзі қол жұмсау әдістеріне қатысты ақпаратқа оңай қол жеткізуге болатынын айтады. Яғни дерек кез келген интернет қолданушыға қолжетімді (2019с).

Сонымен қатар интернеттегі арнайы форумдар мен веб-сайттарда “жастардың өзіне зиян келтіру” және “суицид қаупі” және суицид әрекеттерінің, яғни өз өмірін қиюдің әдістеріне бағытталған зерттеулерді көрсетті. Оған қоса, бұл сайттарда мазмұнды реттеу аз немесе мүлдем жоқ дейді. Суицид әдістемесі туралы ақпаратты қамтитын веб-сайттардың саны жылдан жылға өсіп, ал суицид ойындағы адамдар мен интернет қолданушыларға қолдау көрсетуге арналған веб-сайттар, кризистік халде жүрген тұлғаларға үміт сыйлайтын ақпараттық кеңістіктер азайып жатқанын байқаған.

Ал, Luce (2016) журналистердің өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін хабарлауға арналған стигматизация және сенсациялық репортаждарды жою үшін төрт қарапайым ережені жасайтынын айтады, оны былай бөлісті. Журналистер суицид тақырыбын аудиторияға жеткізу барысында төмендегі төрт ережені есте сақтауды ұсынады (Duncan және Luce, 2022a)

Біріншіден, жаңалықты оқырманға жеткізу кезінде сенсация жасамаңыз. Сенсациялық репортаждар журналистердің тақырыпта «өзін-өзі өлтіру» сөзін қолдануынан көрінетінін немесе «аспанға жаңа періште келді» сияқты дәйексөздерді қолдануынан байқалатынын айтады.

Екіншіден, стигматизациялауға жол бермеңіз. Стигматизация тіліне жол берген мақалада біреуге бірнәрсе таңу орын алады. Мысалы, біреуді «қорлаудың құрбаны», «аутист» ретінде сипаттау немесе дініне немесе ұлтына, жынысы мен жеке таңдауына, ерекше басымдық беріп, оған сол таңбаны қою.

Үшіншіден, суицид әрекетін дәріптемеңіз. Өзін өзі өлтіру әдісін немесе суицид оқиғасын оқырманға дәріптеуден аулақ болыңыз: оқиғада суицид өмірлік таңдау ретінде ұсынылғанда, яғни еліктеу суицид әдісін нақты сипаттағанда орын алуы мүмкін дейді.

Төртіншіден, оқиғаны аудиторияға зияны тимейтіндей хабарлаңыз. Демек, өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлау кезінде өлімнің нақты орнымен қатар өз-өзіне қол жұмсау себебі тым көп көрсетілгенде тегін хабарлау орын алуы мүмкін, мысалы: алтын қақпа көпірі немесе жағажай басы. Жоғарыда айтқандай, бұл “ыстық нүктені”, яғни суицид әрекеті көп орын алған жерді айту болып табылады. Жоғарыда аталған нақты төрт себептің пайда болуына әсер еткен себеп, яғни нәтижесінде зерттеушінің шығарған қорытындысы, көптеген медиа басылымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет, жалпы әлеуметтік желі де аталған қарапайым төрт ережеге қарсы келетін, этиканың бұзылуына жол ашатын мақала мен жаңалықтар көптеп кездесетінін айтады.

Кейбір зерттеушілер (Baron & Reiss, 1985) еліктеушілік суицидтерді зерттеу, жалпы алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарының зорлық пен зомбылық мінез-құлқына әсер етуін зерттеу деп есептейді. Сонымен қатар, осы

тұста әлеуметтік оқыту теориясы шеңберінде іске асатын әрекеттерді негізге алады. Медиадағы суицид жаңалықтарының адам өміріне әсері туралы зерттеген ғалымдардың бір тобы Папагено эффектісін ұсынады. Соған қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдарындағы бейнелеудің жағымсыз және арандату әсерін көрсету үшін «Вертер әсерінде» көп зерттеуге арқау етеді. Ал зерттеушілердің бір тобы, өз өзіне қол жұмсау оқиғаларының алдын алу әсері үшін «Папагено» эффектісін алға тартады. Папагено эффектісін бақылау үшін кездейсоқ әдіс арқылы зерттеу жүргізген Niederkrotenthale мен Till келесідегідей тұжырымға келген. Өз-өзіне қол жұмсау әрекетінен аман қалғандар мен суицидтік ойлары бар немесе өз-өзіне қол жұмсау арқылы жақындарынан айырылған адамдардың оқиғалары Папагено эффектісі гипотезасының алдыңғы қатарында болды. Сондай-ақ олардың профилактикалық әлеуеті соңғы жылдары жалпы суицидтің алдын алып, оны болдырмаудың жолдарын жасау үшін көбірек таныла бастады (Суицидтің алдын-алу жөніндегі ұлттық Альянс, 2014). Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидтік ойлардың жеке тәжірибесін мойындаудың салдары өз өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алатынын байқатқан. Бірақ нақты тұжырымға келуге зерттеулер әлі жеткіліксіз екенін айтады.

Ирландияның суицидология қауымдастығының хатшысы, доктор Джон Коннолли көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мұны өте романтикалық әрекет ретінде ұсынады. Суицидті идеализациялау және оны проблемаларды шешудің ұтымды әдісі ретінде қолайлы ету, өте күрделі процестің түпкілікті нәтижесі болып табылатын нәрсені тым жеңілдету немесе басқаша түрде оған сенсациялық сипат беру. "Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе өз-өзіне қол жұмсаудың себептерін адамның өміріндегі ең жеңілтек түсінікке бағыттайды (Норрис & Джемсон, 2001с). Суицидке себеп болуы мүмкін оқиғаға сілтеме, өлімге әкелетін оқиғаға не себеп болуы мүмкін деген болжамдар (мысалы, некенің бұзылуы, қаржылық қарыз) аудиторияны әрекетке итермелеуге шақыруы ықтимал екенін ескертеді.

Сонымен қатар зерттеушілер медиа мамандардың ақпаратты жауапсыз жариялауы, медиа өнімге немқұрайлы қарауы, мысалы өзіне-өзі қол жұмсаудың немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттенудің нақты себепін өз күшімен анықтауға тырысып, оны аудиторияға белгілі бір себеп пен салдарға немесе соңғы болған оқиғаға таңып айту орынсыз деп санайды. Атап айтқанда, журналистер неке мәселесі, қаржылық қиындық, жұмысынан айырылу, жақынын жоғалту, жасөспірімдер үшін енді басталған махаббат әңгімелері мен емтихан ұпайларының төмендігі, белгілі бір мектеп қабырғасындағы қысымдар мен ортадағы жайсыздық және т.б. сияқты өлімге әкелетін оқиға туралы хабарлап, орын алған қазаның себепін жоғарыда аталған оқиғаларға, нақты сол жағдайларға байлап жазудан аулақ болуы керек екенін ескертеді (The Samaritans, 2013). Мұндай репортаждар қайтыс болған адамның отбасы мен достарының қайғысын одан әрі арттыратынын есте ұстауға шақырады (Chapple және т.б., 2013).

Осы уақытқа дейінгі зерттеулер нәтижесі медиадағы суицид тақырыбы жастар арасында және әсіресе егде жастағы адамдар арасында бұқаралық ақпарат құралдарынан туындаған жұқпалы әсердің көбірек атап өтілуі орта жастағы адамдардың суицид деңгейі имитацияланған суицидпен азырақ байланысты деген қорытындыға да келген (Stack, 2000b). Мұның себебін – орта жастағы адамдар үшін суицидтік өмір жағдайларының салыстырмалы түрде төмен деңгейінің болуын былай түсіндіреді. “Қарт адамдарға қарағанда орта жастағы адамдардың денсаулығы жақсы және қаржылық жағдайы тұрақты. Ал оларды жастармен салыстырғанда неке, отбасы, жұмыс, экономикалық тәуелдік немесе ұзақ жылдар бойы бойға сінген, жүйеге енген “ұят” ұғымы сияқты қалыптарда өздерін ұстау, ата-ана мен отбасы арасындағы еркін қатынасқа жете алмау және саясатты қамтитын қоғамның институционалдық құрылымына көбірек бейімделген” – дейді (Stack, 1991). Luce (2016) стигматизация және сенсациялық репортаждарды жою үшін төрт қарапайым ережені жасады.

Самариялық зерттеушілер «Ыстық нүкте» – ұғымын еске салады. Бұл суицидке қатысты екі мағынаның біріне ие болатын ауызекі тілдегі термин. Біріншіден, ол белгілі бір географиялық аймаққа, соның ішінде қала, ауыл, облыс деңгейіндегі аймақтарға қарамастан, сілтеме жасай алады оның тұрғындары арасында, мысалы, белгілі бір қалада өзін-өзі өлтірудің салыстырмалы түрде жоғары деңгейін көрсетеді. Мысалы, Түркиядағы Босфор көпірі немесе дәл осы сияқты белгілі бір елдегі атақты орындарды мақалада атап өту “ыстық нүктені” бекіте түседі дейді. Екіншіден, бұл оқиға орыны ретінде жиі пайдаланылатын көпір сияқты белгілі бір мекен жайды көрсетуі мүмкін. Өз-өзіне қол жұмсау нәтижесінде танымалдыққа ие болған сайт, әсіресе бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен хабарланса, адамдарды осы сайтқа тартып, оны суицид оқиғаларының белгілі ақпарат құралына айналдыруы мүмкін.

Sakarya және оның зерттеу тобы (2013) дәл осы тақырып аясында келесідей нәтижеге қол жеткізген. Олар өздерінің «Интернеттен суицидті іздеу: суицидке негізделген мазмұнға сәйкес интернет веб-сайттарын талдау» еңбегінде интернет қолданушылардың мына кілт сөздер арқылы материалдар іздейтіні анықталған. Олар: «өзіне қол жұмсау әдістері»; «ауыртпалықсыз суицид»; «кепілдендірілген өлім суициді»; «өзіңді өлтіру»; және «қалай өлемін?» Демек, медиа саласындағы мамандар да осындай мазмұндағы сұрақтарға жауап болатындай мақала жазудан алыс болуы керек.

Аталған зерттеу нәтижесінде, Sakarya бастаған ғалымдардың тексерген 100 веб-сайттың 42-сінде (42%) болашақта ықтимал суицидке итермелейтін және 13-інде (13%) осындай оқиғалардың алдын алатын мазмұн бар екені анықталған. Сонымен қатар, аталған 13 веб-сайттың ешқайсысында кеңес беру қызметін көрсету үшін психикалық денсаулық саласында жұмыс істейтін мамандар жұмыс істемейтіні анықталған.

Әдебиетке шолуымыздың нәтижесінде, бұқаралық ақпарат құралдарындағы репортажға немесе кез келген медиа өнімге жауапты болу

суицидтік мінез-құлыққа қалай әсер етеді деген сұрақ әлем үшін де әлдеқайда қызықты және қиын екен түсіндік. Зерттеулердің басым көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарында суицидтік мінез-құлық пен нақты суицидті көрсету байланысты деген идеяны қолдайды. Ағымдағы шолу нәтижелеріне сүйене отырып, бұқаралық ақпарат құралының жауапсыз хабарларының арандатушылық нәтижелері туралы көбірек зерттеулер жасалғаны байқалды. Сонымен қатар, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынғандай, халықты суицид проблемасы туралы ақпараттандыру міндетін денсаулық сақтау қызметкерлерімен тығыз байланыста жасаудың маңызы зор екенін зерттеулер дәлелдейді. Сондай-ақ келешегі бар стратегияны құру үшін бұқаралық ақпарат құралдарына да күш беру керек дейді.

Әдебиетке шолу барысы аңғартқандай, суицид тақырыбының қоғамға ықпалын азайту үшін тек бір ғана бағыттағы іс-шаралар мен жоспарды немесе бір ғана редакция мен ұйымға тиесілі нұсқаулықтарға сүйеніп, оларды орындап қана қоймай, жан-жақты жақсарту жұмыстарын талап ететінін аңғаруға болады.

Вертер эффектiсi (The Werther effect)

Аяқталған суицид туралы және оған бұқаралық ақпарат құралдарының әсері, нақтырақ айтқанда, суицид тақырыбындағы жаңалықтардың халықтың мінез-құлқына ықпал етуі арасындағы байланыс әлі күнге дейін әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеу нысанының маңызды бөлігіне айналып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтар, медиа өнімдер мен визуал мәлімдемелер және кейінгі суицид оқиғалары арасындағы байланыстың алғашқы дәлелдерінің бірі – Гетенің "Жас Вертердің қайғысы" шығармасы. Аталған оқиғаның жарияланған кезеңінен бастап медиада жаңа термин пайда болады. Бұл еңбекте кейіпкер өзінің сүйіктісіне қол жеткізе алмағандықтан, өзін-өзі өлтірген дейді. Еуропаның бірнеше елдерінде суицидтің көбеюі кітап авторының кейбір оқырмандарына кейіпкердің басынан өткен оқиғасы тікелей әсер етіп, олардың Вертер стилінде өз-өзіне қол жұмсауға мәжбүр етті деген пікірге саяды (Торсон және Оберг, 2003).

Вертер оқиғасы тарихта ең танымал суицид жағдайларының көшін бастайды. 1974 жылы американдық әлеуметтанушы Дэвид Филлипс қоғамда орын алған қандай да бір суицид оқиғасынан кейін дәл сондай сипаттағы оқиғалар жиі қайталанады және көбейеді деген идеяға сілтеме жасау үшін «Вертер эффектiсi» терминін енгізеді. Қарапайым тілмен айтқанда, жаңа термин «суицидтің әсері» деп аталады. Суицид оқиғасын егжей-тегжейлі баяндау аудиторияның еліктеушілік қабілетін оятады және оның негізгі көзінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады деген тұжырымды алға тартады (Hittner, 2005с). Тұжырымның растығын дәлелдейтін негізгі әрі өте танымал оқиғалар мен тәжірибелерді ұсынады. Соның бір дәлелі Гетенің романы халық арасына кең көлемде таралғанын көптеген зерттеу еңбектер жазады. Сонымен қатар Германия, Дания және Италия сияқты елдерде жастар арасында Вертер

эффектісінің суицид белгілері анықталып, кейіпкердің сәтсіз махаббаты мен орын алып жатқан оқиғалардың байланысы үшін өзін-өзі өлтіретін роман деп баға беріледі. Сонымен қоса, Еуропа елдерінде аталған еңбектің таралуына тыйым салынады (Phillips, 1974).

Роман мазмұнын кей еңбектерде былай баяндайды: “Ол етік, көк пальто киіп, үстелінде кітабын ашып қойып отырады және өзін атып тастайды”. “Жас Вертердің қайғысы” шығармасының жарық көруі Еуропа елдерінде өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларына ұласты. Өз-өзіне қол жұмсап қайтыс болғандарға кітап әсер етті деген пікір белең алады. Себебі олар романды оқығандар Вертерге ұқсас киім киді, оның әдісін қайталады және суицид болған оқиға орнынан кітаптың табылған жағдайлары жиі кездескенін айтады. Мысалы, Еуропада бір жас жігіттің өзін суық қарумен өлтіріп, оның жанынан аталған кітапшаның көшірмесі табылған болса, дәл осындай оқиға мысалында өзге бір жас жігіт өзін терезеден лақтырып жібергені және жас қыздың суға батып кеткені де айтылған. Кітаптың көшірмесін қалтасына салып, тағы бір жас әйел кітаптың бір данасын жастығының астына алып, төсекте өз өмірін қиды. Олардың соңғы сөзі: «Аман бол, менен үлгі алмаңдар» – деген мазмұндағы дәйексөз болғанын ғалымдар зерттеулерінде қолданады (Pirkis және басқалары, 2006а). Жоғарыда көрсетілген біріне бірі ұқсас оқиғалардың бір уақытта бірнеше жерде орын алуы, сонымен қатар орын алған суицид оқиғаларына ортақ бір жағдайдың болуы, яғни, барлық марқұмның жанынан Вертер шығармасының табылуы – суицидтің жұқпалы әрекет екенін аңғартады.

Филлипс пен оның әріптестері осы уақытқа дейін, әлеуметтік ғылымдар саласында бұқаралық ақпарат құралдарының келесі тақырыптарға, яғни: өзін-өзі өлтіру, кісі өлтіру және агрессивті мінез-құлықтың басқа да түрлеріне әсері туралы көптеген мақалалар мен еңбектер жариялайды. Вертер әсерінің маңызды алғышарттары еліктеушілік суицидтердің өз-өзіне қол жұмсау салдарынан қайтыс болған адамдарға берілетін бұқаралық ақпарат құралдарының жарнамасының санына тікелей пропорционалды түрде артады деп күтілуінде еді. Бұл термин қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарындағы суицид бейнелері мен имитациялық әрекеттер, соның ішінде аяқталған суицид, суицид әрекеттері мен суицидтік ойлар арасындағы болжамды сипаттау үшін де қолданылады. Атап айтқанда, Филлипс пен әріптестерінің ұзақ жылғы зерттеулер нәтижесі бұқаралық ақпарат құралдарының жариялылығының көп болуы (яғни, оқиғаны таратқан теледидар желілері, интернет басылымдар мен газет, журналдар, соған қоса танымал еңбектер мен көркем шығармалар) байқалған суицидтердің көбірек өсуімен де байланысты екенін анықтады.

«Вертер әсері» термині «суицид оқиғасы [БАҚ-та] жарияланғаннан кейін... суицидтер санының артуы» деген мағынада қолданылады. «Суицидті жұқтыру», «Суицидке еліктеу», «Көшірме суицид» терминдері көбінесе Вертер эффектісімен алмастырылады, бірақ терминдер бір-бірімен байланысты болса да, соңғы терминді осы сөздің мағынасы үшін нақтырақ деп есептейді

ғалымдар. Демек, еліктеу сөзіне қарағанда суицид оқиғасындағы әдісті “көшіріп басу” әрекетін аталған эффектімен теңестіре алудың мағынасы бар екенін айтады. Вертер эффектісін өзін-өзі өлтіру индексі бұқаралық ақпарат құралдарында сипатталған суицидтің жұқпалы түрі ретінде қарастыруға болады дейді. Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидті кеңінен жариялау жаппай суицидке еліктеуге әкелуі мүмкін деп есептелді. Сондай-ақ суицидтік мінез-құлық туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларының еліктеу әсері бұрыннан да бар екенін зерттеушілер ғылыми еңбектері мен дәлелденген зерттеулерінде де жиі жазады.

Еліктеушілердің, яғни психикалық осал топтағы адамдардың өз-өзіне қол жұмсауы туралы жүйелі ғылыми зерттеулер Дэвид Филлипстің 1970 жылдағы жұмысынан басталғанын зерттеушілер жоққа шығармайды. Ал танымал адамдар арасындағы ең үлкен еліктеу әсері әйгілі кино жұлдызы Мэрилин Монроның 1962 жылы тамыздағы суицидінен кейін тіркелген дейді. Зерттеулерде оқиға орын алғаннан кейін, яғни жұлдыздың қазасынан соң бір ай ішінде 303 жағдай орын алған. Жұлдыздың өліміне қатысты әңгімелер бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған айда жалпы суицид деңгейін 2,51%-ға арттырған (Stack, 2003a). Яғни, жоғарыда аталған суицид оқиғаларының әсіресе жастар арасында, әлеуметтік тақырыптарды, медианы оқуға бейім болуы мүмкін топтың арасында маңызды әрі айтарлықтай ықпалын тигізгеніне дәлел бола алады (Gould және басқалары, 2003). Мүмкін, аудитория іздеу жолағына өзін әрекетке еліктеуді көрсететін суицид туралы ойларға (мысалы, «өзінді қалай өлтіруге болады») бағытталғанын байқау ең қорқынышты дейді ғалымдар. Жалпы, деректер бұқаралық ақпарат құралдары суицид оқиғаларын шектен тыс жариялаған кезде немесе адамдар өз-өзіне қол жұмсау жағдайларына тап болғанда (шынайы суицид оқиғалары немесе ойдан шығарылған жазбалар) жиі суицидтің немесе суицидке байланысты мінез-құлықтың артуымен байланысты болатынын жиі көрсетеді.

Вертер эффектісі дәстүрлі ойын-сауық бағытындағы бұқаралық ақпарат құралдарына қаншалықты әсер ететінін де ғалымдар бақылап көрген. Дәстүрлі ақпараттық бұқаралық ақпарат құралдарының зерттеулеріндегідей, оларда белгілі бір медиа ынталандыру (әдетте өзін-өзі өлтіруді бейнелейтін телешоу немесе фильм) ұсынылғанға дейін және одан кейін белгілі бір аумақта аяқталған немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттену көрсеткіштері қарастырылатын экологиялық дизайн қолданылады. Бұл зерттеулердің шолулары олардың осы ақпарат құралдары арқылы жұмыс істейтін Вертер әсеріне күшті дәлелдер беретінін анықтады, бірақ жалпы дәлелдер дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда екіұштырақ (Pirkis & Blood, 2010). Суицид әрекетінде бұқаралық ақпарат құралдары, оған қоса фильмдер, танымал көркем шығармалар мен кітаптар нақты және ойдан шығарылған модельдер ретінде қызмет ете алады. Бұл пікірдің аздаған зерттеулерде ғана сынға ұшырағанына қарамастан, еліктеу әсерінің көптеген дәлелі бар.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы суицид оқиғаларының нақты әлемдегі суицид оқиғаларына әсері туралы жарияланған еңбектер мен ғылыми жұмыстардың нәтижелерінде сәйкессіздіктер де болған. Жоғарыда келтірілген мысалдар тәрізді кейбір зерттеулер суицид туралы кеңінен жарияланған оқиғадан кейін суицид әрекеттерінің айтарлықтай өсуін анықтаған болса, кей жұмыстардың қорытындысы бойынша, керісінше, ешқандай нәтиже көрсетпеген зерттеулер де болған. зерттеулері дәлелдейді. Өткен зерттеулер көрсеткендей, аяқталған суицид туралы жаңалық ойлар мен әрекеттерден гөрі кейінгі суицидтік мінез-құлықпен байланысты болды.

Өз-өзіне қол жұмсау күрделі құбылыс және бір емес, бірнеше себептің әсерінен орын алатын жағдай екенін, қандай жағдайда да оны бір ғана оқиғаның әсерінен орын алатын жеңіл құбылыс ретінде көрсетуден аулақ болу керек екенін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да айтқан болатын. Вертер әсерін жою – денсаулық саласы, психологиялық мекеме және медиа мамандар үшін де ұтымды әрекет болғанымен, алдын ала басқа да бірқатар стратегиялардың анықталуы және жүйелі жоспарлардың іске асуы арқылы ынталанады. Жалпы алғанда, зерттеулер нәтижесі аудитория мен оқырманның бұқаралық ақпарат құралдарындағы суицид материалдардан кейін бұл әрекетті жеке өмірлік мәселелерді шешудің ұтымды жолы деп қабылдағандықтан және осыған ұқсас жағдайларда тығырықтан шығудың нұсқаулығы ретінде көру, еліктеу суицидті модельдеу де маңызды рөл атқарады деп айтылады. Jane Pirkis өзінің “Suicide and the media” еңбегінде (2009a): “Вертер эффектісі нақты екенін білеміз: жаңалықтар мен ойын-сауық ақпарат құралдарында суицидті бейнелеу, сөзсіз, еліктеу мінез-құлқына әкелуі мүмкін, бұл суицидтің аяқталу және әрекет ету деңгейінің статистикалық маңызды өсуімен дәлелденеді” – дейді.

Осы тұста, жалпы суицид әрекетін зерттеу және оның медиа арқылы көбеюі немесе азаюы тұрғысынан, қоғамға адамның өмір сүру қабілетінің іргелі сұрақтарын қамтитындықтан және қайғыға, ауруға, азапқа, қысымға, үмітсіздікке және, ең алдымен, өлуді қалауға жауап берудің ең дұрыс тәсілдері қандай, – деген сауалдың маңызы зор. Себебі суицидологиядағы зерттеу әдістемесін талқылау кез келген ақпаратты тұтынушы адамның өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қарауды білдіреді. Өзін-өзі өлтіру оқиғаларының рөлі мен құндылығы, одан кейінгі қоғамға әсері және олардың мағына мен күш беру қабілеті оларды этикалық қырынан ойлануға мәжбүрлейді. Бұл бір елдің редакциясына ғана емес, әлем елдерінің ортақ медиа кеңістігі үшін де алаңдаулы жағдай.

Еліктеушіліктің алдын алу үшін барлық тиісті факторлар бар, атап айтқанда, этика туралы ескертулер бұқаралық ақпарат құралдарының барлық ұсыныстарына біріккен жағдайды және олардың жаңа медиа ережелерімен бірге қарастыратыны туралы әлі белгісіз дейді зерттеушілер. Соған қарамастан медиалардағы этикаға қайшы элементтер мен аспектілерді байқап, салыстырып, халықаралық нұсқаулықтар шеңберінде талдау жасап, оны ұсыну – алдағы уақытта бұл тақырыптың кейінге қалуына жол бермейді.

Final Exit кітабы (Соңғы дем)

Суицид әдістерінің жұқпалы болуы туралы келесідей мысалдар мен дәлелдер бар. Соның бір дәлелі ретінде ғылыми жұмыстарда Final Exit кітабы да кездеседі. Кітап мазмұны айықпас дертке шалдыққан адамдарға нұсқаулық ретінде тұншығу әдісін жария қылған. Кітап жарыққа шыққан жылы Нью-Йоркте тұншығу әдісімен суицид саны сегізден отыз үшке дейін өскен. Сонымен қатар Final Exit кітабының көшірмесі суицид болған орынның 27%-ынан табылған (Stack, 2003b). Бұл оқиғаның контекстінен де Вертер эффектісінің әсері байқалады. Демек, суицид оқиғалары мен ондағы әдістің анық әрі егжей - тегжейлі жазылуы белгілі бір деңгейде аудитория назарын қамтитыны және көшіріп басу әрекетіне жол ашатыны анық. Осы уақытқа дейінгі зерттеулер көрсеткендей, депрессия күйінде жүретін адамдар және өзіне-өзі зиян келтіру тарихы бар адамдар бұл имитациялық әсерлерге көбірек ұшырайды және олардың әсері қайтыс болған адаммен бірдей. Олар жыныстық және жас ерекшеліктері бойынша ұқсас адамдарды іздейді. Еліктеу қаупі өзін-өзі өлтіру әдісінің егжей-тегжейлі сипаттамасын беру, әсерлі және графикалық есеп беру әдістерімен жоғарылайтынын да жоққа шығармайды.

Өз-өзіне қол жұмсау сияқты, жаппай еліктеу, көшіріп басу орын алған кезде, ұқсас мінез-құлықтардың пайда болу қаупі арта түседі. Кейбір зерттеулер алғашқы жаппай суицид жасау немесе өзіне қол жұмсаудың басқа да әдістерін пайдаланған кезде келесі 13-14 күн ішінде орта есеппен басқа оқиға орын алатынын анықтаған (Kissner, 2016; Towers және басқалары, 2015). Негізінде, бір шабуыл екіншісін тудыратыны сияқты – еліктеу немесе «жұқтыру» әсері де дәл сондай логикамен көрініс табады. Басқа зерттеулер көрсеткендей, суицид ойында жүрген осал топтағы адамдар бұрынғы өзіне қол жұмсау әрекеттерін шабыт көзі ретінде көріп, олардың тілін, киімін, әдістерін немесе басқа да мінез-құлқын айнытпай көшіреді.

Gould бастаған зерттеушілер тобы (2014) Америка Құрама Штаттарында суицид туралы хабарламаларды бұқаралық ақпарат құралдарынан оқыған және көрген 15 пен 19 жас аралығындағы жасөспірімдердің өз - өзіне қол жұмсау қаупі басқа жас топтарына қарағанда 2-4 есе жоғары екенін анықтаған. Осы жастағы тұлғалардың психологиялық ахуалының әлсіз екендігі және еліктеуге бейімдігі дәлелденген. Сонымен қатар, газетте жарық көрген мақалалар мен репортаждардың көлемі де, әдістері де суицид кластерлерімен айтарлықтай байланысты болған, әсіресе суицид туралы жаңалықтарды алдыңғы бетке орналастыру, суреттердің болуы, "суицид" сөзі бар тақырыптар, қолданылған суицид әдісі туралы мәліметтер, орын алған оқиғаға себеп іздеу және нақты атауларды жариялау сияқты көрнекіліктер әсер еткен (Gould және басқалары, 2014).

Папагено эффектісі (The Papageno effect)

“Суицид туралы хабарлардың барлығы суицид деңгейінің өсуіне әкелмейді” – бұл да ғылыми жұмыс пен зерттеудің тұжырымдамасы. Өзін-өзі өлтіру туралы хабарлау мен бейнелеуді өзгерту арқылы бұқаралық ақпарат құралдары суицидтің алдын алуға, яғни өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің орын алмауына үлес қоса алады. Бұл Вена экспериментінде дәлелденген, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауындағы өзгерістер метродағы өзіне-өзі қол жұмсау және өзін-өзі өлтіру әрекеттері санының 80%-ға төмендеуіне әкелді (Etzersdorfer және Sonneck, 1998). Мысалы, суицидтік дағдарысты сәтті жеңген, психологиялық ауыр кезеңнен тұрақтылықты сақтап өткен адамдар туралы жаңалықтарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату суицидті азайтуға әсер еткені туралы дәлелдер бар. Ғалымдар бұл құбылысты Папагено эффектісі деп атайды.

Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу тұрғысынан алғанда, суицид туралы жаңалықтар мен ақпараттық материалдардың, репортаждар мен сюжеттердің Вертердің зиянды әсерін азайтуға немесе одан да жақсырақ жоюға және Папагено эффектісінің пайдалы әсерлерін жеңілдетуге бағытталған жауапты хабарлау принциптерінің жиынтығына сәйкес келуі маңызды. Бұл өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алады. Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер бұқаралық ақпарат құралдары халықты психикалық аурулардан емдеу туралы ақпаратты түсінікті тілде жеткізіп, оған қоса аталған материалдарды тиісті аудиторияға тарату арқылы суицидтің алдын алу шараларын қолдайтынын хабарласа, ал басқалары суицид туралы бұқаралық ақпарат құралдарының теріс хабарын, яғни суицидтің «тартымды еместігін» атап көрсетеді.

Шынында да, зерттеушілер медианың өзін-өзі өлтіруді қолайсыз сипаттамалар арқылы жеткізгенде яғни қате, қорқынышты, азапты немесе кемсітетін әрекет ретінде немесе суицидке бейім адамдарды девианттар ретінде көрсеткенде, бұл еліктеу ықтималдығын әлсіретуі мүмкін екенін анықтады. Суицид жасамақ болған адамдардың сол сәттегі әрекетін, ойын, сезімдері мен эмоциясын ашық жазу арқылы суицид статистикасын түсіре алуға мүмкіндік болады деген ойды қуаттайды. Сондай-ақ, Niederkrotenthaler және басқа зерттеушілердің бір тобы өз-өзіне қол жұмсауды ойлаған, бірақ кейін қолайсыз жағдайларды сындарлы түрде жеңген адамдар туралы есептер беру, олардың оқиғасын этика шеңберінде баяндау суицид деңгейінің қысқа мерзімді төмендеуімен байланысты екенін анықтады (Niederkrotenthaler және басқалары, 2010с).

Алайда, зерттеушілер суицидтің алдын алудағы бұқаралық ақпарат құралдарының ролі, яғни ықтимал әсері туралы 56 зерттеудің жүйелі шолуы аталған эффектінің қорғаныс әсерін, өкінішке қарай, растамады (Sisask және Värnik, 2012b). Сонымен қатар, Sinyor және басқалары (2018b) суицидтік әрекеттің қолайсыз сипаттамалары немесе суицидтік ойларды жеңуге болатын хабарламаларды тарату сияқты ең болжамды қорғаныс факторлары бұқаралық

ақпарат құралдарында төмен базалық көрсеткіштерге ие және суицидтердің аз санымен байланысты емес деп хабарлады (Sisask & Värnik, 2012c). Нәтижелерге сүйене отырып, суицид туралы хабарлау кезінде “баяндау, сипаттау” маңызды деген идеяны қолдайды. Мысалы "Вертердің" атақты суицид пен оның әдістері сипатталған оқиғалардан кейін суицид жағдайлары көбірек орын алған болса, "Папагеноның" суицидтік мінез-құлыққа жеңіл әрі тиянақты сипаттама беріп, дағдарыстан аман қалу және оны жеңу туралы әңгімелері, басынан өткен оқиғалары мен сол сәттегі сезімдерін бөлісуі арқылы кейінгі суицидтердің аз болуына әсер еткенін анықтаған еді. Десе де, бұл нәтижелер имитациялық суицидтің алдын алу шараларына негіз бола алады.

Суицидтің алдын алудың тиімділігін зерттеуге бағытталған еңбектер мінез-құлықтың алдын алуға болатынын, хабарды белгілі бір аудиторияға бейімдейтінін, өзін-өзі өлтіруді дәріптемейтінін немесе романтизациялауға жол бермейтінін, қайтыс болған адамның жеке ақпаратын қасақана жасырмайтынын, суицидті түсініксіз деп көрсетпейтінін, өзін-өзі өлтіруді орынды деп көрсетпейтінін дәлелдеуге бағытталады. Демек, Папагено эффектісінің де әсері жоққа шығарылмайды.

Кезекті бір зерттеудің мазмұны мына идеяны алға тартады: “Өз-өзіне қол жұмсауды түсіну үшін уақыт өлшемі маңызды, өйткені суицид тәуекелінің нақты мезгілі белгіленбейді, керісінше процесс ретінде дами береді (Kerkhof және Arensman, 2001). Кәдімгі қарапайым түсінікке сәйкес, суицидтік процесс уақыт өте келе дамиды, яғни адам бірінші өлуді қалайды, ойлайды, жоспарлайды және ақырында соған әрекет етеді, демек өзіне қол жұмсау әрекеті кезінде әрбір келесі кезең сайын өзіне-өзі қол жұмсау қаупі арта түседі (Vasa-Garcia және басқалары, 2011). Алайда мұндай реттілік әрқашан байқалмайды. Кейбіреулер үшін процесс кезеңдер арасында ауытқуы мүмкін. Алайда мұндай реттілік әрқашан байқала бермейді. Кей адамдар үшін кезеңдер реттілігі өзгереді.

Соған қарамастан, өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген адамдардың әңгімелеріне негізделген зерттеулердің қажеттілігі анық екенін әлеуметтанушы ғалымдар жоққа шығармайды. Сол себепті, бұқаралық ақпарат құралдарынан суицидке шақыру деген түсінік те бар. Егер редакция танымал адамдардың өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары туралы жалпы жұртшылыққа үздіксіз хабарлауден сақ болуы керек. Себебі әйгілі адамдар жасаған суицид немесе өзіне ауыр зиян келтіру туралы жұртшылықты хабардар етуге аз көңіл бөлінсе, салдарлы суицид қаупін азайтуға болады (Pourmand, Roberson, Caggiula және басқалары, 2019d). Жеке тұлғаларға өздерінің сенімдері мен тәжірибелерін әлеуметтік парақшаларында бөлісуге рұқсат етілуі мүмкін, бірақ денсаулыққа қатысты күрделі дилемма мен диагноз немесе өзіне қол жұмсау әрекетіне бағытталған ойлары мен жоспарын егжей-тегжейлі сипаттайтын хабарламалар мен жазбаларды бақылау және бағалау қажет. Себебі аталған хабарламалардың ұзақ әрі қысқа мерзімді әсерлері бар. Бұл туралы “Әлеуметтік медиа және

суицид: технологияға негізделген эпидемиологияға және тәуекелді бағалауға шолу” еңбегінде айтылады (Pourmand және басқалары, 2019e).

Бұқаралық ақпарат құралдарының өз өзіне қол жұмсау оқиғаларын хабарлау бойынша мамандар ескертетін талаптың бірі, егер марқұмның медициналық диагнозы немесе қандай да бір бекітілген ескертпесі болса, оны міндетті түрде жаңалық та көрсету маңызды. Себебі медициналық сақтандырудың тасымалдануы және жауапкершілігі туралы заңда психикалық денсаулық пен суицид қаупіне қатысты жеке пациент туралы ақпаратты дұрыс өңдеуге қатысты арнайы тіл мен саясат бар (АҚШ Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету департаменті, 2017)

Яғни, суицидке ұмтылған немесе өзіне қол жұмсау әрекетін жасаған тұлға қатысты арнайы тілдегі ақпаратты тарату оқырманның құбылысты басқаша көруіне мүмкіндік береді. Соған қарамастан, аталған дерек пен мәліметті журналист өз бетімен хабарламай, оны медициналық немесе психикалық денсаулық маманы жеткізудің әсері зор. Кейбір зерттеушілер өз-өзіне қол жұмсау тақырыбын зерттеудің қолайлылығын бағалау кезінде этикалық комитеттер тым консервативті көзқарасты ұстанады, бұл әсіресе осы салада жоғары сапалы зерттеулер жүргізу мүмкіндігін шектейді деген пікірді алға тартады. Тіпті, мына бір “Қиын уақыттардың хронологиясы: суицидке әрекеттенушілермен сұхбаттасу кезінде визуалды хронологияны пайдалану” атты зерттеу материалында этика комитетінің суицидтік зерттеулерге қатысуы ешбір зерттеулер суицидтік мінез-құлық немесе ойлар туралы сұрау олардың жиілігін немесе қарқындылығын арттыратынын нақты көрсеткен жоқ деген ойды үзілді-кесілді хабарлайды (Dazzi және басқалары, 2014). Аталған зерттеуді іске асыру барысында авторлар өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген адамдармен сұхбат өткізеді және оның мақсаты суицидке әрекеттенген оқиғалардың хронологиясы туралы толық ақпарат алу болды.

Хронологияның ұзақтығы әр респонденттің қабылдауына байланысты өзгеріп отырды, бірақ сұхбат беруші өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің сол кездегі нәтижесін орын алғанын түсіну үшін сол күнгі оқиғалар туралы сұрақтар қойылған. Онымен қоса, қажет болған жағдайда зерттеуге қатысушыға медициналық процедуралар үшін үзілістер де берілген. Қатысушылардың көпшілігі сұхбатты бір сессияда аяқтай алғанын айтады (Rimkeviciene, Gorman және басқалары, 2016).

Сонымен қатар, көптеген зерттеулер суицидтік ойлар мен мінез-құлық туралы егжей-тегжейлі сұрақтарға жауап бергеннен кейін суицидтік ойлар және өзіне зиян келтіру төмендегенін көрсетеді. Қатысушылар өз-өзіне қол жұмсау туралы сапалы сұхбаттарға қатысудың зиянды әсерлерінен гөрі артықшылықтары, яғни оң нәтижелері көп болғанын жиі сипаттайды, мысалы, жақын адаммен сөйлесу мүмкіндігі, сезімдердің босануы және жаңа көзқарасқа ие болуы. Суицид әрекетіне ұмтылған немесе сондай ойда болған адамдармен жасалған терең сұхбаттардың негізгі мақсаты суицид әрекетінің алдындағы оқиғалар мен ойлар және эмоционалдық реакциялар туралы

ақпаратты жинау болған. Дегенмен, суицид туралы сұхбаттарға қатысқан адамдардың аз бөлігі жағымсыз тәжірибелер туралы бөліскенін де зерттеушілер мойындайды. Бірақ бұл зерттеу нәтижесінің соңғы интерпретациясы мен ондағы қорытындыға тәуелді болады дейді.

Десе де, суицид әдісін медиада айтудың салдарынан дәл сондай оқиғалардың белең алуы мен статистикалық көрсеткіштің өзі қандай жағдайда да медианың ықпалы бар деген ойды жоққа шығара алмайды. Демек, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мына жағдайларда: суицид жасау, әрекетке көшу және суицидке ұмытылыс ойларымен күресудің стратегияларын ашық әрі нақты ұсынғанда немесе қолайсыз өмірлік жағдайларды шешудің басқа жолдарын атап көрсеткенде, өз өзіне қол жұмсау жағдайларының алдын алуға мүмкіндік бар деген тұжырымға келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары жалпы орын алған суицидтерге әсер етуі мүмкін жалғыз әрі соңғы айнымалы болмаса да, бұл – маңызды.

Зерттеу жұмыстың теориялық негіздемесі ретінде негізгі және қосымша теориялар қарастырылды. Осы тұста қысқаша, элеуметтік оқыту теориясы элеуметтік ғылымнан алыс болғандықтан, көп жағдайда, адамның мінез-құлық әрекетіне жақындайды. Сонымен қатар жеке ойдан гөрі элеуметтенудің элеуметтік контексіне баса назар аударады. Адам өз-өзіне қол жұмсау арқылы өмірлік мәселелерін (мысалы, ажырасу, қаржы қиындығы, ата-ана, баламен қатынас, жұмыстағы келеңсіз жағдайлар және айықпас ауру немесе т.б.) шешетін өздеріне ұқсас проблемалы адамдар бар екенін біледі.

Қоғамдағы психикалық тұрақсыз адамдар өз-өзіне қол жұмсау туралы әңгімелердегі адамдардың мінез-құлқын көшіре алады. Әрекетті көшіруші адам ешқандай сыни ойлау мен пайымды қоспай, өз өміріне ұқсас картинаны сол қалпында іске асырады. Түсіндірудің неғұрлым күрделі жиынтығы дифференциалды сәйкестендіруді оқыту процесінің айналасында жүреді. Мысалы, егер адамдар танымал адамдардың суицидіне еліктеуге бейім болса, олар қарапайым адамдардың суицидтерінен гөрі танымал жұлдыздардың суицидтерін көбірек көшіреді деп күтіледі. Мысалы, элеуметтік оқыту теориясына сүйене отырып (Pirkis, 2009b) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өзіне-өзі қол жұмсау туралы ұсыныс адамдарға өз өмірін қалай аяқтау керек екенін үйретуі мүмкін деген қорытындыға келеді.

Культивация теориясы (Cultivation theory)

Өз-өзіне қол жұмсау тақырыбы мен журналистиканың қандай байланысы бар екендігі жиі пікірталас тудыратын тақырып дейді ғалымдар. Соған қарамастан, қоғамдағы, оның ішінде аудитория жасы мен жынысына қарамастан, орын алатын суицид оқиғасының белгілі деңгейде өсуі немесе кемуі бұқаралық ақпарат құралдарының шеңберіне “этика”, “көшіру”, “еліктеу”, “жауапты хабарлау”, “зиян тигізбеу” терминдерін алып келді.

Культивация теориясы – бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін зерттеу үшін Джордж Гербнер мен Ларри Гросс (1976) әзірлеген бұқаралық коммуникация теориясы. Ол медиа мазмұнға ұзақ уақыт әсер ету аудиторияның шындықты қабылдауын қалыптастыра алады деп тұжырымдайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалын жеке адамдардың біліміне, көзқарастарына, пікірлеріне немесе мінез-құлқына әсер ететін қысқа немесе ұзақ уақытқа созылатын процесс ретінде анықтауға болады (Lazarsfeld, 1948).

Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидті жариялау контекстінде культивация теориясы суицид туралы ақпаратқа үнемі ұшырайтын адамдардың ықтималдығы жоғары екенін көрсетеді. Аталған теорияға қатысты зерттеушілер теледидар көрермендердің қабылдауын, сенімдерін, көзқарастарын және құндылықтарын, өмір сүру қозғалысы мен қабылдауын қалыптастырудағы рөліне қатысты әлеуметтік – мәдени теория деген анықтама да береді (Gerbner және Gross, 1976)

Культивация теориясы бұл зерттеу жұмысында қалай рөл атқарады деген сауалға жауап іздейтін болсақ, медиадағы қандай да бір ақпарат аудиторияның оны оң немесе теріс қабылдауына және оны өмір салтына енгізуіне айтарлықтай әсер етеді. Себебі, культивация мәдени теория болғандықтан, үш құрамдас бөлік – медиа институттар, хабарламалар өндірісі және көрермендерге хабардың әсерлерінен тұрады. Демек, осы үш құрамдас бөлік бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен, үшінші құрамдас бөлік, хабардың көрерменге әсері көптеген медиа зерттеулерінің негізгі бағыты болып келеді. Қарапайым түрде, бұл адамдардың бұқаралық ақпаратты оқуға, көруге, кілт сөздер арқылы іздеуге немесе өзіне қажет мәліметке қол жеткізу кезеңінде жұмсайтын уақыты мен көрермендердің әлем туралы сенімдері мен қабылдауы арасындағы қатынасты әрі байланысты сипаттайды.

Кастерс пен Ван ден Булк 2013 жылы теледидар көру мен жыныстық зорлық пен зомбылықтан қорқу арасында байланыс бар екенін атап өтті. Бұл зерттеу нені аңғартады, яғни көрермен, яки аудитория, теледидар арқылы көрген зорлық пен зомбылық, тұрмыстық қысым мен гендерлік теңсіздікке қатысты стереотипке толы материалдар болсын, қылмыстық істер мен суицидке бастайтын әрекеттер болсын тура сол қалпында өздеріне қабылдайды және психикалық күйлеріне енгізеді. Кастерс пен Ван ден Булктің зерттеу жұмысына 546 фламандиялық әйел қатысқан (Lai, Chung және басқалары, 2015). Бұл зерттеудің қорытындысы мынадай тұжырымды тудырады: Демек, бұқаралық

ақпарат құралдарынан оқыған немесе арнайы репортаждар контентінен көрген көріністер аудиторияның сол әрекетті қабылдауына немесе соған ұқсас әрекеттер жасауына әсерін тигізеді.

Медиадағы бейнелер мен өмірдегі нақты фактілер арасында басқа да маңызды айырмашылықтар бар. Мысалы, теледидар материалдық молшылықтың бейнесін дәйекті түрде көрсетеді. Байлық пен молшылық материализмнің жалпы деңгейлері теледидар мен өзге де бұқаралық ақпарат құралдарынан (интернет, әлеуметтік желілер, онлайн порталдар мен жеке авторлық арналар) шамадан тыс көрсетіледі (O'Guinn және Shrum, 1997). Соған қарамастан, өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау адамның суицидтік шешіміне, сондай-ақ суицид әдісін таңдауына әсер етуі мүмкін (Chan, Yip, Au, & Lee, 2005, Stack, 2003c)

Теледидарды көру және онда бейнеленген әлемге сәйкес келетін әлеуметтік шындықты қабылдауды дамытатын болса, онда адамдар теледидарды неғұрлым көп қараса, соғұрлым олар шынайы әлем теледидар әлеміне ұқсайтынын қабылдауы керек. Тиісінше, теледидар көру көлемі қоғамдағы қылмыс және зорлық пен зомбылықты бағалаумен, әлемді орташа және зорлық-зомбылық орын ретінде қабылдауымен, белгілі бір кәсіптердің таралуын бағалаумен және контенттік талдаулардан тікелей шығатын басқа да бағалау түрлерімен оң корреляциялануы керек.

Дегенмен, телебағдарламалардың контент-талдаулары теледидар әлемінің нақты әлемнен айтарлықтай ерекшеленетінін, өте жүйелі түрде анық көрсетеді. Мысалы, теледидар әлемі немесе жалпы бұқаралық ақпарат құралдары нақты әлемге қарағанда жалпы зорлық пен зомбылыққа толы, зорлық пен зомбылық белгілі бір топтарға (балаларға, қарттарға, азшылықтарға) пропорционалды емес түрде қолданылады және белгілі бір кәсіптердің таралуы белгілі бір топтар үшін (мысалы, заңгерлер дәрігерлер, полиция қызметкерлері) деген мазмұндағы хабарды жиі көрсете беретін болса, онда аудиторияның да сол көзқарасқа, медиа контенттені сол мазмұнға сенуге итермелейді (Shrum, 2017a). Яғни, олар медианы неғұрлым көп қараса, соғұрлым олар медиада бейнеленген әлемге сәйкес келетін нанымдарға ие болады.

Жалпы, әлеуметтік медианы, қоғамның ақпаратты тұтынудың негізгі дерек көзі ретінде қолданатын бұқаралық ақпарат құралын суицидтің алдын алу құралы ретінде пайдалану да кең таралған құбылыс және кейбір веб-сайттар мен серверлерде суицидтің алдын алу және дағдарысқа ұшырағандар үшін ресурстар туралы беттер де бар. Ақпараттық басылымдар да арнайы айдарлар арнап, бет ашуға мүмкіндік болмаса да, мақаланың мазмұнына пайдалы ақпарат қосудың мәні зор.

Журналистер мен редакторлар өздерінің ақпараттық орталарында қамтылған мазмұнды сол күнгі оқиғалардан жаңалыққа лайық және маңызды деп есептей отырып анықтайды. Жаңалықтар зорлық-зомбылық, көңіл-күйді түсіретін және суицид оқиғаларына қатысты болса да, редакторлар аудиторияны алаңдататын тақырыптарды жіберуі мүмкін. Себебі кей кезеңдерде жеке

адамдарға бағытталған жаңалықтарда жұртшылықтың құқығы, яғни аудиторияға қатысы тұрғысынан сезімтал шекара болуы мүмкін. Өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары да – оқырманның білу құқығымен теңестіріледі. Кез келген медиа құралы қоғамға жаңалықтар туралы нақты есеп беру арқылы өз азаматтарына, демек, мақсатты аудиториясына қызмет көрсетуге міндетті екенін айтады. Әңгіменің мазмұнын, екпінін және тақырыбын анықтау аудиторияны сыни тұрғыдан ойлауға және талдауға негіз болудан гөрі алдын ала тұжырым жасауға әкелуі мүмкін. Сол себепті де күн тәртібіне таңдалған және басылымның бірінші бетіне бекітілген жаңалықтар аудиторияның қандай тұжырымына ықпал етуі мүмкін деп ойлану керек.

Сонымен қатар теорияның негізін қалаушы автордың бірі Гербнер мен оның әріптестері теледидардың көрермендерге әсерін зерттеу үшін екі жаңа концепцияны әзірледі – мейнстриминг және резонанс. Мейнстриминг – көрермендердің әртүрлі топтары арасындағы дүниетанымдық көзқарастардың жақындасуын білдіреді (Shrum, 2017b). Зерттеушілер теледидарды көп көру арқылы әртүрлі демографиялық топтардағы көрермендер арасында ұқсас көзқарастарға әкелуі керек деген болжам жасады. Яғни, олар жас ерекшеліктері мен заманға сәйкес болып жатқан өзгерістерге қарамастан, бір медиа өнімді тұтынған соң, ортақ көзқарастар шеңберінде тоғысады.

Келесі кезекте, автордың резонанс концепциясы бойынша, керісінше, ұқсас өмірлік тәжірибесі бар көрермендерге теледидар көру әсер етуі мүмкін деп болжайды. Мысалы, зорлық-зомбылық оқиғаларын көру қылмыс жасағандарға көбірек әсер етуі мүмкін. Гербнер мен әріптестері осы гипотезаларды растайтын деректерді ұсынды. Кейінгі зерттеулер де резонанстық әсерді растады. Тұтастай алғанда, бұл жаңа тұжырымдамалар теледидардың әртүрлі топтар мен ортадағы көрермендерге қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі.

Кезекті бір ғылыми жұмыстың мынадай бір ойға тап болады: “Неге кейбір жағдайларда өз-өзіне қол жұмсау фактілері жан түршігерлік деректермен ашылады, ал басқа жағдайларда балалар порнографиясы сияқты ауыр қылмыстар онша назар аударылмайды” – деп таң қалады (Ribeiro және Granado, 2022a). Журналистер өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлағанда, қылмыс туралы жаңалықтарды хабарлаған сәттегі жауапкершілікке қарағанда, бұл тақырыпты қозғау барысында екі есе сақтық қажет екенін мойындайды. Португалдық журналистердің көпшілігі суицидті жариялау кезінде таңдамалы ақпаратты қолданумен келіседі, сонымен бірге бұл оқиғаны толығымен баяндау принципіне қайшы келуі мүмкін екенін мойындайды. Мәтінде журналистер қоғам мүддесі негізінде суицид туралы ақпаратты сүзгіден өткізетін «қақпа күзетінің» теориясы туралы айтылады. Жалпы, автор, еңбектің қорытынды бөлігінде, суицид тақырыбын жазу кезінде, сонымен қатар қайғылы оқиғаларды хабарлау кезінде журналистер үшін этика тақырыбы мен жауапкершілік маңызды деген идеяны көтереді.

Зерттеу тақырыбын осы тұста былай байланыстыруға негіз бар: егер өз-өзіне қол жұмсау тақырыбы медиада этикаға қайшы жазылып, жоғарыда аталған халықаралық нормалар мен ережелерден тыс жазылатын болса, бұл жоғарыда айтылған, әртүрлі аудиторияның триггерін оятады. Зорлық-зомбылық оқиғаларын көру қылмыс жасағандарға көбірек әсер етуі мүмкін болса, суицид ойында жүрген қоғамның осал тобындағы адамдары үшін де, суицид материалдарының айтарлықтай ықпалы бар және зерттеулер дәлелдеп жатыр.

Нәтижесінде адамдар медиадан алған ақпаратқа байланысты өздерінің сенімдерін, көзқарастарын және құндылықтарын өзгертуі мүмкін. Сонымен қатар журналистер суицид оқиғаларын көрсету кезінде қосымша дайындықтан өтуі керек деп есептейді. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында осындай тақырыптарды, нақтырақ айтқанда, өз-өзіне қол жұмсау жаңалықтарын жариялауға әсер етуі мүмкін факторларды, соның ішінде біржақтылықты, сенсацияны, мүдделер қақтығысын, қайғы-қасіретті, осалдықты және тағы да басқа маңызды алғышарттарды білу талап етіледі.

Нұсқаулықтарға сілтеме

Өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының ұсыныстары көптеген елде және әр түрлі тілде бар. Бұл тарауда өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан қалай көрсету керектігі туралы нұсқаулар талданады және журналистердің суицид оқиғаларын хабарлауы, жазуы және бейнелеуі қарастырылады.

“Өз-өзіне қол жұмсау және жыныстық зорлық-зомбылық немесе көші-қон сияқты мәселелер” бойынша есеп беру – бұл журналистің білімінде жиі жасырылатын дағды деп анықтама береді зерттеушілер, шын мәнінде, жоғарыда аталған тақырып бойынша хабар тарату журналистің білімімен қатар, оның сыни-пайымы, этикалық білімі мен адамгершілігін, оқиғаның артқы фонындағы жағдайды көре алатын даналығын қажет етеді. Сонымен қатар, марқұмның туған, туысқандары мен бауырлары, ең жақын адамдары мен тілдескен жағдайда зиян тигізбейтін деңгейде олармен тілдесе алатын кәсібилігі маңызды.

Өзін-өзі өлтіру оқиғасының табиғаты оның негізінде өлім жатқанын білдіреді және өлім ашық талқылауға болатын үлкен тыйымдардың бірі, - дейді Reporting Suicide мақаласының авторы (Luce, 2019)

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, жаңалықтар мен ақпараттық медиа кеңістікке ерекше назар аудара отырып, бұқаралық ақпарат құралдарының суицид туралы жауапты хабарлауы бойынша нұсқаулықтарды әзірледі. Сонымен қатар белгілі бір уақыт аралығында нұсқаулықты жаңа мәліметтермен толықтырып отырды. Бұл нұсқаулар қазір көптеген ұлттық және аймақтық, оған қоса, бүкіл әлемдік суицидтің алдын алу стратегияларының стандартты құрамдас бөлігі болып табылады.

Нұсқаулықтар әдетте, өз-өзіне қолжұмсау тақырыбын аудиторияға жеткізу барысында оларға келтіретін зиянды азайту жолдары туралы нақты

ұсыныстарды қамтиды. Мысалы, суицидті дәріптеуден аулақ болу, суицидтің нақты әдістерін талқылау немесе жаңа деректер болмаса, тақырыпты қайта жазудан бас тарту керек екенін хабарлайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеті суицид оқиғасын сенсация жасау емес, керісінше, қоғамдағы психикалық осал топтарды пайдалы әрі сенімді ақпарат көзімен қамтамасыз ету керек екенін негізге алады. Соған қарамастан, олар «өзіне өзі қол жұмсау» ұғымын қалыпқа келтіретін және суицид проблемасы кез келген қиын жағдайдың немесе уақытша күйзелістің шешімі екенін көрсететін тілді қолдануға қатаң түрде аулақ болу керек екенін еске салады және қоғамды да бұл тақырыптың маңызы тұрғысынан түсінуге шақырады.

Нұсқаулықтар, сонымен қатар, емделетін психикалық аурудың рөлі, суицидтік ойлар үшін қайдан және қалай көмек сұрау керектігі туралы ақпаратты және суицидтің алдын алуға болатынын, психологиялық ойлауы әлсіз жандарға үміт сыйлайтын материалдар қосуды ұсынады. Алайда бұл нұсқаулықтар атақты адамдардың суициді кезінде ережеге сай емес ақпарат тарайтынын зерттеушілер жиі байқайды, яғни көп жағдайда этика ережелері сақталмай жатады.

Ақпараттық кеңістіктегі “өз өзіне қол жұмсау” жаңалықтары сенсация, рейтинг және трагедияны көрсету үшін емес, аудиторияның өз өміріне жауапкершілігі және "көпшіліктің білу құқығымен" теңестірілуі керек ақпараттарды ұсыну маңызды екенін алға тартады. Көптеген зерттеулер бұқаралық ақпарат құралдарындағы репортаж мен мақала, сюжет пен жаңалықтар да еліктеу мен еліктеудің әсері, ең алдымен, депрессияға ұшыраған адамдар мен өздеріне зиян келтіруді көздейтін осал адамдарда болатынын жазады (Cheng және басқалары, 2007). Алайда нұсқаулықтардың қатаң сақталуын қадағалап, әр редакция осы жазылған этикалық ережелер шеңберінде материал дайындап, аудиторияға ұсынатын болса, бұл құбылыс нәтижелі болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының нұсқауларын көбірек ұстану Австриядағы суицид деңгейінің төмендеуімен байланысты болғанын зерттеушілер жиі назарға алады.

"Көпшіліктің білу құқығымен теңестірілуі керек ақпараттарды ұсыну" дегеніміз – жалпыға ортақ, барлық адамға да пайдасы болатын, кез келген оқырман өзіне қажет әрі сенімді дерек көзге қол жеткізе алатын көмекші ақпарат болып саналады. Суицид жағдайында олар сенім телефондары, дағдарыс орталықтарының байланыс нөмірлері, тұлғаның жергілікті елді мекенін де баруға болатын орталықтың нақты мекені немесе осы салада жұмыс істейтін психолог, психотерапевт мамандардың контактісін жазу керек екені нұсқаулықтарда баса көрсетілген. Себебі өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлау кез келген басқа оқиғаға қарағанда жоғары сезімталдық пен мұқият болуды қажет етеді. Орын алған оқиға марқұмның отбасы мен достарына байланысты ғана емес, сонымен қатар оны кез келген телевидение мен онлайн басылымдар, тіпті газет-журналдар арқылы басқалардың көруіне әсер етуі мүмкін.

Осы тұста Австралиядағы Хантер психикалық денсаулық институты журналистерге суицид туралы ақпарат дайындау кезінде мынадай негізгі төрт принципті ұсынады:

- Егер бұл қоғамдық мүдделерге сәйкес келмесе, суицид туралы хабарлауға болмайды.
- Суицид туралы хабарлаған кезде, өте сақ болғаныңыз маңызды.
- Суицид әдістері туралы егжей-тегжейлі хабарлаудан аулақ болу керек.
- Өз-өзіне қол жұмсау туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары психикалық денсаулық мәселелерін мұқият қамту арқылы еліктеу құбылысынан аулақ болуға тырысу керек (Норрис & Джемпсон, 2001d).

Журналистер үшін өз-өзіне қол жұмсау мәселесі тәрізді нәзік материалдарды этикалық нормаларға сай, халықаралық стандарттар шеңберінде жасаудың көптеген жолы бар. Жоғарыдағы авторлар пікіріне анализ жасайтын болсақ, жалпы суицид тақырыбын жазу керек пе деген сауал туындайды. Мүмкін мүлдем бұл тақырыпта ақпарат таратуға тыйым салынуы қажет шығар. Сайып келгенде, психикалық денсаулық институты ұсынған принциптердің негізгі мазмұны суицид тақырыбына әлеуметтік мәселе ретінде қарау маңызды екенін аңғартады. Егер ақпарат қоғам мүддесіне қандай да бір пайдалы болмаса, оны хабарлаудан, таратудан, аудиторияға ұсынудан сақ болған дұрыс. Жаңалыққа енгізетін жаңа хабарыңыз болмаса, сенсацияның ықпалына ерік беруге болмайтын ескертеді.

Жоғарыдағы халықаралық ұйымның нұсқаулығында келтірілген критерийлерді “Тепе-теңдікке қол жеткізу: суицид пен психикалық ауруларды қамту бойынша австралиялық медиа мамандарға арналған ресурстар жинағы” толықтыра түседі. Олар суицид тақырыбында жаңалық дайындау кезінде төмендегідей тоғыз негізгі сұраққа жауап бергені дұрыс дейді (Психикалық денсаулық саласындағы арнайы бағдарламалар бөлімі, 1999).

1. Бұл материалда орынсыз лексиканың мысалдары бар ма?
2. Қолданылған элеменеттер дұрыс емес пе?
3. Тақырыпта "суицид" сөзі қолданыла ма?
4. Суицид көрінісін, нақты орналасқан жерін немесе тақырыпта қолданылған әдісті бейнелейтін фотосурет / бейне бар ма?
5. Қолданылған әдіс туралы егжей-тегжейлі талқылау бар ма?
6. Өз-өзіне қол жұмсау салдарынан қайтыс болған адамның атақты адам екеніне сілтеме бар ма?
7. Суицид "психикалық бұзылумен байланысты" емес, "жай әлеуметтік құбылыс" ретінде бейнеленген бе?
8. Бұл мақалада анықтамалық қызметтер мен сенім телефондары туралы ақпарат бар ма?
9. Аза тұтушылар, яғни марқұмның туыстары туралы сұрала ма?

Осыған дейін, яғни зерттеу жұмыстың негізгі бөлімінде журналистердің ақпарат жазу барысындағы сөз тіркестері мен мақаланың мазмұнындағы

қателіктері туралы халықаралық нұсқаулықтарға сүйене отырып, мысалдар келтірілді. Байқағандай, жаңалықтың контексті, яғни мазмұны, оның жазылу стилі мен ондағы фото, видео немесе қандай да бір кілт сөз, тақырып болсын аудиторияның қабылдауына айтарлықтай әсер етеді. Оқырманның қабылдауынан бөлек, дәл сол жаңалықтың оқыған адамның жүйелі шешімдерді іске асыруына да ықпалын тигізеді. Ирландияның суицидология қауымдастығының хатшысы, доктор Джон Коннолли көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мұны өте романтикалық әрекет, эпидемия, сенсация ретінде ұсынатынын, суицидке қатысты статистикалық мәліметтердің бұрмалануы мен манипуляция жасайтынын алға тартады.

Американдық Суицидология Ассоциациясы өз-өзіне қол жұмсау әрекеті адамның өзіне қауіп төнген кезде содан шығу үшін қолданатын құралы дегенді көрсетеді. Мысалы, адам заттарды теріс пайдалану, яғни зияны заттарды шектен тыс тұтыну, мақсатсыздық, алаңдаушылық, тұзаққа түсу, үмітсіздік, алшақтау, ашулану, немқұрайлылық және көңіл-күйдің өзгеруі секілді мінез-құлық үшін суицид әрекетіне тәуекелдік жасайды.

Зерттеу тақырыбы аясындағы нұсқаулықтардың көбі – ең маңызды фактордың бірі ретінде медиадан, бұқаралық ақпарат құралынан суицидті егжей-тегжейлі хабарлаудың орынсыз екенін жиі айтады. Оны драматизациялауға жол бермеңіз, адам тағдыры мен эмоциясын, көңіл-күйі мен сезімдерін оңды-солды пайдалану, орын алып жатқан жағдайға қарамастан марқұмның туыстарымен сұхбаттасу, оларға орынсыз сұрақтар қою арқылы жанын жаралау, оқиғаны қайта - қайта айтуға, еске алуға мәжбүрлеу, тірі кезінде қандай адам болғанын жаңалықтың мазмұнына қосу журналистің этикалық әрекеттеріне қайшы екенін түсіндіруге тырысады.

Жоғарыда аталған пікірді немесе осы уақытқа дейін медиа мамандар үшін бекілітілген ережені, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нұсқаулығындағы талаптар мен шарттарды Save the Children халықаралық ұйымының Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне арналған нұсқаулығы да қуаттайды. Аталған еңбекте келесідей төрт негізгі фактор көрсетілген. Біріншіден, өз өзіне қол жұмсау оқиғасының әдісі мен орнын, яғни нақты мекен жайды немесе объектіні түсін түстеп сипаттамаңыз.

Автор “Кейт Спейд жатын бөлмесіндегі шкафта өзінің шарфына асылып өлген” – контекстіндегі мәтіннен қашу керек екенін ескертеді. Соған қоса, “өзінің шарфын” пайдаланды деген ойдың өзі де оқырманды белгілі бір деңгейде идеяға итермелеп, әрекетке күш беретін вирустық сөз екенін айтады. Жоғарыдағы көрсетілген сөйлемде де суицид әдісін ешқандай сүзгісіз баяндау мен қаза болған адамның оқиға барысындағы немесе оқиғадан тыс суретін немесе видеосын орынсыз пайдалану қоғамдағы хабылдауы жеңіл, өз өзіне зиян тигізу ойында жүрген адамдар үшін суицид әрекетін және оған ұмтылу қаупін арттыру да мүмкін екенін түсіндіреді.

Екіншіден, марқұм қазасынан кейін оқиға орынынан табылған қандай да бір хатты бүкіл жұртшылыққа, атап айтқанда, медиаға жариялаудың қажеті жоқ

екенін, оған қоса марқұмның хатын редакциялардың әлеуметтік желідегі ресми арналары мен басқа да дерек көздері арқылы таратудың да орынсыз әрекет екенін жоққа шығармайды. Осы тұста жай ғана, ешқандай асыра сілтеусіз бір сөйлеммен қаза болған адамның хат жазып қалдырғанын айту керек дейді. Ол хатқа журналист немесе редактор, бағдарлама авторы өз пікірімен комментарий беруге және хатта “қаржылық қиындық үшін осы әрекетке барғаны жазылған” – деп те жариялану орынсыз әрекет деп ескертеді. Өз кезегінде бұл ақпарат қаржылық қиындықта, материалдық ауыр кезеңмен күресіп жүрген адам немесе отбасы үшін проблеманың шешімі сияқты көрінуі әбден мүмкін.

Үшіншіден, қайтыс болған адамның жеке бас деректерін айқындайтын ақпаратты жариялаудан аулақ болу. “Джон Доу Шығыс орта мектебінде оқыды, жүзу командасының капитаны, сынып президенті болды” – ақпаратының орнына жай ғана “Джон Доу Шығыс орта мектебінде оқыды және көптеген досы болды” – деп қана жазу кәсіби этиканың көрсеткіші. Марқұмның жеке ақпаратын бөлісу қайтыс болған адаммен шамадан тыс сәйкестендіруге әкелуі мүмкін. Оқырман қайтыс болған адамға қатысты айтылған фактілерді өзінің ортасындағы соған ұқсас немесе тура сол адамның деректерімен ұқсастырып, соңы келесі бір жаңа оқиғаның пайда болуымен байланысы бар дейді қауымдастық мүшелері. Кей жағдайда жақын адамының қазасын отбасы мүшелері, достары, тіпті әріптестері бірінші рет медиадағы жаңалықтар арқылы естіп, есеңгіреп қалу ықтималдығы да жоғары екенін хабарлайды.

Зерттеу жұмыстың басынан суицид тақырыбын жазудағы ең маңызды этикалық аспектілерінің бірі – сол кезеңде пайда болған материалдық немесе әлеуметтік қиындықтар мен отбасылық проблемалар үшін өзін өзі өлтіру, өзіне қол жұмсау әрекетін әдеттегі немесе қолайлы бір құбылыс ретінде ұсынудан аулақ болу керек екенін ескертеді. Суицидке бейім адам өзін-өзі өлтіруді дамыту процесінде бірнеше деңгейде кемсітушілікке ұшырайды және оқшауланады, кей жағдайда, тіпті, айналасынан да қысым көреді (Save the children халықаралық ұйымы, 2015). Мысалы “Джон жұмысынан айырылғандықтан өзін-өзі өлтірді” – деп жазу адамның өз өмірін қиюға, достары мен отбасын тастап кетуге бір ғана жағдай әсер етті деген мағынаны үстемелейді. Шын мәнінде, суицид әрекетін жасау және соған ұмтылу, сол ойда жүру ұзақ мерзімді адамның ішкі жайсыздығы, біраз жылдар бойы өзімен бірге өмір сүріп келе жатқан проблемалары мен психологиялық тұрақсыздығынан болатын созылмалы психикалық әрекет. Сол үшін де соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында суицид пен психикалық ауруды бейнелеуге және хабарлаудың қоғамдастықтың түсінігіне, көзқарасына және мінез-құлқына тигізетін әсері халықаралық деңгейде қызығушылық туындады. Көптеген елдер жауапты және сезімтал хабарлауды іске асыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары туралы хабарлауға арналған нұсқаулықтар мен ресурстарды әзірледі. Дегенмен, журналистер мен редакциялардың аталған нұсқаулықтарды қаншалықты қабылдап, ұстанғаны туралы халықаралық бағалау әлі де аз екенін айтады.

Журналист ретінде бұл трагедияның орын алуына жол бермеу керек екенін және оңай әрекет сияқты көрсеуден аулақ болуды ұсынады. Керісінше қиындықты жеңуге болатынын, қолдау және емдеу шараларын жүзеге асыру суицид ойының алдын алып, аталған әрекет туралы ойлаған және соған ұмтылған адамдардың көпшілігіне көмектесуге болатынын, кәсіби мамандар көмектесе алатынын хабарлаңыз.

Жоғарыдағы халықаралық ұйымның нұсқаулығында келтірілген критерийлерді “Тепе-теңдікке қол жеткізу: суицид пен психикалық ауруларды қамту бойынша австралиялық медиа мамандарға арналған ресурстар жинағы” да толықтыра түсетіні, медиадағы кей әрекеттің, тіпті, кей жағдайда мақала мен жаңалық мамзұнындағы сөз тіркестері мен сөйлемдердің журналистік этикаға қайшы амалдар екенін жоққа шығармайды. Қайғылы оқиға болған кезде, бұқаралық ақпарат құралдарының мамандары болып жатқан оқиғалар туралы хабарлап, эмоционалды оқиғаның баяндауын жасайды. Көп жағдайда жаңалықтар мен мақалалар осы шақта жазылып, дәл сол сәттегі оқиғаны баяндайды да, оның келер шақтағы аудитория мен оқырман үшін зияны немесе пайдасы ескерілмей жатады.

Дәл осы этикалық нұсқаулықтар “Жаңа медианың дамуы үшін суицидтік мінез-құлық туралы хабарлау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының ұсынымдарын қалай реттеуге болады” атты ғылыми мақаласына да еліктеушіліктің алдын алудың жолдары ретінде көрсетіледі: (Maloney және Schmidtke, 2014).

- Суицидке барған адамның аты-жөні мен ерекшеліктерін атамау;
- Интернеттегі суицид форумдарына сілтеме жасамау;
- Белгілі бір жерлерде (ыстық нүктелерде) суицидтік әрекеттердің жиналуын айтпау;
- Суицид туралы жазбалардың фотосуреттеріне сілтеме жасамау немесе басып шығармау
- Суицидтік мінез-құлықтың жағымды салдарын айтпау;
- Уақыт немесе кеңістік жағынан жақын суицидтерді айтпау (суицид кластерлері);
- Өзіне-өзі көмектесу орталықтары мен кәсіби мамандар тобына сілтеме жасау.

Осыған дейін ақпарат жазу, өзіне өзі қол жұмсау жаңалықтары мен материалдарын дайындау барысында ондағы сөз тіркестері мен мазмұнындағы қателіктер туралы халықаралық нұсқаулықтарға сүйене отырып, мысалдар келтірген болатын. Ирландияның суицидология қауымдастығының хатшысы, доктор Джон Коннолли көбінесе бұқаралық ақпарат құралдары мұны өте романтикалық әрекет ретінде ұсынатынын алға тартады. Суицидті идеализациялау және оны проблемаларды шешудің ұтымды әдісі ретінде қолайлы ету, өз өмірін қиюдың әрекеттерін іске асыру жолын қарапайым тұлға үшін қол жетімді жасау, өте күрделі процестің түпкілікті нәтижесі болып табылатын нәрсені тым жеңілдету немесе басқаша түрде оған сенсациялық

сипат беру орынсыз деп табады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе өз-өзіне қол жұмсаудың себептері мен негізгі мотивін адам өміріндегі ең жеңілтек түсінікке бағыттап қоймай, сол мазмұндағы материалдардың кең көлемде таралуына жағдай жасайды.

Суицид тақырыбындағы материалдарды дайындаудың негізгі мақсаты – қоғамды сол сәттегі шынайы картинамен таныстыру, демек, пайдалы, ресми әрі нақты ақпарат беру. Бұл ақпарат халықтың көмегіне, пайдасына жарауы маңызды әрі шарт. Кез келген аудиториядағы адамның көмекке қайда жүгіну керек екені туралы нақты мәліметпен қамтамасыз ету, үміт пен сенімді қалпына келтіру де маңызды рөл атқаратынын ешкім жоққа шығармайды, тұрақтылық және оған адамның жету мүмкіндігіне сендіру керек. Кез келген қиындық пен кедергіні жеңіп шығу қабілеті туралы әңгімелерге иландыру, кәсіби мамандардың нұсқаулығын ортаға шығару немесе пікір алу, суицид әдістерін егжей-тегжейлі сипаттаудан бас тарту және өз-өзіне қол жұмсауды сенсациялаудан бас тарту жайлы жиі айту маңызды элементтер болып табылады (WHO, 2008b). Суицидтік ойларды жеңу және өміріңізді басқару мүмкіндіктерін қамту осал адамдарға зиян келтіру қауіпінсіз суицидтік стигманы азайтуға көмектеседі.

Жоғарыдағы зерттеулер мен ғылыми жұмыстардың зерттеу объектісі мен мазмұны көрсеткендей, қандай жағдайда да медиа қызметкерлері суицид оқиғаларын егжей-тегжейлі хабарлаған кезде, олар оқиғаның мәнін қалай контексттейді, яғни қалай баяндайды оқырмандардың қабылдауына солай әсер ете алатынын байқауға болады. "Вертер" эффектісі мен "Папагено" эффектісінің баяндау әсерлері сәйкесінше суицидтік әрекеттер немесе дағдарыстарды жеңу туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен медианың хабарламасынан кейін халық арасында суицидтің көбеюі немесе азаюі көрсеткіштері болатынын көрсетті.

Екі жағдайда да медианың адам өміріне, оның өміріндегі өзгеріске, қандай да бір қауіп-қатердің алдын алуына әсері бар екені анық байқалады.

Жоғарыда зерттеуімізге арқау еткен культивация теориясы да теледидар мен ақпарат құралдары, оның ішінде интернет басылымдарында жиі кездесетін (зорлық пен зомбылық, билік, материализм және т.б.) сияқты біржақты және бұрмаланған хабарламалар арқылы әлеуметтегі шынайы сенімдерді қалыптастырудан аулақ болу керек дейді. Негізінде, журналистік әңгімелерді баяндау әдістері мәдени және әлеуметтік айырмашылықтарға қарамастан ортақ принциптерді бөліседі, сондықтан сезімтал тақырыптар бойынша аудиториямен тығыз қарым-қатынас орнатудың, яғни ақпаратты тұтынушы тұлғалармен байланыста болудың өзектілігі жоғары.

Нұсқаулықтар бөлімі суицид тақырыбын жазудың жан-жақты үлгісі мен мысалын салыстыра отырып, ғылыми жұмыстың зерттеу сұрағына жауап алуды көздейді. Аталған ұғымды, бір сөзбен еңбектерде (RSR моделі The Responsible Suicide Reporting Model) деп атайды (Duncan және Luce, 2022b). Моделдің негізгі зерттеулері британдық журналистика мен этикалық

кодекстерге негізделген, сондай-ақ, медиа саласын реттеуші баптар және халықаралық медиа мен кеңістіктегі репортаждары бойынша ұсыныстар қолданылған және бұл нұсқаулық бүкіл әлемде тәжірибеге енген және әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулер үшін кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар зерттеулер көрсеткендей, суицид орнының егжей-тегжейлі сипаттамалары немесе фотосуреттер мен визуал элементтер әрекетке итермелейтін нақты себептің болуы еліктеуді тудыратынын өзге ғалымдарда жоққа шығармайды. Өз-өзіне қол жұмсауды дені сау немесе жоғары нәтижеге қол жеткізген адамның түсініксіз әрекеті ретінде көрсету жәбірленушімен сәйкестендіруге ықпал етуі мүмкін.

Жоғарыда айтқан маңызды этикалық аспектілерді төмендегі мына пікірмен бекіте аламыз. Өз өзіне қол жұмсау туралы оқиғалар әлі де медиа да жалғасын табатын болса, мұндай оқиғалардың баяндау құрылымындағы нәзік айырмашылықтарға мән бергеніміз абзал. Ол дегеніміз – суицид өмірлік стресстің сөзсіз салдары деп емес, көмекке жүгінудің жіберіп алған мүмкіндігі деген мазмұнда жазу этикаға сай. Сонымен қатар нәзік әрі әр сөзді абайлап жазу халық арасындағы әр түрлі жағдайдың алдын алуға, тәуекелді азайтуға, аудиторияға жарық сыйлай алуға ықтималдық жоғары.

Шын мәнінде үмітпен, сеніммен өмір сүру, өмірді сапалы сүрудің алдын алу, білікті мамандардан берілетін ақыл мен кеңестер туралы жаңалықтар да, медиа басылымдар да және ақпараттық кеңістіктер де жиі хабарлау маңызды. Өз-өзін өлтіру және өзіне қол жұмсау оқиғаларын ерекшелік немесе сенсация ретінде емес, шешімі бар кезең екенін аудиторияға жеткізу керек, осы тұста медианың таратқан ақпараты салмақты қабылданатын ақпараттар қатарынан болуы керек. Демек, бұл ойдан шығатын қорытынды қоғамдағы суицидке деген белгілі бір көзқарасты сақтауға да, оған әсер етуге де медиа кеңістік айтарлықтай ықпал ете алады. Халық қандай болса, билік сондай. Билікті қалай көрсетуді медиа шешеді. Сол себепті суицид әрекеттерін кәсіби этикалық нормаларға қайшы хабарлау, халықтың қоғам ретінде картинасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Журналистер, нақтырақ айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет етіп жүрген медиа мамандар, редакторлар, атқарушы директорлар, бағдарлама авторлары мен жүргізушілер көп жағдайда өз өзіне қол жұмсау тақырыптарын жазған кезде "эпидемия" немесе "қарқынды өсу" сияқты сөз тіркестерін қолдану арқылы және тікелей эфирлерде хабарлау арқылы суицид мәселесін асыра сілтеуге жол беріп тұрғанын байқамауы да мүмкін. Журналистер өздерінің репортаждар мен авторлық сюжеттерін сенсациялық және стигматикалық деп санауға болатындығын әрдайым біле бермеуі де мүмкін (Маркевич, 2019).

Себебі өндірістегі журналистер сол сәттегі құбылыстың, яғни орын алған соңғы оқиғаның аудиторияға тез әрі жылдам жетуін қамтамасыз етеді. Медиа өнімді дайындау кезеңінде жоғарыда аталған қателіктерге бой алдырады. Сонымен қатар, нұсқауларды білмеу де проблема болуы мүмкін (Шерр және

басқалар, 2019), ал суицид әрекетіне ұмтылудың негізі көзі неден бастау алғанын және оның тарихына не кіреді деген сауалға жауап іздеудің орнына тәуекелді азайтуға шоғырлану басқа мәселе болуы мүмкін дейді (Махлин және басқалар, 2012). Жоғарыдағы ойлар тұжырымынан кейін бұл ситуацияға басқаша көзқарас қалыптасады.

“Суицид – бұл АҚШ-тағы эпидет” немесе “суицид – қоғамдағы індет”, зерттеу жұмысты дайындау барысында байқағандай, қазақ тілді редакциялардың мақалаларында жиі кездесетін “сорлатқан суицид”, “қоғамның қауіпі”, “адамның азғандығы” сияқты тіркестер халықаралық стандарттар бойынша да, кәсіби этикалық нормалар шеңберінде де дұрыс емес сөз қолданысы. Зерттеушілер мен нұсқаулықты даярлаушылар дәл осындай мазмұндағы сөйлем құрылымын қолданбаған абзал екенін де назарға ұсынады. Себебі бұл тіл нақты емес және суицидтің жиі кездесетіні, оның алдын алуға болмайтындығы туралы әңгімеге ықпал етеді. Сондай-ақ қоғамда үрей тудырып, аудиторияға кері әсер етеді. Оның орнына “Деректер өткен жылмен салыстырғанда суицид санының өскенін көрсетеді” - деп жазу әлдеқайда тиімді әрі этикаға сай екені нұсқаулықта көрсетілген (“Балаларды қорғау” халықаралық ұйымы, 2015).

Нақты нұсқаулардың тиімділігін талдау бұқаралық ақпарат құралдарының, сонымен қатар суицид туралы хабарламаларының әсерінің оң немесе теріс әсерін анықтаған жоқ және қандай жеке ұсыныстарды тиімділікке жатқызуға болатыны белгісіз (Anestis, May, Hagan, Michaels, & Klonsky, 2015; Williams & Witte, 2018). Осы тұста әр елдегі редакцияның осындай нәзік тақырыптарға бағытталған дайын нұсқаулықтарының болуы, дөрекі қателіктер мен қоғамға тигізетін зиянның алдын алады деп сенуге болады. Ал Самариялықтардың нұсқаулары сізге хабар таратушы журналист ретінде оқиғаға тоқтап, сөздеріңіз бен таңдаған суреттеріңіз туралы, контекст туралы және тіпті оқиғаны бірінші рет жасаудың себебі туралы ойланудың маңызды екенін еске салады:

- Ешқашан әдіс тез әрі оңай, ешқандай ауыртпалықсыз немесе өлімге әкелетініне кепілдік бергендей анық деп ұсынбаңыз.
- Драмалық немесе сенсациялық сурет пен бейне материалдардан аулақ болыңыз. Өз-өзіне қол жұмсау туралы жазбалардың мазмұнын жазу кезінде оқиғаны аяусыз сипаттап, сенсациялық ақпарат қосуды негізгі приоритетке қоймаңыз.
- Статистиканы сақтықпен пайдаланыңыз. Ең соңғы деректерді ресми әрі сенімді дерек көзден алып жатқаныңызға көз жеткізіңіз. Ескі статистика пайдалану арқылы шын картинаны бұрмалауға жол бермеңіз.
- Суицид туралы хабарлау кезінде қолданылатын терминдер мен сөз тіркестері маңызды. Тілді орынсыз немесе абайсыз қолдану стигманы жалғастыруы немесе өлімді сенсациялауы және жалған түсініктер мен өз-өзіне қол жұмсаудың кең таралған мифтеріне жол беруі мүмкін, ал кез келген оқиғаны аудиторияға хабарлау барысында журналистің мұқият болуы, орынды сөз

тіркесі мен сөйлемдерді қолдануы қайтыс болған отбасы мүшелері мен достарының қайғысын азайтуға үлес қоса алады.

– Журналистің міндеті жылдамдықты ескере отырып, ақпарат жеткізу екенін білсеңіз де, уақыттың тапшылығынан, оған қоса эмоция әсерінен жаңалық жазып, оқиғаны комментарий күйінде таратудан сақ болу да маңызды екенін ескертеді;

– Бір уақытта екі немесе одан да көп суицид фактісін байқасаңыз, “жаппай суицид тіркеліп жатыр”, “халықты сорлатып жатыр”, “соңғы уақытта өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары тоқтаусыз тіркеліп жатыр” деген тіркестермен сипаттаудан қашып, аудиторияға зияны тимейтіндей деңгейде суық сана, шынайы картинамен орынды хабар таратыңыз.

– Өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын әлеуметтік мәселенің ушығуы, мәдени өзгерістер мен халық пен билік қақтығысы немесе тұрмыстық өмірдегі жағдайдың нашарлауына қарсы табиғи реакция ретінде сипаттаудан абайлаңыз. Қоғамда, айналада болып жатқан кез келген мәселенің вакуумында жүрген тұлғаларға суицидке қатысты ой салудан сақ болу өте маңызды. Себебі медианың күші, онда тараған ақпарат – аудиторияның көзқарасына, ойлау жүйесіне, кейбір мифтерді өмірдің шындығы деп қабылдауына немесе кішкентай мәселені шын мәнінде үлкен проблема етіп қабылдауға айтарлықтай әсер ете алады. Сонымен қатар мұндай ақпарат пен жаңалықтар (хабарламалар, шағын заметкалар) шын картинадан алыстатады. Ресми деректер мен статистиканың бұрмалануына да әкеліп соғады. Зерттеу барысында барлық медиа нұсқаулықтар өзін-өзі өлтіруді мазақтамауды немесе сенсацияға жол бермеуді және нақты сипаттамалардан аулақ болу керек екенін және көмек қызметтері туралы ақпарат берудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Маңызды элементтің бірі – өз-өзіне қол жұмсау әрекетін депрессия сияқты бір себептің нәтижесі ретінде көрсетіңіз (Acosta және басқалары, 2017). Жоғарыда айтқандай, соңғы оқиғаны суицидтің себебі ретінде көрсетіп, нақты әрекетті атаудың аудитория үшін зиянын ойлаңыз. және, Егер марқұмның мінез-құлыққа байланысты нақты ескерту белгілерін, диагнозын білген болсаңыз, оны маманға сөйлетіңіз және ескерту белгілері байқалған жағдайда қандай шаралар қолдану керектігін де жазыңыз. Оған қоса, мақала мазмұнында «көп адамдар осы қажетсіз әрекетке барады» деп көрсетуден сақ болыңыз, қандай жағдайда да әрекетті құнсыздандырмаңыз, жеңіл оқиға ретінде қарамаңыз, өйткені бұл хабарламаға тән «көп адамдар осы мінез-құлыққа қатысады» (Cialdini, 2003), бұл еліктеуді одан әрі ілгерілетуі мүмкін.

Қорытындылай келе, журналистер мен медиа мамандар үшін аталған нұсқаулықтардың маңызды орын алуы олардың өз мақалаларының тұтастығын тексеру үшін пайдалы. Сонымен қатар, сезімтал тақырыптарды дайындау барысында қолдана алатын қарапайым ережелер жиынтығынан тұрады. Репортаж бен сюжет жасаушы, тақырыпқа сай фото мен визуал бейнелер өндіруші қызметкерлерге өздерінің медиа өніміне сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін стандартты шаблон ретінде қарастырылады. Соған

қарамастан, өз өмірін қию оқиғаларын жазу кезінде журналистің жұмысын жеңілдететін, дайын қалыпқа салынған әңгімелеу құрылымы. Яғни, журналист қандай эмоция мен сезімде, қандай күйде тұрса да, уақыт тығыздығы орын алса да, нұсқаулықтардың көмегімен этика шеңберінде хабар таратуды мақсат ететін болады. Өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларына тән деп табылған, ұзақ уақыт бойы күн тәртібіне еніп кеткен кей реакциялық стандарттар мен сонымен қатар жаңалықты баяндаудың әр кез қайталанатын үлгілерінен аулақ болып, этикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Олардың аудиториясына және жалпы әлеуметтік субъектілерге теріс немесе оң әсер етуі мүмкін екенін бағалауға көмектеседі. Яғни, суицид туралы хабарлау шамадан тыс болмауы керек және мүлдем ақпаратсыз да болмауы керек. Осы екі қағиданың арасындағы айырмашылықты бекітіп, оқиғаларды осы екі ереженің арасында орналастыру журналистің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігіне тәуелді.

1-Тарау. Методология: Сапалық контент анализ, визуал анализ, іріктеме

1.1. Методологияға кіріспе

Зерттеу жұмыстың басты мақсаты – жаңа медиада, атап айтқанда, зерттеу объектісі ретінде таңдап алған жаңалық порталдарының қазақ тілді редакцияларында суицид оқиғалары мен суицид әрекетіне ұмтылу реакцияларының қалай ұсынылатынын анықтау және журналистика мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы этикалық принциптер мен соның аясындағы жағдайды талқылау.

Суицид тақырыбының қазақ тілді жаңалықтар мен мақалаларда қаншалықты этикаға сай жазылатынына талдау жасау үшін осы негізде ғылыми жұмыстың зерттеу сұрағына жауап беру үшін сапалық контент анализ таңдалды. Таңдалған зерттеу әдісі арқылы мәтіннің ішкі мазмұнына мән беріп, кілт сөздер арқылы үш медианың контентін топтастыра отырып, нұсқаулықтар бойынша талдау жүргізу мақсат етілді. Ал визуал анализ арқылы мақала мен жаңалықтарда, репортаждар мен сюжетте берілген фото, видео, иллюстрация және тақырыпқа сай арнайы жасалған визуал элементтерге де тоқталып, талдау жасалды.

Жоғарыда көрсетілген нұсқаулықтарға сілтеме мен әдебиетке шолу бөлімі және жеке теория ретінде тоқталған Вертер эффектсі мен Final Exit кітабы көрсеткендей, суицид тақырыбының медиада жазылуы еліктеушілікті тудырады. Оған қоса бұл тұжырымды дәлелдейтін шынайы оқиғалар мен зерттеулер нәтижесі, ғылыми еңбектердің қорытындысы да жоққа шығармайды. Осы тұста, әлеуметтік теориялар мен медиа саласын зерттеуші ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мамандар мен денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлер арасында тығыз ынтымақтастық қажет деген қорытындыны алға тартады және осы идеяны кеңірек жаюды ұсынады. Себебі суицид тақырыбы мен оның медиада таралуы бір емес, бірнеше саланы қамтып

отырған ауқымды әлеуметтік мәселе. Кіріспеде көрсетілгендей, суицид бір адамның өміріне қатысты орын алған жағдай болғанымен, оның артында бір топ адамның сезімі мен көңілі, эмоциясы мен тағдыры бар.

Ал халықаралық ұйымдардың бекітуімен медиа мамандар үшін ұсынған нұсқаулықтар ережесі Қазақстан медиасында қаншалықты сақталады?

Зерттеу нысаны ретінде тандалған медиалардан белгілі бір уақыт аралағында суицид тақырыбы бойынша қанша жаңалық жарық көргенін, сол уақыт аралығында қанша сюжет шығатыны есептеліп, деректер жиналды. Оған қоса жиналған деректер базасы Microsoft Excel кестесіне топтастырылды. Осыған орай топтастырылған деректердің бір қалыпқа салынуы мен арнайы нұсқаулықтар бойынша талдануы зерттеуді бірізділікпен жүргізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар бір базаға енгізілген мәліметтер мен тақырып аясындағы маңызды кілт сөздерді кодтау үшін сапалық контент анализі қолданылды.

Зерттеу жұмыстың келесі қадамы жиналған деректерге осы саладағы халықаралық ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін әрі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нұсқаулықтарын негізге ала отырып, материалдардың мағынасына талдау жасалды. Мақалалардың негізгі контентіне жасалған талдау нәтижесі қазақ тілді редакциялардың жаңалықтары мен материалдарында этикалық ережелер қаншалықты сақталатынын саралай отырып, интерпретация жасалды. Суицид тақырыбындағы медиа өнімдерді сапалық контент анализ арқылы зерттеу өз өзіне қол жұмсау материалдарына қатысты тақырыптар мен жеке деректерге қаншалықты манипуляция жасайтыны анық көрсетілді.

Сонымен қатар зерттеу нысанындағы кезекті бұқаралық ақпарат құралының бірі КТК телеарнасы болған соң, аталған тақырыптағы қазақ тілді репортаждарға да талдау жасалды (нәтижесі негізгі бөлімде). Репортаждағы фото, видео және ондағы кадрлар көмегімен, яғни визуал контент анализ жүргізіліп, этикаға сай немесе этикаға қайшы дүниелер талданды.

1.2. Сапалық контент анализ

Зерттеу жұмыста қолданылатын негізгі әдіс сапалық контент анализ болғандықтан, аталған зерттеу әдісіне теориялық негіздеме берілді. Контент анализ әдісі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылымда және журналистикада кең көлемде қолданылған. Кейбір заманауи авторлар оны коммуникация және медиа ғылымындағы зерттеу әдісі деп те атайды (Früh, 2007). Сондай-ақ контент-анализ қазіргі уақытта үш түрлі тәсілде қолданылатын және кең таралған сапалы зерттеу әдісі болып саналады және бұл пікірді ғалымдар да жоққа шығармайды. Оның негізгі артықшылығы: шартты, бағытталған және жиынтық тәсіл. Яғни, бұл зерттеу әдісі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы кез келген объектінің мәнін толық ашу үшін зерттеуге қосылып, барлық тәсілдер мәтіндік деректердің мазмұнын (жаңалық, мақала, сюжет, репортаж, сұхбат және журналистік

материалдар) түсіндіру үшін қолданылады. Тәсілдердің негізгі айырмашылықтары кодтау схемалары, кодтардың шығу тегі. Дәстүрлі контент анализде кодтау категориялары мәтіндік деректер арқылы алынады, бағытталған тәсілде талдау теория немесе зерттеу нәтижелерінен басталады, ал жиынтық тәсілде түйінді сөздер немесе мазмұн есептеледі және салыстырылады, содан кейін негізгі контекст түсіндіріледі.

Контент анализ әдісінің тағы бір артықшылығын ғалымдар үлкен көлемдегі мәтіндік деректермен, әртүрлі мәтінге негізделген дерек көздермен, ауқымды журналистік еңбектерге сүйене отырып, жұмыс істеуге және ондағы фактілерді дәлелдеу үшін пайдалануға қолайлы дейді. Ал кейбір зерттеуші, ғалымдар мен әлеуметтанушы мамандар әдістің кемшіл тұсын да жасырып қалмай, мынадай ойға негіздейді: Егер зерттеуші тарапынан ғылыми еңбекті дайындау кезінде шамадан тыс интерпретация жасалса, ол сәтті контент анализге қауіп төндіреді дейді (Elo & Kyngäs, 2008). Демек, сапалы контент анализді пайдалану барысында зерттеуші объектіге шектен тыс мағына беруден, фактілер мен алынған деректерді бұрмалаудан абай болуы керек екенін ескертеді.

Сапалық контент анализ – кез келген кең көлемді мәтін мен ақпараттың мазмұнына терең талдау жасауға, түсінуге және зерттеу аясында жиналған дереккөздерге сүйене отырып, оны салыстыруға мүмкіндік береді (Grønmo, 2020). Сондай-ақ тақырып мазмұнына тереңірек үңіліп, жаңалықта берілген суреттерге де шолу жасау үшін визуал анализді пайдалуға жол ашады. Сапалық контент анализ – тақырыптарды немесе үлгілерді жүйелі жіктеу, кодтау және сәйкестендіру процесі арқылы мәтіндік деректердің мазмұнын субъективті түсіндіретін зерттеу әдісі (Hsieh & Shannon, 2005). Осы тұстағы “субъективті зерттеу әдісі” деген ұғым жоғарыда аталған ғылыми жұмыс авторының еңбекке шектен тыс интерпретация жасауы оның сапасыз анализге, сапасыз талдауға әкелуі мүмкін деген гипотезаны еске салады. Сапалық контент анализ белгілі бір мәтінде айқын немесе жасырын болуы мүмкін мағыналарды, тақырыптарды және заңдылықтарды, қалыптан тыс әрекеттерді анықтау және зерттеу үшін сөздерді санаудан немесе мәтіндерден объективті мазмұнды шығарудан асып түседі. Бұл зерттеушілерге әлеуметтік шындықты субъективті, бірақ ғылыми түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сапалық контент анализ зерттеуі – бұл жеке адамдардың немесе топтардың әлеуметтік және тұлғалық проблемаларындағы мағынаны зерттеу, соған қоса мағынаны түсіну тәсілі ретінде қарастырылады. Зерттеу процесі барысында туындайтын сұрақтар мен қорытынды нәтижелер, одан бөлек, тақырыпқа қатысты деректер, зерттеудің табиғаты мен мәнін аша түсетін ерекшеліктер жалпы тақырыптардағы талдауды түсіндіруді қамтиды (Creswell, 2014). Демек, таңдалған зерттеу әдісі ғылыми еңбекті жан-жақты аша түседі. Сондай-ақ оның артқы фоны мен мазмұнындағы мағынасына терең талдау жасауға мүмкіндік береді.

Сапалық контент анализ – зерттеу әдісі ретінде кең таралған әрі жиі қолданылатын болған соң, оның әсер ету ауқымы да жан-жақты, сонымен қатар өте көп салада қарастырылады. Мысалы әлеуметтік ғылымдарда, маркетингте, психологияда, саясатта және басқа салаларда да кеңінен қолданылады. Соған қоса, сандық әдіспен қатар қолданылған сапалық әдіс зерттеу жұмысына деген сенімділікті арттыруға көмектеседі (Войскунский & Скрипкин, 2001). Сондай-ақ зерттеушілер икемді әдіс ретінде де ауыз толтырып атап өтеді. Әдістің тағы бір артықшылығы ғылыми жұмыс авторының қиындық туғызатын деректерінің қарапайым нұсқауларын да көрсетеді әрі оның оңай мағынаға ие болуына мүмкіндік туғызатынын зерттеушілер де жоққа шығармайды. Ғылыми жұмыстың бұл бөлігінде сапалық контент анализдің негізгі аспектілерін, оның артықшылықтары мен шектеулерін, сондай-ақ оны іске асыру процесі мен әдістері қарастырылады. Сапалық контент анализдің негізгі артықшылықтарының бірі – зерттеушілерге сандық бағалауға келмейтін сапалық деректерді талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сапалық контент-анализ зерттеушілерге зерттелетін деректерді тереңірек түсінуге, жасырын идеялар мен тұжырымдамаларды анықтауға және олардың арасындағы байланыстарды түсінуге жәрдемдеседі (Mauring, 2004). Осы тұста зерттеу әдісін тақырып нысанына бағыттайтын болсақ, суицид оқиғалары мен олардың орын алуы туралы әңгімелердің тілін, реңкін және сөйлем құрылымын қалай өзгертуге болатынын сыни тұрғыдан ойлау үшін, жалпы редакцияның сіңіп кеткен жазу стиліне анализ жасау үшін аталған зерттеу анализі қолданылады.

Сапалық контент анализ қолданудың тағы бір мысалы – баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы контентті, мәтінді, оқиға мен жағдайдың мағынасын зерттеу болып табылады (Hijmans, 1996). Осы тұста, зерттеу әдісінің бұл артықшылығы ғылыми жұмыстың негізгі мақсатына көмектесе алады. Себебі ғылыми еңбектің объектісі ретінде алған Tengrinews және Orda сияқты онлайн порталдар мен КТК телеарнасындағы контенттің, оның ішіндегі суицид тақырыбына қатысты жаңалықтардың мағынасына зерттеу жүргізу үшін таңдалды және көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылады. Сапалық контент анализ көмегімен зерттеушілер мақала мен жаңалықта айтылған тақырыптарды, олардың жиілігін, жіктелуін, күн тәртібін және басқа параметрлерді талдай алады. Логикалық және статистикалық процедураларға қарағанда, адам құбылыстарын зерттеу үшін өмірбаянды, жағдайды зерттеуді, тарихи талдауды, дискурсты талдауды, этнографияны, негізделген теорияны және феноменологияны қоса алғанда, зерттеудің көптеген жүйелерін пайдаланады. Қоғамдық құбылыстарды олардың табиғи ортасындағы терең түсінуге ұмтылатын натуралистік зерттеу процесі деген анықтама береді.

Зерттеу әдісінің ерекшелігінің тағы бір тұсы, оның сұрақ қою арқылы мән іздеуінде жатыр. Ол әлеуметтік құбылыстардың «неге» емес, «неліктен» екеніне назар аударады және адамдардың күнделікті өміріндегі мағыналық агенттер

ретіндегі тікелей тәжірибесіне сүйенеді. Сапалық контент талдаудың мақсаты «зерттелетін құбылыс туралы білім мен түсінік беру». Сол себепті де аталған зерттеу әдісінің ғылыми еңбек аясында көздеген негізгі нәтижесі мен қорытынды ұғымға жетуде маңызы зор. Зерттеу объектісі ретінде таңдалған медиалардың контентіне талдау жасау арқылы күнделікті медиада оқып жүрген ақпараттардың қоғамға ықпалы турасынан бағамдаудың өзектілігі бар. Сапалық контент анализды қолданатын зерттеулер мәтіннің мазмұнына немесе контекстік мағынасына талдау жасай отырып, тілдің сипаттамаларына назар аударады. Себебі тілдік сипаттамалар аудиторияның жиіркеніші мен сүйіспеншілігі, жек көру мен стереотипті ойлауына да әсер ете алады. Сондай-ақ таңдалған зерттеу әдісі құжаттарды талдау әдісі ретінде де белгілі. Мазмұнды талдау зерттеушіге деректерді түсінуді жақсарту үшін теориялық мәселелерді тексеруге мүмкіндік береді, оған қоса сөздерді мазмұнға қатысты аз санаттарға бөлуге болады. Зерттеу мәні бір санаттарға жіктелген кезде сөздер мен сөз тіркестері және соған ұқсас ұғымдар бірдей мағынаға ие болады деп болжанады (Cavanagh, 1997). Дәл осы тұста зерттеу жұмыстың негізі бөлімін алға тартуға негіз бар. Себебі бір санатқа жіктелген сөз немесе сөз тіркестері арқылы редакциялардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын қаншалықты этика шеңберінде жазады сұрағына жауап іздеуге мүмкіндік ашылады. Ал талдаудың нәтижесі – құбылысты сипаттайтын ұғымдар немесе категорияларды анық көрсетіп береді. Бұл әдіс жай деректерді сипаттаудан немесе сандар ойынын ойнаудан гөрі күрделі деректерді талдауды ұсынады. Сапалық талдаудың сонымен қатар суицид туралы жиі және сирек есеп беретін газеттер арасында үлкен айырмашылықтарды табуға (Frey, Michel және басқалары, 1997с), салыстырмалы түрде мазмұнын талдауға мүмкіндік береді.

Осы тұста зерттеу объектісіне айналған медиа порталдардың мазмұны кілт сөздер арқылы кодталады. Кодтардың бірнеше мәрте қайталануы немесе салыстырмалы түрде көп және аз болуына байланысты мәтінге мағына берілді. Сол арқылы әр редакциясының суицид тақырыбын жазудағы кәсібилігі мен этикаға сай материал дайындауы талқыланады.

1.3. Визуал анализ

Зерттеу жұмыстың қорытынды нәтижесіне қол жеткізу үшін, диссертация тақырыбының жан-жақты зерттелуі мен ашылуы үшін негізгі әдістің бірі ретінде визуал анализ таңдалды. Оның ең маңызды себебі – суретте көрсетілген суицид орыны, яғни көрнекі иллюстрациялар мен фотосуреттерді талдау (Ownby, 2013). Зерттеушілер бұл әдісті қолдану арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының, атап айтқанда, медианың позициясын, тақырыпты оқырманға ұсынудың артында қандай мән мен мағына жатқанын да анықтауға мүмкіндік барын айтады. Мысалы, егер суреттер әрқашан қандай да бір конфликттің бір жағын көрсетсе, онда бұл медиа тарапынан болған бұрмалау мен манипуляцияны көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, визуал анализ бейне

жазбаларды талдауда көмектеседі, контекст және жасырын мәндерді анықтайды (Jewitt & Leeuwen, 2000a).

Сол себепті зерттеу жұмыстың маңызды бөлігі ретінде визуал анализ әдісін таңдаудың мақсаты зерттеу объектісі ретінде таңдалған үш медиа өнімнің, яғни әлеуметтік медиа платформасында суицидтің қалай бейнеленгенін талдау болды. Себебі Pinterest әлеуметтік медиа платформасына зерттеу жасаған ғалымдар “суицидтік ойлар мазмұны жаңалықтардағы ілеспе мәтіндермен қатар көрнекі бейнелерде де көбірек қолданылады” – дейді (Guidry, O'Donnell, Miller және басқалары, 2020).

Соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты қозғалмалы бейнелерді зерттеудің маңызы зор. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе теледидар мен видео материалдарды көрсетуге мүмкіндік беретін медиалар да басқа медиа платформаларға (радио және баспа, газет, журналдар) карағанда, суицидтің жоғарылауымен байланысты болуы ықтимал деген дәлелдер бар (Pirkis, Burgess, Francis, Blood, және Jolley, 2006b). Зерттеулердің қорытындысына сәйкес, көп жағдайда фильмдердің суицидтік мінез-құлықты көбірек бейнелейті дәлелденген. Себебі экран арқылы ақпарат және хабар таратушы медиалардың оқиғаны сол қалпында беруге мүмкіндігі зор. Яғни, суицид тақырыбын оқырманға жеткізу кезінде визуал элементтерді көрсету арқылы оның әдісін де, орын алған мекенін де, өз-өзіне қол жұмсау әрекетін қалай іске асырып жатқанына және суицид фактісіне ұмтылған тұлғаны да көрсетуге ықтималдық деңгейі жоғары. Демек, жеке деректердің шектен тыс қол жетімділігіне әкеледі.

Зерттеуге визуал контент анализді негізге алып отырған себеп - суреттер мен видеолардың астарындағы мағынаға үңілу. Медиа өнімнің контентіне талдау жасау арқылы визуал ақпаратты қаншалықты этикаға сай жүзеге асыратынын талдау және шолу жасау. Жоғарыда айтылғандай, мүмкін мақала авторы орын алған суицид оқиғасының немесе конфликтінің бір жағын ғана көрсетіп және оны визуал элементтер арқылы бұрмалауға, оқырманды адастыруға әрекет еткен болуы да мүмкін деген ойды жоққа шығармайды.

Визуалды контент талдаулары бұқаралық ақпарат құралдарындағы визуалды мазмұнның сипатын бағалау үшін және дәлірек айтқанда, стереотиптердің болуын тексеру және олардың көрермендер, оқырмандар немесе жалпылама айтқанда, аудиторияның әлеуметтік мәселелерді түсінуіне әсерін анықтау үшін жиі қолданылады дейді ғалымдар.

Бұл зерттеулер Гоффманның фреймдік талдау теориясын басшылыққа алады, ол стереотип өндіру процесінің теориялық негізін береді (Гоффман, 1974). Фрейминг теориясы дереккөздің (мысалы, жаңалық) белгілі бір әлеуметтік мәселені анықтау процесін түсіндіреді және осы мәселеге қатысты негізгі проблемалар мен ойларды сипаттайды (Nelson, Oxley, & Clawson, Citation 1997). Дәл сол сияқты зерттеу жұмыстың мақсаты суицид тақырыбындағы кейбір визуал элементтердің пайдалану жолына қарай, сайттағы орналасу орыны мен мақаланың мазмұнына қосып тұрған мәніне

қарай, мәселенің астарына үңілуді көздейді. Қазақ тілді жаңалықтардың бұқаралық ақпарат құралдарына материал жазу кезінде қандай да бір стереотиптер мен этикалық нұсқаулыққа сай суицид тақырыбын аудиторияға хабарлау логикасына назар аударады. Визуал анализдің ауқымы кең. Оны танымал мәдениеттегі, саясаттағы, экономикадағы, ғылым мен технологиядағы үрдістерді зерттеу үшін де пайдалануға болады.

Соңғы кезде әсіресе журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратпен жұмыс істейтін көптеген басқа мамандар мен медиа қызметкерлер арасында бұл әдіс танымал бола бастады. Бұл оларға тақырыптың маңызды аспектілерін анықтауға және оқиғалардың объективті бейнесін қалыптастыруға көмектеседі. Бейне сюжеттер мен жазбаларды зерттеу арқылы бұқаралық ақпарат құралдары қандай месседжді жеткізгісі келетін анықтауға болады (Jewitt & Leeuwen, 2000b). Осының арқасында ғылыми жұмыстың негізгі мәні мен мақсатының орындауына айтарлықтай мүмкіндік бар. Визуал, оның ішінде фото, видео, тақырыпқа сай немесе қатысы жоқ суреттің өзі белгілі бір деңгейде маңызды рөл атқарады. Өйткені көрермендер визуалды кадрдың әсерін білмей, кей жағдайда байқамай да визуалды кескіндерді шындық ретінде қабылдайтынан да ғалымдар ескертеді (Messaris & Abraham, Citation, 2001).

Визуал көрнекілік белгілі бір жағдайларда күшті құрал болып саналады, дегенмен суицид тақырыбындағы жаңалықтардың ілеспе суреті мен бейнелеріне қатысты болған кезде, оның әсерінен туындайтын еліктеу әрекеті және жұқпалы әсерлер бұл артықшылықты ақтамайды. Себебі, визуал көрнекіліктердің суицид фактілерінің өсуіне ықпал ететіні туралы дәлелдер бар және соңы зиянды нәтижелерге әкелу қаупі жоғары екенін тақырып аясында жүргізілген арнайы зерттеулер мен тәжірибелер көрсеткенін айтады (Posselt, McIntyre және Procter, 2021).

Әрбір көрермен мен оқырман бұқаралық ақпарат құралдарымен әртүрлі әрекет етеді және бұл ықтимал нәтижелерді өзгертеді. Мысалы, депрессия, өзіне-өзі қол жұмсау, қоғамнан оқшаулану, әлеуметтік қысым секілді проблемаларды медиадан көрген кезде, көрермен кейіпкерден өзіне сәйкес тұстарын іздей бастайды. Осы тұста мұндай медианы қараудың ықтимал зиянды әсерлері көбірек болуы мүмкін. Кей жағдайларда және кейбір адамдар үшін медидағы үміт туралы әңгімелер, көмекке жүгіну және суицидтік дағдарысты жеңудің жолдары мен оны оңтайлы өткеріп шыққан жеке тұлғаның бейнесі көрсетілсе, ол оң нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Медиа мамандарына арналған әлемдік нұсқаулықтарда да суицид материалдарының визуалы еліктеуді тудыратынын, дайын әдістер мен оқиға орынынан хабар таратудың этикаға жат екенін жиі ескертеді. Вонг (2004) зерттеуге болатын фреймингтің төрт негізгі өлшемін атап өтті: бірінші, жаңалықтарды ұсыну (олардың өлшемі мен орналасуы); екінші, жаңалықтар тақырыбы (немесе кадрға енгізілген мәселелер); үшінші, когнитивтік атрибуттар (немесе енгізілген мәселелердің нақты мәліметтері); және төртінші аффективтік атрибуттар (суреттің реңкі). Ал бұл ғылыми еңбекте жоғарыда

аталған төрт негізгі өлшемдері негізге ала отырып, суицид тақырыбындағы мақалалардың контентіне талдау тереңдей түседі. Аталған өлшемдер бұқаралық ақпарат құралдары үшін аудиторияның басылым бетіне жарияланған мақаласының дұрыс немесе бұрыс қабылдануында зор ықпал етеді. Жалпы қоғамда коммуникацияның көрнекі түрлерін қолдану, сондай-ақ оны өндіру және беру кең таралып жатқанымен, визуалды зерттеу әдістерін қолдану әлеуметтік ғылымдарда кең таралғанын байқаған. XX ғасырдың бірінші жартысынан бастап әлеуметтік антропологияда пайда болған бұл сала да, бейнелерді жазу және жаңғыртудың жаңа технологиялары бірте-бірте этнографиялық фильмнің, содан кейін визуалды антропологияның бөлімшелеріне енді. Визуалды технологиялар мен визуалды деректерді пайдалана отырып зерттеулер әлеуметтік саланың басқа салаларына ауысты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицид оқиғасын экранда және сахнада бейнелеуге қатысты жинақты жариялайды. Жинақ мазмұнына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралында суицидті бейнелеудің оң әсерлерін арттыру және ықтимал теріс әсерлерді барынша азайтуға болатын жолдары жарияланған (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2019). Аудиторияға көмек іздеудің, өзіне және басқаларға қамқорлық жасаудың маңыздылығын көрсететін бейнелерді ұсынады және үміт сыйлайтын мәліметтерді бөлісудің маңызы зор екенін айтады.

Әрине, барлық зерттеулер бірдей визуал элементтердің аудиторияға әсері бар деген ұғымды дәлелді деп қабылдай бермейді (Scherr және Reinemann, 2011a). Кей зерттеулер қорытындысы бейтарап нәтижемен аяқталса, кей ғылыми еңбектер гипотезаға оң жауап алады. Барлық зерттеулер көрермендер мен медиадан ұсынылған бейнелер арасында суицидтік әрекеттердің жоғарылағанын дәлелдемейді және бірнеше зерттеулерде суицидтік ойлар немесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы бейнелеу нәтижесінде мінез-құлық өспегені анықталған. Мысалы, Scherr and Reinemann (2011b) жүргізген зерттеу бір топ суицидтің графикалық бейнесімен аяқталған музыкалық бейнені көргеннен кейін өзін-өзі өлтіру қаупі туралы екі топ арасында ешқандай айырмашылық таппаған.

Олар соңғы уақытта айтарлықтай эмоционалдық және психологиялық күйзелісті бастан өткерген қатысушылардың осалдығымен байланысты жоғары сезімтал тақырыптар мен этикалық мәселелерді қарастыратын зерттеу үшін көрнекі әдістерді қолдануды және визуал зерттеу әдістерін пайдалану кезінде қатысушылардың құпиялылығы мен жеке өміріне қол сұғылмаушылықты қорғау стратегияларын талқылайды. Сонымен қатар бұл талқылаудың маңызы да жоғары екенін зерттеулер көрсетеді.

1.4. Іріктеме

Ғылыми жұмыстың негізгі зерттеу объектілері – Tengrinews.kz, Orda.kz порталдары және КТК телеарнасы. Аталған медиаларды зерттеу нысанына

айналдыру үшін төмендегі критерийлер басты назарға алынды: осы тұста мемлекет есебінен қаржыланып отырған – мемлекеттік медиа және жеке ұйымдардың қаржыландыруымен контент жасаушы – жекеменшік медианың бірі мен бір тәуелсіз телеарна таңдалды. Таңдалған редакциялардың суицид тақырыбындағы жаңалығы мен мақаласы, репортажы мен сюжеттерінің хабарлау сапасын бағалау зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты.

Tengrinews сайтын таңдауымыздың негізгі себебі – ақпараттық портал мемлекеттен тапсырыс алады. Демек, редакцияның ішкі саясатынан, яғни порталдың контентінде мемлекет үні көрінетін медиа қатарына жатады. Мемлекеттің қаржыландыруы белгілі бір деңгейде кез келген ақпараттың өзгерісіне немесе кей маңызды мәліметтер мен деректердің үкімет пайдасына қарай бұрмалануына ықпал етеді.

Осы тұста, мына бір маңызды дүниеге назар салудың орайы туады. Ғылыми еңбектің негізгі нысаны белгілі бір аудиторияның, яғни ересектер, балалар мен жөсөспірімдер суициді емес (дәл сол сияқты, ерлер немесе әйелдер деп жынысқа да бөлінбейді), жалпы суицид туралы материалдардың бұқаралық ақпарат құралдарында қалай жазылатынына мән беріледі. Демек, аталған медиа ұйымдар мен ақпараттық порталдар өз өзіне қол жұмсау тақырыбын жазған кезде қаншалықты этикалық талаптарды сақтайды, суицид әдісі мен оның себептерін қаншалықты көрсетеді, осы және өзгеде сұрақтарға жауап іздеу негізгі мақсат болды.

Зерттеу жұмысын іске асыру кезінде негізгі басымдық редакцияда жарияланған мақалалар мен жаңалықтардың мазмұнына бағытталады. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттың аудиторияға әсері тұрғысынан ықпалы өте зор. Медиа арқылы қол жеткізген ақпарат қарапайым тұлғалар үшін өмір салты мен көзқарасына, ойы мен шешіміне жеткілікті деңгейде ықпал ете алады. Тұлғаның өмірінің жақсы немесе жаман жаққа өзгеруіне, оның дамуы немесе төмендеуіне де әсерін тигізе алады. Бұл туралы жоғарыда әдебиетке шолу бөлімі мен теорияларды тарқату кезінде кеңірек айтылды. Сол себепті бұқаралық ақпарат құралдары мен ондағы әр маман өзінің тарататын ақпаратына жауапты, соның ішінде суицид секілді нәзік тақырыптарды қозғау кезінде журналистерден екі есе жауапкершілік талап етіледі.

Жалпы суицид тақырыбының аталған порталдардағы жазылу стилі мен аудиторияға ақпаратты жеткізу моделі талқыланады. Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі этикалық нұсқаулықтар мен теорияларға негіздей отырып, анализ жүргізу негізге алынды. Ал, осы тұста, Orda.kz порталы зерттеу объектісі ретінде таңдалды. Неге деген сауалдың жауабы: біріншіден, Орда ақпараттық порталы жекеменшік медианың бірі. Соған сәйкес медианың контентінде еркіндік, тәуелсіз ақпарат тарату, цензурадан аулақ болу немесе белгілі бір тақырыптардың бұрмалануына айтарлықтай кедергілер болмайды деп есептелді. Екінші себеп, елімізде болған ең ірі суицид оқиғаларында басқа

ақпарат құралдарына қарағанда орын алып жатқан жағдайларға қатысты белсенді ақпарат таратқан жекеменшік порталдың бірі.

Ал КТК телеарнасы еліміздегі ең танымал, сонымен қатар әр бағдарламасы, ток-шоулары мен жаңалықтары басқа арналарға қарағанда жоғары қаралым жинайтын арналардың бірі. Демек, аудиторияға жауапты ақпарат тарату тұрғысынан алғанда, өзге арналардан жауапкершілігі өте маңызды объектілердің бірі және бірегейі. Осы тұста таңдап алынған екі тараптағы ақпараттық портал мен бір телеарнаның, яғни медианың зерттеу тақырыбы бойынша қазақ тілді жаңалықтарын салыстыра отырып, олардың суицид тақырыбын жазу кезіндегі стилі мен мәтін мазмұнына сапалы контент анализ жүргізіледі. Оған қоса, үш медианың ақпаратты хабарлау барысындағы көрнекілік, яғни фото, видео материалдарына да визуал анализ жасалады.

Іріктеме жасайтын кезең үшін 2021 жыл таңдалды. Себебі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соңғы 5 жылдағы мәліметі бойынша 2021 жылы елімізде 100 адамға шаққанда суицид оқиғасы көп тіркелген. Яғни, салыстырмалы түрде басқа кезеңдерге қарағанда ресми деректерден байқағандай, дәл осы жылы ең жоғары суицид фактілері тіркелген.

Сонымен қатар, осы тұста, 2021 жылды таңдаудың тағы бір қосымша себебіне тоқталатын болсақ, елімізде орын алған резонансты жағдайлардың тіркелген жылы болды. Атап айтқанда “Назарбаев мектебінің оқушысы өзіне қол салғаны туралы” факті осы кезеңде тіркелді. Оған қоса, ең көп даулы және қоғам пікірін екіге бөлген оқиғалардың бірі болды. Аталған жағдай медиада өте кең көлемде таралып, қоғам арасында қайшылықтар мен конфликт туындады.

Сол себепті осы аралықтағы материалдарды негізге ала отырып, сапалық контент анализ жасалады, әр редакциясының өз-өзіне қол жұмсау, суицидке әрекет ету мен жағдайдан кейінгі көріністі қалай сипаттап жазылғанына талдау жүргізіледі. Суицид тақырыбының медиада қалай көрініс табатынын, қандай шаблондар мен стандарттарға сай материалдарды ұсынатыны анықталады. Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарындағы репортаждардың өзектілігін ескере отырып, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы (ДДҰ) бұқаралық ақпарат құралдарының өз-өзіне қол жұмсау туралы жауапты репортаждары бойынша нұсқаулықтар әзірлеген болатын, ол жерде өте анық әрі нақты "істеу" және "жасамау" тәжірибелерінің тізімі бар (World Health Organization, 2023). Халықаралық ұйымының нұсқауларына сәйкес суицид туралы хабарлардың сапасын бағалау үшін мазмұнды талдауды қолдандық.

Егер редакциясының таратқан жаңалық мазмұны да этикаға қайшы дүниелер болса, теорияға әрі нұсқаулықтарға сүйене отырып этикалық тұсына мән беріледі. Әр ақпарат құралынан суицид құрбанының аты-жөні, жынысы және жасы, марқұмның туыстарымен болған сұхбаттар туралы, сонымен қоса тұлғаның жеке хаты мен деректері бойынша мәліметтер мен суицид әдісі, орыны және соны нақты сипаттауға қатысты мақалалар зерттеу барысында таңдап алынады.

Дисклеймер: Сонымен қатар зерттеу барысында қолданылған суреттер мен визуал элементтер ғылыми анализ үшін қолданылды.

2-Тарау. Суицид тақырыбының медиадағы көрінісінің этикалық аспектілері: Orda.kz, Tengrinews порталдары және КТК телеарнасы

2.1. Tengrinews басылымына сапалық контент анализ және визуал анализ

ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға сәйкес суицидті насихаттайтын ақпарат – адамды өз өмірінен әдейілеп айырылуға итермелейтін ақпаратты жазуға тыйым салынатыны көрсетілген (БАҚ туралы заң, 1-бап, 14 тармақ).

Заңдағы “өз өмірінен әдейілеп айырылуға итермелейтін” – деген сөз тіркесінің мәні медиа алаң мен ақпараттық кеңістікте пайда болған кез келген ақпаратқа жауапты қарау екені анық. Tengrinews порталындағы суицид тақырыбына, яғни өз-өзіне қол жұмсау туралы ұлттық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының нұсқаулықтарымен Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымынан алынған бірқатар критерийлер бойынша бағаланды (Samaritans, 2013 және WHO, 2014d).

Осы тұста сапалы контент анализіміздің нәтижесіне үңілетін болсақ, Tengrinews сайтында 2021 жылы суицид тақырыбына қатысты 29 қазақша жаңалық жарияланған. Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидтің этикаға сай жазылу сапасы туралы жалпы түсінікке қол жеткізу үшін деректерді Microsoft Excel кестесіне енгізілді. Нәтижесін талдайтын болсақ:

Кесте 2.1. Tengrinews.kz порталындағы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ

Суицид	2
Жасөспірім	4
Өз-өзіне қол жұмсады	7
Марқұм	2
Мәйіт	1
Көпірден/терезеден секіріп кетті	21
Қайтыс болды	5
Жақындарына көңіл айтады	1
Өзіне/ басына оқ атқан	3
Қайғылы оқиға	2

Суицид тақырыбының фотосуреті	3
Суицид жасаушының жеке деректері	2
Асылып қалған	2
Себебін жазу	2

Дереккөз: Автор кестені контент-анализдің негізінде құрастырған

Жоғарыдағы кесте де оқиға орыны, суицид тақырыбы және оны жазу кезіндегі сөз тіркестері, редакцияның тақырыпты оқырманға жеткізу үшін қолданған фото, суреттері мен визуал элементтері, сонымен қатар әдісті сипаттауы мен суицид себебін хабарлауы негізге алынды. Оған қоса, оқырманды ақпараттандыру мақсатындағы мақалалар мен жаңалықтарға да анализ жасалып, контент мазмұнына төмендегідей талдау жүргізілді.

Айта кететін жайт, 2021 жылдың ішінде Tengrinews сайтында жарияланған *29 қазақ тілді жаңалықтың 21-іне суицид оқиғасының нақты әдісі* сипатталған. Бұл іріктелген мақалалардың жартысынан көбі этикалық аспектілерді ескермейтінін байқатады. Осы тұста порталдың контент мазмұнына тереңірек мән беретін болсақ, *“өз өзіне қол жұмсады” тіркесін 7 рет пайдаланса, “суицид” сөзін 2 рет қолданған.* Бұл жалпы ақпаратты жеткіздің суыққанды әрі қалыпты жағдайдағы жеткізу тәсілі деп айтуға болады. Яғни, орын алған оқиғаны оқырманға ешқандай драматизацияға, эмоция мен асыра сілтеуге, сенсацияға жол бермей жеткізу, шектен тыс аудитория аянышын тудыратын мәтіннен әрі оқиғаның суицидтен ғана болғанын хабарлау маңызды екені белгілі. Соған қарамастан, аудиторияға ықпал ету деңгейі жағынан зиянның қауіпін азайтатыны да айтылған еді. Редакцияның тағы бір артықшылығы деп санауға болатын тұсы – суицид оқиғасының себебін тек екі жаңалықта ғана көрсеткен. Әрине, бұл салыстырмалы түрде жақсы көрсеткіш. Себебі соңғы орын алған оқиғаны немесе марқұмның кейінгі күндері басынан өткізген жайсыздығы мен мазасыз күйін өлімнің себебі ретінде қабылдап, оны оқырманға бөлісетін жағдайлардың орын алатыны анық.

Осы тұста, талдау нәтижесіне көз жүгіртетін болсақ, өз өзіне қол жұмсауға қатысты жазылған ақпараттың 72%–ында нақты әдіс жазылған. Оған қоса, әдісті егжей-тегжейлі сипаттау да бар. Мысалы, *“Үш баласын терезеден лақтырып, кейін артынан өзі секірген ана”* туралы жаңалықты төрт мәрте қайталап шығарады (Шарипханова, 2021а). Этикалық нормаларға сәйкес, бір тақырыпты бірнеше мәрте жазып, *“оқиғаға қатысты тың дерек табылды”* немесе *“марқұм соңғы хатты жазған”* деген ақпараттық іліктің орынсыз екенін ескертеді.

Зерттеудің бірінде атақты адам немесе қарапайым тұлғаның өз-өзіне қол жұмсаған әрекеті болсын, кейін сол өлім туралы Twitter қолданушылары немесе басқа да әлеуметтік желілер де айтарлықтай реакция тудырып, қоғам

резонансына тап болған болса ғана, суицид әрекеттерінің арту көрсеткіші байқалған. Алайда, ең аз хабарланған суицидтерге де, сәйкесінше өте аз көңіл бөлінген, сондықтан жалпы халықтың суицид деңгейіне аз әсер етті деген нәтижеге қол жеткізген (Ueda, Mori, Matsubayashi және басқалары, 2017). Бұл пікірді нені аңғартады? Яғни, суицид оқиғасын сенсация жасап, бірнеше мәрте жазып, қоғам назарын аударудан аулақ болу маңызды. Егер этика шеңберінде, ешқандай стигма мен эмоциясыз жазылған ақпарат көп жаңалықтың бірі ретінде хабарланады да, аудитория назарын сол оқиғаға оқшауламайды. Нәтижесінде, өз - өзіне қол жұмсау тақырыбына қатысты мазмұны сапалы әрі зиянсыз ақпарат пен жаңалық таңдау критерийі де арта түседі.

Сурет 2.1. Суицид оқиғасы болған көпқабатты үйдің суреті

22 қараша 2021 16:25

"Үш баланы лақтырып, кейін өзі секірді". Куәгерлер Алматыдағы қайғылы оқиғаның мән-жайын айтты

Дина Шарипханова
Корреспондент

8573



TENGRI AUTO

TENGRI TRAVEL

"Алтынемел" ұлттық саябағындағы "алтын қазына" видеоға түсірілді

Бүгін 206

Қарағанды облысында вагон рельстен шығып кетті: кідірістер бола ма?

Бүгін 117

"Демалыс маусымы": ҚТЖ қазақстандықтарға үндеу жасады

Кеше 180

Өлімге әкелген естелік сурет: турист Индонезиядағы жанартау кратеріне құлап кетті

Дереккөз: <https://shorturl.at/LzXVg>, қарау күні: 14 ақпан, 2023 ж.

Төрт жаңалықтың тақырыбынан да суицид әдісін өте оңай табуға болады. Аталған материалда көрсетілгендей, журналист орын алған оқиғаның себебін анықтауға ұмтылады. Өйткені екінші және үшінші мәрте ұсынған жаңалықта марқұмның әлеуметтік жәрдемақы бойынша тіркеуге тұрмағанын бірнеше мәрте жазады.

Кестеде берілген келесі маңызды сөз тіркесінің бірі және мақалада адам назарына ерекше түсетін тұсы – **“көпірден секіріп кетті” тіркесі - 2 рет, “терезеден секіріп кетті” тіркесі - 19 рет, “өзіне оқ атты” тіркесі - 3 рет және “асылып қалған” тіркесі - 2 рет жазылған.** Байқағандай, жаңалық мазмұнындағы мәліметтерде этикаға қайшы дүниелерді байқауға болады. Барлық таңдалған кодтарға ортақ дүние – суицид әдісінің нақты сипатталғаны болып отыр. Өйткені бұл сөз тіркестері суицидтің қалай болғанын ашық әрі егжей-тегжейлі суреттейді және орын алған оқиғаның қалай іске асқанын және қандай жерде болғанын да сипаттайды.

Оқиға орынының нақты мекен жайы, тұрғын үй кешенінің атауы, кей жағдайлар да пәтер нөміріне дейін айтылып, тұрғын үй кешенінің суреті беріледі. Марқұмның көршілері немесе куәгерлері тарапынан оқиғаға қатысты пікір де алынады. Жоғарыда аталаған нақты суицид әдістерін және дәл осы мазмұндағы етістіктерді қолдану сенсациялық ақпарат тарату болып табылады. Сондай-ақ егер “асылып қалды”, “секіріп кетті”, “өзіне оқ атты”, “балаларын терезеден киімсіз лақтырып жіберді” – деген сөздер мақаланың тақырыбына қойылатын болса, бұл әрекеттер этиканы өрескел бұзу екенін алға тартады (Американдық суицидология қауымдастығы, 2015a).

Сенсациялық тілді қолдану, оның ішінде адамның немесе оқиғаның психикалық денсаулығын сипаттау үшін қолданылатын кемсіту тілдерден аулақ болуды ескертеді. Мысалы, "маньяк", "эпидемия", "ессіздік" және т.б. Сонымен қатар оқиғаға қатысты комментарий берген куәгерлер мен көршілер бұл жағдайларға “обал-ай”, “жақсы отбасы сияқты еді” – деген мазмұндағы, аудиторияның аянышын тудыратын пікірлерді ортаға салады. Мысалы, **“Үш пен жеті жас аралығындағы үш бала жерде жатты. Дәрігерлер олардың өмірін сақтап қалуға тырысты, өкінішке қарай, екеуі сол жерде қаза болды. Балалар жалаңаш болды, тіпті олардың біреуінде шалбары да болмады. Мұны көргенде жүрегім ауырды. Ата-ана баласының өміріне осылай қарауы сұмдық”**, – дейді оқиға куәгері Назар Рефан – деп жаңалық мазмұнын куәгер сөзімен бекіте түседі (Шарипханова, 2021b). Сонымен қатар, жас келіншектің өз өмірін қиғаны, балалары мен осындай жағдайға тап болғаны өкінішті екенін де айтады.

Америкалық суицидология қауымдастығы да, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да өзін өзі өлтіру мақалаларын жариялау кезінде қаза болған адамның отбасына көңіл айтудың маңызды екенін ескертеді. Алайда жүргізген талдау нәтижесі бізге 29 жаңалықтың біреуінде ғана көңіл білдіру сипаты бар екені анықталды. Демек, мақала да халықты ақпараттандыру үшін денсаулық сақтау саласындағы сарапшыларға, зерттеулерге және басқа да қосымша деректерге негізделген мәліметтер көзге түспеді. Суицидтің алдын алу туралы мемлекеттік бағдарламалар мен қабылданып жатқан басқа да іс-шаралар жайында аудиторияны ақпараттандырудың дұрыс шешім болатынын халықаралық ұйымның мүшелері жоққа шығармайды және жиі ескертеді.

Ендігі кезекте, осы аралықта жария болған бірнеше жаңалықтың контекстіне тоқталатын болсақ, TengriNews сайтындағы **“Алматы облысында 15 жастағы оқушы асылып қалған”** мақаласын негізге алайық, бұл мақаладан да өте көп этикаға қайшы дүниелерді кездестіруге болады (Құлтаев, 2021a). Мысалы, жаңалық контентіндегі мына бір мәтінге назар аударатын болсақ: **“Қорқынышты! Үздік оқитын балаң... Төрт жасынан бастап мақтау қағазы алып келеді – балабақшадан. “Әнші балапанға” қатысқан. Өмір сүргісі келетін бала еді”**, – дейді Диананың анасы Бақытты Айтмұратова (Құлтаев, 2021b).

Біріншіден, тақырып сенсациялық, аудиторияның назарын аудару үшін марқұмның оқушы екенін айтып, оның нақты жасын да атап өтеді. Сондай-ақ “өз өзіне қол жұмсады” – деген тіркестің орнына “асылып қалды” сөзін алдыңғы орынға шығарып, тақырыпқа ұсынады. Осы тұста егер медиа жасөспірім мен балалар суицидіне дәл осындай немқұрайлық танытатын болса, онда бұл “Бұқаралық ақпарат құралдарының суицидке деген көзқарасы қоғамның осы мінез-құлыққа деген көзқарасын көрсете алады” деген пікірге негіз бола алады (Фекете және Шмидтке, 1996). Жалпы алғанда, әлі сыни пайымы мен терең анализ жасау қабілеті қалыптаспаған мектеп оқушылары мен жасөспірімдер, өмірдің әртүрлі қырын енді көріп жатқан басқа да балалар үшін мұндай мазмұндағы ақпаратты оқу – қауіпті дейді сарапшылар. Себебі олар оқиғаның мән-жайын білмей, өзінің де басынан өтіп жатқан осыған ұқсас жағдайларды еліктеу әсерінен көшіріп басуы және мәселенің шешімі осы екен деп ойлауы әбден мүмкін.

Зерттеулер көрсеткендей, жастар, әсіресе жасөспірімдер имитациялық әсерлерге осал, әлеуметтік оқытуға даму жағынан сезімтал және мінез-құлықты модельдеуге бейім екені және осы кезеңдерде үлгі алатын тұлғаларды іздейтіні де айтылған. Бұл процестер баланың суицидтік мінез-құлқы мен әрекеттерден айқын көрінетінін байқаған. Шын мәнінде, суицидтік мінез-құлықтың кластерленуі ересектерге қарағанда жасөспірімдер де жиі кездесетіні анықталған (Hawton, Hill, Gould және басқалары, 2020). Бұл ересектер мен үлкендерге қарағанда балалар да сезімталдықтың механизмдері көп қырлы екенін және жасөспірім кезеңдердің когнитивті және эмоционалдық дамуға негізделген уақыт екенін зерттеулер көрсетіп келеді. Суицид құрбанына ерекше назар аудару суицидтің белгілі бір мақсатқа қызмет ететіндігінің белгісі ретінде түсіндірілуі мүмкін. Демек, кез келген бұқаралық ақпарат құралы үшін суицид құрбаны туралы хабар тарату барысында марқұмның жасы мен сол жастағы аудиторияға әсері тұрғысынан да жауапкершілік барын есте сақтауы керек.

Екіншіден, **“Жәпек батыр ауылында полицейлер 15 жастағы Диананың өлімі бойынша істі тергеп жатыр”** сөйлемінде марқұмның есімі, қай ауылдың тұрғыны екені ашық айтылады. Сонымен қатар бұл жаңалықта да баланың нақты жасы айтылады (Құлтаев, 2021с). Байқағандай, оқиға қарапайым ауылдың бірінде орын алған. Суицид тақырыбын зерттеушілер белгілі бір аймақтарда суицидтің алдын алу шаралары көбірек жүзеге асырылуы керек. Өз-өзіне қол жұмсауға деген қызығушылықты азайту үшін жергілікті жерлерде көп күш салу керек” – деген пікірді ұсынады. Ал еліктеу әрекетін азайту үшін бұқаралық ақпарат құралының рөлі зор.

Үшіншіден, **“Қыз үй қорасында төсек жаймасына асылып қалған”** – бұл сөйлемде суицидті сипаттап, оқиғаның қалай болғанын, қандай әрекетпен іске асқанын айдан анық көрсетеді және егжей-тегжейлі сипаттарын да баяндап тұр. Марқұмның өзінің қорасында төсек жаймасымен асылып қалғандығы туралы сөйлемді контексте қоспай, өзіне қол жұмсағаны анықталды деген мағынада, суық санамен, ешқандай сипаттауды, драматизациялауды қоспай, орын алған

әрекеттерді көрсетпей жазуды зерттеушілер кеңес етеді (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2014е).

Бәрінен бұрын, Диананың төсек жаймасын қолданғанын да атап өту - этикалық нормалардың өрескел қателігі. Жоғарыда көрсетілгендей, суицид тақырыбын жазу, аудитория үшін немесе қоғамның психологиялық осал тобы үшін “суицидті қалай жасау керек” – деген сұрақ туындамауының алдын алады дейді ғалымдар. Кез келген материалды дайындау барысында журналист психологтың немесе тергеушінің және зерттеушінің рөлін өзіне алмауы қажет. Журналистің міндеті – аудиторияға дұрыс әрі сенімді дерек көздер арқылы ақпарат беру және хабар тарату. Ешқандай дәлел мен дәйексіз, осы салаға қатысы бар сарапшылар мен кәсіби мамандардың, психологтар мен кеңесшілердің пікірін қоспай, оқиғаға, соның ішінде суицид жағдайына баға беру – аудитория мен оқырманның психологиялық саулығына жасалған селқостықты, сонымен қатар мақала авторының жауапсыздығын көрсетеді.

Төртіншіден, “*Диананың анасы Бақытты Айтмұратова*” – деп марқұмның анасынан пікір алады және есімін толық жариялайды. Бұл оқиғаны қайтадан еске алу, қызы туралы айту, өз-өзіне қол жұмсағанын бүкіл Қазақстанға жеткізу анаға ауыр болғаны анық. Туыс, туған мен бауырларынан, марқұмның ет жақын адамдарынан, оның ішінде анасынан сұхбат алу барысындағы негізгі мақсат қандай болды? Бұл осы мәселеге қатысты қандай да бір проблеманы шеше ала ма немесе қоғамға ықпалы тұрғысынан маңызына мән беру ақтала ма?

Себебі өз өзіне қол жұмсау оқиғасына жауапкершілікпен қарау әлеуметтік әрі қоғамдық мәселеге салмақты назар аударуды аңғартады (Норрис & Джемпсон, 2001е). Мүмкін автор жұмыс істеп жатқан редакция статистикасы мен рейтингін көтеру мақсатында, басқа басылымдар жариялап үлгерген материалдарды тағы бір мәрте жазып, туысқандары мен бауырларына ол оқиғаны еске алуға мәжбүрлеп жатқан болуы да мүмкін екенін назарда ұстауды ғалымдар ескертеді. Сонымен қатар, қоғамның психологиялық әлсіз топтары үшін суицид жасамақ ойда жүрген адамдарға бұл әрекетті қандай жерден, қалай іске асыруға болады деген сұраққа жауап бергендей әсер қалдырады. Нұсқаулықтар адамдар өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген немесе толық өзін-өзі өлтіруге әрекет жасаған кезде нақты адамдарды немесе оқиғаны немесе себепті кінәламау өте маңызды екенін атап көрсетеді.

Оқырманның әлеуметтік медианы пайдалануы, яғни бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңалықты тұтынуы депрессия мен мазасыздықтың жоғарылау қаупімен байланысты дейді ғалымдар. Екеуі де суицидтік мінез-құлықтың қауіп факторлары болып табылады (Селедония, Корралес, Минссен & Уилсон, 2021). Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистер әрқашан қоғамдағы белсенділік рөлін алу керек екенін, сонымен қатар кез келген жағдайда неғұрлым бейтарап (ақпараттық) рөлді таңдауы керек дейді (McQuail, 1988). Ходжес (1986) баспасөз төрт функция үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы керек екенін айтады: біріншісі – саяси, екіншісі – тәрбиелік,


үшіншісі – утилитарлық және соңғысы – әлеуметтік, мәдени. Жоғарыда айтқандай суицид оқиғасы аталған төрт жауапкершіліктің әлеуметтік және тәрбиелік талаптарына сай келеді. Бір жағынан, журналистердің негізгі міндетінің бірі – азаматтарды қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін әлеуметтік мәселелер туралы хабардар ету және ағарту функциясын жоғары бағалау дейтін болса, суицид тақырыбы бұл маңызды критерийледен алыс емес (Luce, 2016). Екінші жағынан, өз-өзіне қол жұмсау құпия, стигма және тыйыммен қоршалған қоғамға айна ұстау міндетін қамтитын баспасөздің міндеті әлеуметтік немесе мәдени рөлді де атқара алады (Luce, 2016).

Сол себепті медиадағы кез келген, сурет, бейне, орынсыз жазылған пікір мен кеңес, жазба, тақырып оқырманның психологиялық денсаулығына, қабылдауы мен имитациялық әрекеттерді қайталауына мінез-құлқы мен әрекетіне, өмір сүру салтына, көңіл-күйіне әсер етеді. Оның орнына жағдайды жеңілдету үшін тұтынушыларға, яғни басылымның оқырмандарына деген жанашырлықпен осы мәселеге тікелей қатысы бар қызмет көрсету веб-сайттарының сенім телефондарын ұсыну пайдалырақ екенін ғалымдар жиі айтады. Сонымен қатар, орын алған соңғы оқиғаны алдыңғы планға шығаруды мақсат етпей, оның орнына халықты қажет ақпаратпен қамтамасыз етуді негізге алудың маңызы зор.

Контент мазмұны арқылы оқырманға аяушылық сезімін тудыруды көздейтін әрі суицид әрекетін жасаған тұлғаның жақсы адам болғанын айтып, оқиға болмас бұрын қыздың ата-анасымен жанжал болғанын ескертетін кезекті мақаланың бірі – **“16 жастағы қыздың өлімі Шымкент жұртын шошытты”** – деп аталады.

Сурет 2.2. Суицид оқиғасы болған көпқабатты үйдің суреті

16 жастағы қыздың өлімі Шымкент жұртын шошытты



Дереккөз: <https://shorturl.at/2xk8r>, қарау күні: 19 наурыз, 2024 ж.

Мақала *“Шымкентте 16 жастағы оқушы қыз бесінші қабаттағы терезеден құлап кетті”* – деген сөйлеммен басталады. Кейіннен, *“Марқұмның көршілерінің айтуынша, қыз мейірімді және әдепті болған. “Әлі сене алар емесіз. Үлгілі отбасы болатын. Ата-анасы жақсы, қызы тәрбиелі. Намаз оқиды, хиджаб киеді. Ата-анасынан жаман әдет байқалмайды. Олар не ішкенін, не темекі шеккенін көрмеппіз”, – дейді жергілікті тұрғын Айгүл Қораласбаева* – деген пікірді ұсынады (Шарипханова, 2021). Бұл мәтіннен оқиға орын алған отбасы мен сол үйдің қызын, діни сенімі мен ұстанымына қарап, “намаз оқитын, хиджаб киетін” тіркестерін пайдалана отырып, “мінсіз отбасы еді” деген мағынаны алға тартады.

Демек, бұл мәтін суицид оқиғасының себебін бір оқиғаға ғана негіздейді. Яғни, мұндай отбасында өз өзіне қол жұмсау әрекетіне баруға ешқандай негіз жоқ деген ойды алға тартады. Алайда, бұлай жазу – дұрыс емес, яғни бұл да этиканы өрескел бұзудың бір тәсілі. Сол себепті бұл тақырыпты әлеуметтік проблема деп сипаттаған абзал дейді (Американдық суицидология қауымдастығы, 2015b). Өз өзіне қол жұмсау әрекетіне ұзақ уақытқа созылған бірнеше проблемалар немесе адамның ішкі көңілі мен күйіндегі кейбір сезімдер әсер етеді. Әлеуметтік қиындықтар суицидті ақтай ала ма? Бұл өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға суицидке рұқсат беру сияқты көрінуі мүмкін (Настюкова, 2021).

“Суицид жасаушының жеке деректері” категориясы бойынша Tengrinews порталынан екі кілт сөзді байқауға болады. Құрбанның толық аты-жөні, оның туысқандарының есімдерін атау және айрықша басымдық беретін фактілерді келтіру медианың бейтараптылығы мен журналистің ең басты “зиян тигізбеу” принципіне қайшы. Tengrinews сайтында өз-өзіне қол жұмсау әрекетіне “қылмыстық іс”, “қаза” деп баға берілген. Бұл сөзді екі материалында қолданған. Оқиғаны сипаттау мақсатында айтылған “Қайғылы оқиға” – сөзін де екі рет пайдаланған.

Тұлғаның суицидтік әрекетіне батылдық, ерлік, қаһармандық образын таңбаған жөн екенін және өз өзіне қол жұмсау әрекетін барлық адамның қолынан келе бермейтін, ақтап алуға болатын батырдың ісі деп сипаттаудан аулақ болудың маңызды екенін еске салады. Бұл шарасыздықты көрсетіп қана қоймай, жауапсыздықпен жазылған материалдар әртүрлі үлкенді және кішілі, кей жағдайлар да қысқа мерзімді проблемаларды басынан өткеріп жатқан қарапайым адамдардың ойында аталған әрекеттердің “дұрыс шешім” деп қабылдануына ықпал етеді деп жорамалдайды.

Сонымен қатар жаңалықтардағы ең этикаға қайшы дүниенің бірі – суицид фактісі тіркелген оқиға орнынан сурет түсіріп, оны редакциясының ресми сайтында жариялау. Суицид тақырыбының фото және суреті категориясы бойынша үш жаңалықта бұл қателік кездесті. *“14 жастағы астаналық 20-қабаттан құлады. Желіде тағы бір күмәнді ойын туралы айтылып*

жатыр” атты мақалалардың визуалында “бұл жайт “Триумф Астана” тұрғын үй кешенінде болуы мүмкін” – деп оқиғаның қандай жерде орын алғанын және көп қабатты үйлердің суретін берген (Сатыбалдина, 2021). Бұл бірнеше мақалада көрініс табады.

Сурет 2.3. Tengrinews сайтынан скриншот: марқұмның суреті

Әйелін өлтіріп, кейін өзіне қол жұмсаған: Қарағанды облысында жантүршігерлік оқиға болды



Дереккөз: <https://shorturl.at/iuvlj>, қарау күні: 5 наурыз, 2024 ж.

Жоғарыда көрсетілген мына бір мақалада **“Әйелін өлтіріп, кейін өзіне қол жұмсаған: Қарағанды облысында жантүршігерлік оқиға болды”** (Tengrinews, 2021a) тақырыбындағы жаңалықта марқұмның суретін жария қылған. Тақырыпқа “жантүршігерлік оқиға” тіркесін қосып, драматизацияға, аудитория мен оқырман назарына аудару үшін, аталған тіркесті қолданған.

Сондай-ақ, **“35 жастағы Бота (Қазан — құжаттағы аты) Балби күйеуі, үш баласы және күйеуінің ата-анасымен бірге Тоғызқұдық ауылында тұрған. Мектепте асхана жұмысына жауап беріп, қоғамдық жұмыстарды атқарған. Туыстарының айтуынша, жұбайымен ара-қатынасы жақсы болмаған. Былтыр ақпанда әпкесіне қоңырау шалып, күйеуі мен қайын енесі ұрғанын айтып, оны алып кетуді сұраған”** – деп жазады редакция журналисті (Tengrinews, 2021b). **“15 желтоқсанда Ботаның күйеуі оны өлтіргенін мойындады. Бірақ соған қарамастан оны босатып жіберді. 16 желтоқсанда таңертең ол өзіне-өзі қол жұмсады. Бұған дейін ол және оның туыстары бізді Бота Сирияға кетті дегенге сендіргісі келді”,** – деп жазады Tengrinews журналисті.

Жалпы, кез келген суицид оқиғасына қатысты пікірді, сол жағдайды толыққанды зерттеген, сол істің анық, қанығына көз жеткізу үшін жұмыстанып жатқан кәсіби мамандар мен жауапты мекеме қызметкерлері бергені дұрыс деп танылады. Себебі журналист өз бетінше болжам жасаудан және түсіндіруден

аулақ болуы тиіс. Тергеу органдарының рұқсатымен тек фактілерді айту кәсіби этиканың алғышарттарының бірі (Қазақстан Медиа Альясының декларациясы, 2022).

Яғни, кәсіби мамандардың болған оқиғаға қатысты пікір білдіруі – фактілердің бұрмалануы мен шектен тыс эмоцияға басымдық берудің алдын алады. Оған қоса, оқырман сеніміне әсер етеді. Ең маңызды мотивтердің бірі – медиа әсерінен пайда болатын еліктеу әрекеттерінің азаюына үлес қосады. Контент анализді қорытындылай келе, мына бір маңызды кілт сөзге назар аударудың маңызы зор. Tengrinews порталынан таңдап алынған мақалалар арасында ең көп қолданылған сөз “жасөспірім” сөзі. Демек жасөспірімдер арасындағы суицид көрсеткіші елімізде жоғары екенін аңғаруға болады. Өкінішке қарай, бұл деректерді ресми статистикалық мәліметтер мен соңғы деректер де растайды.

Сол себепті, қоғамның әлсіз әрі тұлғалық қалыптасу жолына енді қадам басып жатқан жасөспірімдер мен балаларды “қауіпті ақпараттан” сақтаудың алғышарттарын ескерудің маңызы басым. Оған қоса, медиа да суицид туралы ақпаратты жиі жариялау, суицид идеясын "қалыпты" құбылыс форматында көрсетуі әбден мүмкін және бұл расталған. Өз-өзіне қол жұмсау туралы бірнеше рет және үздіксіз хабарлау, әсіресе жасөспірімдер мен ересектер арасында суицидке бейімділікті тудырады және оларды ынталандырады (Норрис & Джемпсон, 2001f). Бұл Дүниежүзілік ұйымдардың медиа мамандар үшін дайындаған нұсқаулығындағы маңызды аспектілердің бірі.

2.2. Orda.kz басылымына сапалық контент анализ және визуал анализ

Кезекті зерттеу объектінің бірі – Orda.kz порталы. Аталған басылымды таңдап алудың негізгі себебі іріктеме бөлімінде түсіндірілді. Медиа 2021 жылдың қаңтар мен желтоқсан айлары аралығында суицид тақырыбына қатысты 39 қазақ тілді жаңалық жариялаған. Зерттеу сұрақтың жауабын табу үшін аталған басылымға да сапалық контент анализ және фото мен видео көрнекіліктерін мағынасына талдау жасау үшін визуал анализ жасалды. Ол үшін жаңалықтарда қолданылған белгілі бір кілт сөздерге сүйене отырып, яғни кодтау арқылы суицид тақырыбын қаншалықты этикаға сай жазады сұрағына жауап іздеуге мүмкіндік пайда болды.

Өз өзіне қол жұмсау тақырыбының этикаға сай жазылу сапасы туралы жалпы түсінікке қол жеткізу үшін деректер Microsoft Excel кестесіне жаңалықтардың шығу ретімен, тақырыбы және сілтемесін енгізе отырып, анализ жасалды. Нәтижесі төмендегідей:

Кесте 2.2. Orda.kz порталындағы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ

Суицид	8
--------	---

Жасөспірім	4
Өз-өзіне қол жұмсады	26
Марқұм	6
Мәйіт	4
Көпірден/терезеден секіріп кетті	11
Қайтыс болды	4
Жақындарына көңіл айтады	5
Өзіне/ басына оқ атқан	6
Қайғылы оқиға	5
Суицид тақырыбының фотосуреті	18
Суицид жасаушының жеке деректері	5
Асылып қалған	11
Себебін жазу	14

Дереккөз: Автор кестені контент-анализдің негізінде құрастырған

Жоғарыдағы кестеге назар аударатын болсақ, Orda.kz порталы материалдарының басым бөлігінде “өз-өзіне қол жұмсады” тіркесін қолданады. Нақтырақ айтқанда, 39 жаңалықтың 24 -інде бұл тіркес пайдаланылған. Сонымен қатар суицид жасаудың әдісін, соның ішінде “көпірден, терезеден секіріп кетті” сөзін – 11 рет, “асылып қалған” тіркесін – 9 рет, “өзіне оқ атты, басына оқ атты” әрекетін – 5 мақалада қолданады. Жалпы алғанда, 39 жаңалықтың 25-інде суицид әрекетінің әдісі анық сипатталады. Көрсетілген сандар салыстырмалы түрде іріктеліп алынған жаңалықтардың басым бөлігінде, тіпті, әрбір екінші мақалада суицид әрекетінің нақты әдісі ашық айтылады дегенді көрсетеді.

Онлайн порталдың 2021 жылы 9 маусымда жарық көрген **«Кешіріші! Үмітіңді ақтай алмадым»: 15 жасар қыз емтиханнан кейін өзіне қол жұмсады**” тақырыбындағы мақаласына назар аударатын болсақ, бірнеше этикалық өрескел қателіктерді көруге болады (Дарибаева, 2021а).

Біріншіден, тақырыпты оқыған оқырманның назары, алдымен, жаңалық тақырыбына түседі. Тақырыпты оқыған сәтте, орын алған оқиғаға мектеп оқушысының емтиханды сәтсіз тапсырғаны себеп болды деген ойды жорамалдауға болады. Сонымен қатар суицид әрекетінің себебі нақты бір оқиғаға байланып жазылғанын көруге нақты себеп бар. Кейіннен мақаланың

ішкі контекстінде де “*емтиханнан өте алмаған*” тіркесін бірнеше мәрте қолданады. “*9-сынып бітірген оқу озаты Эльвира Мықтыбек емтиханнан кейін үйінің қорасына барып, асылып қалған. Жасөспірімнің мұндай әрекетін ешкім күтпеген. Эльвира өлер алдында анасына хат жазып кеткен. Онда «мама, кешіріңізіші. Сіздің үмітіңізді ақтай алмадым. Сізге жақсы ат келтіре алмадым» деп жазылған екен*” – деп хабарлайды редакция (Дарибаева, 2021b).

Қағазға жазба қалдыратын немесе қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі айтылатын хат арқылы адамдардың өз-өзіне қол жұмсау қаупі жоғары дейді (Barrett, Lee және басқалары, 2016).

Бір сөйлемнің ішінде этикалық принциптерге қарсы келетін бірнеше аспектілерді байқауға болады. Жасөспірімдер мен мектеп оқушысының суициді туралы жария қылған кезде екі есе жауапты болу өте маңызды. Себебі мақала ішіндегі “*емтиханнан кейін*” деген тіркестің болуы өз өзіне қол жұмсау әрекетінің нақты себебін көрсетіп тұр.

Осы тұста мамандар мынадай пікірді алға тартады. Мысалы, бұл ақпарат қыста жарық көрген болса, кей елді мекендер үшін емтихан тапсыру уақыты жазда болады. Осы сәтте, жоғарыдағы мақала бір мектеп оқушысының алдынан шығатын болса, ол дәл қазіргі сәттегі уақытша қиындықтан шығудың жолы осы деп қабылдауы әбден мүмкін..

Екіншіден, марқұмның жеке деректері, яғни толық аты-жөні, сыныбы, оның оқу озаты болғаны жарияланған. Мысалы, “*9-сынып бітірген оқу озаты Эльвира Мықтыбек емтиханнан кейін үйінің қорасына барып, асылып қалған. Жасөспірімнің мұндай әрекетін ешкім күтпеген*” - деп жазады Orda.kz тілшісі.

Үшіншіден, жоғарыдағы шағын мәтінде Эльвираның өзіне қол жұмсау әрекетінің әдісі егжей-тегжейлі сипатталған. Ол өзінің қорасына барып, асылып қалғанын айтады. Дәл осы контекст Tengrinews порталында да болған еді. Тек ол жерде марқұмның жеке деректері басқа болды.

Төртіншіден, “*Эльвира өлер алдында анасына хат жазып кеткен. Онда «мама, кешіріңізіші. Сіздің үмітіңізді ақтай алмадым. Сізге жақсы ат келтіре алмадым» деп жазылған екен*” – дейді (Дарибаева, 2021c). Бұл мәтіндегі талдаудың аудитория мен оқырман үшін маңызды тұсы – хаттың мазмұнын аудиторияға ашық ұсыну немесе жариялау. Медиа мамандар үшін дайындалған халықаралық нұсқаулықтар мен Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының нұсқаулықтарында, одан бөлек танымал медиа басылымның ішкі редакциялық саясатына негізделген ережелер бойынша марқұмның артына қалған хатты да медиада жариялау орынсыз әрекет екенін ескертеді. Тек хат табылғанын хабарлаудың өзі жеткілікті дейді. Себебі оның ішінде жазылған мәтінді қалың жұртшылыққа бөлісу – адамның жеке бас құқығын сыйламау, әрі жеке деректеріне құрметпен қарамау болып саналады. Осы тұста, бір мақаладан бірнеше этикаға қайшы әрекеттерді көруге болады.

Осы тұста контент анализ үшін топтастырылған жоғарыда көрсетілген кестеден маңызды сөздерге мән беруге болады. Редакция өз-өзіне қол жұмсау

тақырыптарын жазу кезінде “суицид жасады” сөзін салыстырмалы түрде өте аз қолданады, себебі 39 материалдың 8-інде ғана суицид сөзі жазылады. Негізі сөз тіркесінің салыстырмалы түрде басқа кодтардан аз қолдануы – жаңалықтардың басым бөлігінде нақты әдістердің сипатталатынын көрсетеді.

Аталған тақырыпты жазу барысында қазақ тілді редакцияның медиа өнімдерінен, яғни тереңдетілген мақала мен жаңалықтар да суицид тақырыбын дайындау барысында көрген тағы бір маңызды дүние – фото-суреттер мен видео материалдар. Контент анализ нәтижесі көрсеткендей, Orda сайтында суицид әдісінен кейін саны жағынан көп болған код, яғни 18 мақалада этикаға қайшы суреттер мен видео материалдар болды. Кей оқиғаны оқырманға жеткізу барысында көрнекілік материалдарын ешқандай сүзгісіз, сол қалпында сайтқа жүктегенін көруге болады. Мұның себебін мамандар рейтинг мен сенсацияның негізгі құралы ретінде пайдаланып, сол арқылы редакцияға назар аударту деп есептейді.

Этикаға қайшы деп табылған тағы бір визуал элементтердің бірі – камераларға түсіп қалған, оған қоса аталған кадрлар ашық түрде интернет кеңістікте жариялаған. Сәйкесінше, барлық қарапайым адамдарға қолжетімді дерек болып табылады. Мысалы, *“Нұр-Сұлтанда күдікті полиция ғимаратындағы терезеден секіріп кетпекші болған”* – тақырыбындағы мақаланың көрнекілік суреті өте өрескел екенін байқауға болады (Дарибаева, 2021d). Суицидтік өлімнің кенеттен болуымен қатар, суицидтен аман қалған адамдар да төтенше эмоционалдық және физикалық реакцияларды бастан кешіруі мүмкін, соның ішінде: жарақаттан кейінгі стресс, стигма және қоғамнан, ортадан оқшаулану, туыстарымен араласпау, сонымен қатар медиа да жеке бас деректері жарияланып кеткен жағдай, өзі танитын адамдардан ыңғайсыздану сезімдерін де басынан өткеруді дейді.

Жаңалықты жариялау барысында пайдаланған ілеспе фото және видеолардан көпқабатты ғимараттан секіріп жатқан адамды, құтқарып қалған қарапайым адамдарды, терезеден салбырап тұрған адамдардың сұлбасын анық көруге болады. Алайда тақырыпты жеткізу барысында визуалда мұндай суреттер мен видеоларды қолдану – этикаға сай емес екенін жоғарыда айтылған болатын.

Зерттеу жұмысты талдау барысында Orda.kz сайтының визуал контенттерінен өте деңгейде этикаға қайшы элементтерді көруге болады. Ол пышақ, арқан немесе көпір – яғни, суицид әрекетін іске асыруға болатын көмекші құралдарды анық көрсетеді. Мысалы, төменге жүктелген үш суретке назар аударатын болсақ, үрей тудырады:

Сурет 2.4. Orda сайтынан скриншот: терезеден секірімек болған күдіктінің суреті

Нұр-Сұлтанда күдікті полиция ғимаратындағы терезеден секіріп кетпекші болған

23 қыркүйек 2021 12:54

Айнура Дарибаева



Дереккөз: <https://shorturl.at/0Ftig>, қарау күні: 15 қараша, 2023 ж.


Бірінші сурет, “Алматы облысында мектеп директоры өзіне қол жұмсады” тақырыбындағы мақала (Дарибаева, 2021а). Бұл суреттен арқан мен ер адамның көлеңкелі сұлбасы көрінеді. “46 жастағы мектеп директорының денесі 10 қыркүйек кешке табылды. Ер адам өзінің қол астындағы қызметкерінің кесірінен осындай қадамға баруға шешім қабылдаған болса керек” – деп журналистің өзі суицид себебіне тұжырым жасайды.

Сурет 2.5. Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет

Алматы облысында мектеп директоры өзіне қол жұмсады

14 қыркүйек 2021 14:59

Айнура Дарибаева



Дереккөз: <https://shorturl.at/hwhDl>, қарау күні: 23 сәуір, 2024 ж.

Екінші сурет, “Атырауда 19 жастағы бойжеткен көпқабатты үйден секіріп кетті” тақырыбындағы жаңалық (Дарибаева, 2021а). Төмендегі визуал көрнекіліктен биік ғимарат немесе қандай да бір биік объектінің үстінде тұрған адамның сұлбасы көрінеді. Оған қоса, мақаладағы тағы бір маңызды элемент – тақырыптағы – секіріп кетті тіркесінің қолданылуы.

Мақала контентінде марқұмның суицидті қай жерде жасағаны туралы дерек жазылған. «Алмагүл» ықшамауданындағы 18-үйден 2002 жылы туылған бойжеткен сегізінші қабаттан секіріп кеткен. Ол бірден қайтыс болған” -деп хабарлайды да, артынша, осыған дейін сол ауданда орын алған басқа суицид оқиғасына былай сілтеме жасайды: “Еске салсақ, бұл Алмагүл ауданындағы екінші жағдай. 15 мамыр күні 9-үйден 41 жастағы әйел адам секіріп кетіп, оқиға орнында бірден көз жұмған” – дейді (Дарибаева, 2021b)

Сурет 2.6. Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет

Атырауда 19 жастағы бойжеткен көпқабатты үйден секіріп кетті

28 мамыр 2021 09:57

Айнура Дарибаева



Дереккөз: <https://shorturl.at/EzscEQ>, қарау күні: 24 сәуір, 2024 ж.

Үшінші суретте, “Павлодар тұрғыны балаларын өлтіріп, артынан өзіне қол жұмсады” тақырыбындағы жаңалық. Суретте пышақ көрсетілген. Тақырыпта “балаларын өлтіріп” деген тіркесті қолданған. Оған қоса, “Әйел


балаларын өлтіріп, артынан өзіне қол жұмсаған екен. 2020 жылдың қарашасында Павлодар тұрғыны үйіне кіре алмаған, есік іштен бекітілген. Ер адам көршілерінен ұнтақтағыш сұрап, есікті ашты. Пәтердің ішінде ер адамның жұбайы мен 2013, 2015 және 2017 жылдары туылған үш кішкентай баласының мәйіті табылған” - деп баяндайды (Дарибаева, 2021)

Сурет 2.7. Суицид әрекетіне ұмтылысты көрсететін сурет

Павлодар тұрғыны балаларын өлтіріп, артынан өзіне қол жұмсады

30 шілде 2021 17:45

Айнура Дарибаева



Дереккөз: <https://shorturl.at/5Tf7m>, қарау күні: 25 сәуір, 2024 ж.

Үш мақаланың да контентінде – этикаға қайшы, психологиялық осал топтарды әрекетке итермелейтіндей, олар үшін дайын нұсқаулық болатындай көрнекіліктер көрсетілген.

Онымен қоса, кей материалда қанға боялған пышақтың, жоғарыдан төмен түсіп тұрған арқанның, орындықтың үстінде тұрған кішкентай балалар және көп қабатты үйлер мен көпірлерден секіргелі тұрған адамдар бейнеленген суреттерді де көруге болады. Оған қоса марқұмның тірі кезіндегі фотолары мен туыстарының жоқтау сәтіндегі бейнелерін де жүктеп қойғанын көре аламыз. Оқиғаның егер қажет болмаған жағдайда, жаңа әрі тың деректер болмаса, орынсыз қайталануын болдырмау, эмоционалды емес, бейтарап фото мен суреттерді пайдалану да – журналистік этиканың негізгі құрамдас бөлігі.

Duncan мен Ann Luce есімді ғалымдардың (2022с) “Өз-өзіне қол жұмсау туралы есеп берудің жауапты моделін қолдана отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында есеп берудің жаһандық нұсқауларына сәйкестікті арттыру” атты зерттеуінде журналистердің суицидке қатысты ақпаратты жазу барысында көңіл бөлетін, яғни сенсация жасайтын негізгі бес себебін атайды. Аталған мақала

авторы еңбекте былай көрсеткен: журналистер суицид туралы хабарлауды бес негізгі санатқа, яғни «басқа» деп стигматизацияға жол беретінін анықтады: Оның бірінші санаты – артында қалғандардың өлімге реакциясы. Бұл жерде, осыған дейін айтқан туыстары мен бауырларын оқиғаны қайтадан және қалай болғанын айтуға мәжбүрлей отырып, сұхбат алу жатады. Екінші санаты – өлім себептері, жоғары да көрсеткендей, әртүрлі себепті, соның ішінде соңғы орын алған жағдайды суицидке итермеледі деп түсінеді. Сол қалпында аудиторияға ұсынады. Үшінші санаты – марқұмның сипаттамасы, қазақ тілді редакциялар қайтыс болған адамның жетістігі, отбасындағы тәрбиесі мен көршілерінің арасындағы абыройы, олармен қарым-қатынасын сипаттай отырып, “жақсы адам” болды деген месседжі ұсынады. Яғни, марқұмның бұл әрекетін ақтауға және өзін өлтіруге ешқандай себеп болмағанын дәлелдеуге тырысады. Егер суицид жасаған адам мектеп оқушысы болса, ұстаздары мен достарынан пікір алу арқылы, оның үздік бағаға оқығанын, мектептегі үлгілі тәрбиесін сөз етеді. Ал төртінші санаты – инфантилизация (балалық), бесінші санаты – суицид және интернет, яғни әлеуметтік желіні пайдалану.

“Қаралы қаза – кім үшін жаза” атты мақалада (Orda, 2021) өзіне қол жұмсау әрекетінің себеп пен салдарына қатысты кең көлемді мақала жарияланған. Марқұмның туыстары мен ағасынан, бауырларынан, оқиғаға тікелей және жанама қатысы бар деп тапқан адамдар сұхбат алынған. Мысалы, жаңалық мазмұнының мынадай бір шағын бөлігі бар: *Үйіне барып, «Анашым, жан жарым, балаларым, мені кешіріңдер!» деп хат қалдырып, директор өзіне қол жұмсаған. Суицид. Демі таусылған әкесінің мал қорада асылып тұрғанын сегізінші сыныптағы ұлы көрген. Артынша інісі Азамат Дараев пен көршісі екеуі екі жақтап жүз келі тартатын жігіттің денесін жіптен шешіп, түсірген.* Осы шағын мәтіннің ішінде суицид орыны, мекен жайы мен әдісі сипатталады.

Марқұмның үйіне барып, тікелей репортаж таратқан редакция мамандары сол сәтте атмосфераны былай суреттейді: *“Көзінен жасы кеппеген жесір әйел, баласының өліміне сенбеген ана, беліне ақ мата байлаған марқұмның балалары мен бауырлары”* (Orda, 2021). Сондай-ақ, өз-өзіне қол жұмсау тақырыбын жазу кезінде этикаға қайшы деп табылатын критерийдің бірі – суицидтің себепін жазу. Яғни, 14 материалда орын алған оқиғаға қатысты әртүрлі себеп жазылған. Мысалы, “емтихан тапсыра алмай қалған мектеп оқушысы”, “жолдасымен кикілжіңге келген әйел” немесе “жұмыста қысым мен келіспеушілік салдарынан, бастығымен келісе алмаған” деген секілді. Әрине, аталған себептің суицидке ықпалы болуы мүмкін, алайда тек бір ғана әрекет немесе соңғы оқиға адамның өз өмірін қиюға нақты себеп бола алмайды. Әлеуметтік шиеленіс немесе идеологиялық мотивтер, осыған дейін өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері, жұмыс және қаржылық проблемалар, айналадан қолдау болмауы, жаракат, стигма, импульсивті агрессия, үмітсіздік, жалғыз өмір сүру және жақынын жоғалту сияқты маңызды рөл атқаратын, тіпті көзге көрінбейтін көптеген басқа да факторлар бар.

Материалда кездескен кезекті бір мәселе – қайтыс болған адамның отбасы мүшелерімен сұхбат жүргізу. Сол сияқты марқұмның туыстары немесе достарынан жағдайға қатысты пікір алу, өмірде қандай адам болғанын сұрау арқылы “жаңа”, “тың” деректер алуды көздеп, оқиғаны бірнеше мәрте жариялау жағдайлары да кездесті. Сонымен қатар өз-өзіне қол салу оқиғаларына қатысты материалдарға ішкі сілтеме қойып, қайтан ол материалды көруге және оқуға итермелейді.

Осы тұста зерттеу сұрағымыздың негізіне айналған контекстті мақалалардан іздеуді жалғастырайық. “*Алматыда тауда белгісіз әйелдің асылып қалған мәйіті табылды*” деген мақалада тақырып ішінде суицид әдісі айтылған (Дарибаева, 2021). Сондай-ақ мақала мазмұнында әйелдің ағашқа асылып қалғаны да айтылып, суреті көрсетіледі.

Кей тақырыптарды маңызына қарай аудиторияға жедел жеткізу керек жағдайлар көп кездеседі. Оқиғалар жылдам қозғалатын және елдің назарында болатын үзіліссіз оқиға журналистердің жылдам хабарлар жасауы үшін қысымды күшейтуі мүмкін, бұл өз кезегінде қате ақпарат пен орынсыз сөз мәнеріне немесе этикаға қайшы келетін принциптерге жол беруге жағдай жасауы әрі мүмкіндікті арттыруы мүмкін. Әсіресе, мақалаланың басым көпшілігінде өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлар туындаған жағдайда қайда көмек сұрау керектігі туралы ақпараттың мүлдем жетіспейті байқалды. Еш бір мақалада суицидтің алдын алу ресурстары бойынша байланыс деректері немесе алдын алу бағдарламаларына қатысты мәлімет, қосымша ақпарат көрсетілмеген.

Сурет 2.8. Orda сайтынан скриншот: Алматы тауында өзіне қол жұмсаған әйел



Дереккөз: <https://shorturl.at/3ly1i>, қарау күні: 26 сәуір, 2024 ж.

Дәл осы ақпаратты КТК арнасы “Шымбұлаққа қарай жолда ағашқа асылып өлген әйел кім” тақырыбында жариялаған. Оқиға орынынан кадрлар көрсете отырып, марқұмның ағашқа асылып қалғанын бірнеше мәрте қайталап, тақырыпта аталған ағашты да көрсетеді.

Мақалалардың көпшілігінде ықтимал зиянды деп саналатын бір немесе бірнеше элементтер болды, мысалы, суицидтік әрекеттің егжей-тегжейлі сипаттамасы, қолданылатын әдіс туралы техникалық сипаттамалары, жағымсыз өмірлік оқиғалар мен суицид арасындағы байланыс, тақырыпқа нақты әдісті енгізу және бір немесе бірнеше сурет пен видео-материалдың көрініс тапқанын анық байқауға болады.

Суицид оқиғаларын көрсететін мақалаларда білім беру компоненттері, яғни ақпараттандыру бағытындағы материалдар сирек кездеседі, осылайша бұқаралық ақпарат құралдарының мифтерді жоққа шығару және суицидтің алдын алу күш-жігерін салу мүмкіндігін пайдалану қиындығын көрсетеді. Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану тиімді стратегия болуы мүмкін деген көрсеткіштер бар. Суицид пен психикалық денсаулық арасындағы байланыс ретінде дағдарыстық орталықтарға сілтемелер немесе қалпына келтіру оқиғалары туралы баяндауды жариялау немесе білім беру тақырыбын енгізу көрсетілген.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, суицид туралы материал дайындау кезінде өлімге куә болған, қайғыға батқан отбасы немесе жерлеу рәсімдерінің фото мен суреттерін жарияламауды ұсынады. Сонымен қатар өз өзіне қол жұмсау жаңалықтарының көлемі шағын болғаны дұрыс дейді нұсқаулықты дайындаушы ұйымдар. Себебі бұл тақырып кез келген редакция үшін кеңінен толғайтын, сараптамалық мақала тәрізді деректерді жазуға мүмкіндік беретіндей, тақырып емес. Сонымен қатар аталған тақырып бойынша қайта-қайта жазып, оны күн тәртібіне шығара беру – мәселенің шешімі бола алмайды. Басқа мәселелерден айырмашылығы журналистік этиканың қатаң сақталуын талап ететін тақырып әлеуметтік әрі қоғамдық мәселе болып саналады. Осы тұста медиа саласында жүрген ақпаратқа жауапты мамандар аталған нұсқаудың барлығын дерлік біркелкі орындамаса да, бұқаралық ақпарат құралдары осы және осыған ұқсас нұсқауларды ұстанған кезде еліктеушілік суицидтің төмендеуіне ықпал ете алады. Журналистика мамандығының “зиян тигізбеу” принципі сақталады.

Көп редакция сенсация мен рейтинг үшін өткір тақырыптар қойып, орын алған жағдайды бейтарап баяндаудан ауытқып жатады. Осы уақытқа дейін зерттеген екі порталда да қайтыс болған адамдардың денсаулығына қатысты ешқандай деректер айтылмады. Ал этика комитетінің мамандары егер марқұмның денсаулығында қатысты осыған дейін арнайы диагноздар қойылған болса, оған қоса ол адам белгілі бір мекеме мен сауықтыру орындарын да тізімде тұрса, оны аудиторияға жеткізудің маңызы зор дейді, атап айтқанда, “ақыл-есінің ауытқуы” оны мақала мазмұнына қосу маңызды. Қандай да бір

фактіні асыра сілтеп, оған эмоция қосу арқылы пікірге айналдырып немесе бұрмалап жазудан аулақ болу - журналистің кәсібилігін көрсетеді. Оның орнына сенім телефондары, дағдарыс орталықтарының байланыс нөмірлерін мақалаға көрсету маңызды деп санайды (WHO, 2014с).

Нұсқаулықтардағы ұсыныстарда оқиға орнының фотосуреттері немесе басқа да орынсыз фотосуреттер (мысалы, табыт, зират, аза тұту сахнасы, оның ішінде ситуация барысында анықталатын қатысушылар) ұсынуда аулақ болу абзал екенін ескертеді. Мұндай сенсациялық хабарламалардың орнына суицид оқиғасы көп жағдайда депрессиялық күйдің салдарынан болатынын, бірақ оны шешудің жолдары бар екенін ескертіңіз. Бір ғана қиындық – адамның өз өмірін қиюға әсер ете алмайды. Ұзақ әрі қайта-қайта адам өмірінде болып жатқан шиеленісті жағдайлар адамды шарасыз күйге түсіреді. Осы тұста медиа мамандардың жіберетін ең үлкен қателігінің бірі – ең соңғы оқиғаны суицидке себеп деп таниды.

Мысалы күйеуімен жанжалдан соң, банктің хабарламасынан кейін, емтиханнан аз ұпай алған оқушы, мектептегі буллингтен кейін, интернеттегі ойындарға алданып қалған деген секілді шала-жансар жаңалықтарды жазуға жол береді. Оның орнына керісінше, медиа қызметкер кез келген мәселенің шешімін көрсететін мамандар мен мекемелер жұмыс істейтінін алға тартуы шарт әрі оқырман үшін де пайдалы. Бұл ақпарат суицид алды ойда жүрген адамдарға үміт сылайды.

2.3. КТК телеарнасына сапалық контент анализ және визуал анализ

КТК телеарнасы еліміздегі танымал әрі авторлық ойын-сауық және ақпараттық бағдарламаларының қаралымы жағынан ең көп оқырманға ие арналардың бірі. Осы тұста зерттеу нысаны ретінде таңдап алынған арнаның да 2021 жылдағы тек қазақ тілінде жазылған суицид жаңалықтарына шолу жасалды.

Сонымен, арнаның 2021 жылы қазақша жаңалықтарына жасаған зерттеу нәтижесі бойынша, осы жылдың қаңтар мен желтоқсан айларының аралығында 28 жаңалық жарық көрген. Әрқайсысы көлемді әрі толыққанды материалдар екені анықталды.

Төмендегі кестеде зерттеу аясында сенсациялық тіл мен әдістің егжей-тегжейлерін пайдалану бойынша жалпы сапа балына көбірек салмақ түсіру жалпы мақала мазмұнының мәнін терең зерттеуге көмектеседі (Hamilton & Metcalfe, 2011).

Өз өзіне қол жұмсау тақырыбының этикаға сай жазылу сапасы туралы жалпы түсінікке қол жеткізу үшін деректер Microsoft Excel кестесіне жаңалықтардың шығу ретімен, тақырыбы және сілтемесін енгізе отырып, анализ жасалды. Нәтижесі төмендегідей:

Кесте 2.3. КТК телеарнасы суицид тақырыбында жазылған жаңалықтарға контент-анализ

Суицид	8
Жасөспірім мен бала	9
Өз-өзіне қол жұмсады	7
Марқұм	2
Мәйіт	2
Көпірден/терезеден секіріп кетті	8
Қайтыс болды	2
Жақындарына көңіл айтады	1
Өзіне/ басына оқ атқан	3
Қайғылы оқиға	5
Суицид тақырыбының фотосурет және видео	10
Суицид жасаушының жеке деректері	7
Асылып қалған	8
Себебін жазу	14

Дереккөз: Автор кестені контент-анализдің негізінде құрастырған

Жоғарыдағы кестеге назар аударатын болсақ, *бір жыл ішінде жарық көрген 28 жаңалықтың 19-ында суицид әдісі нақты сипатталған*, бұл барлық қамтылған материалдың жартысынан көбінде этикалық аспектілердің сақталмағанын көрсетеді. Сонымен қатар *“асылып қалды”, “өзін атып өлтірді”, “мұнарадан секіріп өлмек болды”, және “Ертіске секіріп өлмекші болды”, “Өз қаруынан оқ атқан»:* Жамбыл облысында шенеуніктің мәйіті табылды”, *“Жетім бала қорлыққа шыдамай, терезеден секіріп кеткен”* деген мазмұндағы сөз тіркесін тақырыптан да, мақала мен жаңалық мазмұнынан да кездестіруге болады (КТК, 2021).

Талдау барысында байқаған маңызды дүниенің бірі мақалалардың көбінде, нақтырақ айтқанда, *14 жаңалықта өз өзіне қол жұмсау әрекетінің себебін* хабарлауға жол береді. Бұл этикалық алғышарттар бойынша, журналистер мен медиа мамандардың аулақ болуы керек принциптері қатарына жатады. Себебі дәл осындай нәзік тақырыптар да, оның ішінде *“өз-өзіне қол жұмсау”* секілді орын алған жағдайларға не нәрсе түрткі болған қылмысты тергеу орындары, психолог мамандар мен дәрігерлер анықтап,

хабарлауы керек. Кез келген суицид оқиғасының себебі журналистің немесе редактордың аузынан немесе туыстарының аузынан емес, сала мамандары хабарлауы шарт. Жаңалық барысында айтылған себептерді бекіту үшін марқұмның туған, туыстары, бауырлары мен жары немесе әкесін, анасын сөйлетіп, сұхбат алған жағдайлар кездеседі.

Сонымен қатар 28 жаңалықтың 9-ы балалар мен жасөспірімдер суициді туралы хабарланған. Соның бірі **“Алматы облысында 9-сыныпты үздік бітірген оқушы асылып өлді”** тақырыбындағы жаңалықты дайындау барысында журналистер оқиға орынына барады, марқұмның туысқандарымен сөйлеседі, анасынан сұхбат алады (Шырынхан, 2021). Материалдың жалпы қорытындысында марқұмның суицид жасауына “Синий кит” ойыны себеп болды деген тұжырымды алға тартады. Оны қайтыс болған адамның жеке дәптер мен күнделігіндегі суреттеріне, марқұмның жеке блокноттарындағы жазбаларына қарап, сонымен қатар ағасының болжамына құрылған ойын негізге ала отырып қорытындылайды.

Аталған репортажды журналистер мынадай мәтінмен бастайды: *“Алматы облысындағы Жәпек батыр ауылында бүтін бір отбасы қара жамылды. Осыдан төрт күн бұрын өрімдей 15 жасар қызының қорада төсек жаймасына асылған өлі денесін анасының өзі алып шыққан. Қайғыдан қан жұтқан Бақытты Айтмұратова Диананың мұндай әрекетке баруына еш себеп болмағанын айтады. Өйткені 9 сыныпты үздік бітіріп аттестат алатынына қуанып жүріпті”* – дейді (Шырынхан, 2021)

Дәл осы шағын мәтінде бір емес, бірнеше мәрте қолданылған “эмоция тілін” көруге болады. Күшейткіш мазмұндағы сөз тіркесі оқиғаға аудитория назарын аударып, аяныш тудыруға итермелейді. Ол әрекет мына бір сөз тіркесетері мен сөйлемдерден көрінеді: **“Бүтін бір отбасы”, “қара жамылған”, “өрімдей 15 жасар қыз”, “өзінің қорасында төсек жаймамен асылып өлді”, “денесін анасының өзі алып шыққан”** – сөздері арқылы оқиғаны драматизациялайды.

Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдарға ең жақсы көмек көрсету мен олардың онлайн құпиялығын қорғау арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу қиын. Әлеуметтік медида және қорғалған денсаулық ақпаратын өңдеуге қатысты жеке өмірге қол сұғылмаушылық туралы заңнама қабылданғанымен, қазіргі уақытта екеуінің қиылысуын қарастыратын заңнама жоқ. Жоғарыдағы редакциялардың контентіне назар салатын болсақ, марқұмның жеке деректерін жариялауға орын берген редакциялар бар. Соған қарамастан жеке бас деректерге қол сұғушылыққа қатысты этикалық нұсқаулықтардың да қатар көрініс табатын тұсы тағы бар.

Енді, нақтырақ тоқталатын болсақ, әдебиетке шолу бөлімі мен нұсқаулықтарға сілтеме бөлімінде көрсеткендей, марқұмның туысқандарынан, әсіресе анасы секілді ең жақын тұлғалардан сұхбат алудың жөнсіз екені, сұхбат алған жағдайда да зиян тигізуден сақтану керек екенін ескертеді. Яғни, сұхбаттың мотиві ақталатындай болуы керек. АҚШ пен Ирландияда жүргізілген

зерттеулер де журналистер өз-өзіне қол жұмсау тақырыптарын ұсыну кезінде марқұмның қайтыс болған туыстарының жеке өміріне және эмоцияларына құрметпен қарайтынын көрсетеді (Ribeiro және Granado, 2022b).

Осы тұста репортажда, яғни Диананың өлімінің астарын зерттеуге, себеп болған мәселелерді табуға, оны оқырманға егжей-тегжейлі сипаттап, жеткізуді ұсынған сюжетте байқаған визуал элементтердің маңызды кадрларына да талдау жасалды. Төмендегі суреттен көргендей, марқұм Диананың анасынан сұхбат алған бөлігі жарияланды. Оқиғаға тікелей қатысты оқушының да, анасы мен ағаларының да, толық аты-жөні хабарланады. Бұл тұлғаның жеке басын айқындайтын мәліметтер.

Сурет 2.9. КТК телеарнасынан скриншот: марқұмның анасынан сұхбат алу сәті




Дереккөз: <https://shorturl.at/fCgIH>, қарау күні: 11 шілде, 2023 ж.

Визуал анализдің тағы бір талап етететін тұсы егер медиа оқиғаны тек бір жақты көрсетсе және пайдаланаған көрнектіліктер тақырыпты біржақты ғана ашатын болса, онда аталған кадрлар ақпараттың бұрмалануына алып келетінін ескеретеді. Демек, аталған жаңалықта марқұмның өліміне “синий кит” ойынының әсер еткенін көрсетуді мақсат еткені байқалады, себебі сюжет барысында біржақты кадрлар мен деректерді көрсетеді. Мысалы қыздың күнделігінен шимай-шатпақ суреттерді көрген ағасының да пікірі осы ойға бағытталады. Диананың барлық қойын дәптерлері мен блокноттарын көрсетіп, ішіндегі сурттердің күдікті екенін баяндайды.

Жаңалықтағы мына бір мәтініннің бірінде: **«Мен өлімнен қорықпаймын. Ең қымбат адамдарымнан айырылып қалудан қорқамын» десе, енді бірінде тіпті қанмен сурет салған. Осылайша жақындары бұл суицид жасауға**

итермелейтін «Синий кит» ойыны екеніне сенімді» – деп әңгіме мазмұнын тарқатады (Шырынхан, 2021)

Сурет 2.10. Марқұмның туыстарынан алынған сұхбат суреті



Дереккөз: <https://shorturl.at/fCgIH>, қарау күні: 11 шілде, 2023 ж.

Репортаж соңында журналистер мынадай пікірді білдіреді: “*Өмірге құштар қыздарының бұл әрекетке қалай барғанын түсінбей дал. Себебін іздеуге тырысқан олар күнделігінен қорқынышты суреттерді көріп, жазасын ұстап отыр*”, – дейді. Қайтыс болған адамға қатысты оның өмірге құштарлығын немесе үздік оқушы болғанын, “бақытты отбасының мүшесі” екенін айту оқиғаның мәнін ашпайтыны ескертіледі. Тек жалпылама факт пен деректі ғана бөлісу маңызды. “*Жазасын ұстап отыр*” мағынасындағы

Қайтыс болған адамның әлеуметтік желідегі жазбаларын жариялауға немесе цитаталауға болмайды, өйткені олар суицидті мақтан тұтып, батырлық мазмұндағы іс тәрізді дәріптеуді де мүмкін. Өз-өзіне қол жұмсау туралы әңгіме жазу кезінде журналистер стигматизациялық дискурстарды қайталауға немесе адамдардың суицидті қалай ойлағаны және соған әрекет етуі керектігі туралы түсініктерді өзгертуге күші бар.

Кезекті кадрдың бірі – **суицид әдісінің орынынан репортаж түсіру**, әр бөлікті видео материалға түсіріп, оқиғаның әр сәтінен кадр алуды мақсат еткен редакция әрекеті анық көрінеді. Тіпті, Диананың анасына “орын алған оқиғаның басынан аяғына дейін қалай болғанын айтқызып, өз өзіне қол жұмсаған орынды көрсетуін сұрайды.

Сурет 2.11. Марқұмның суицид жасаған орнынан сурет



Дереккөз: <https://shorturl.at/fCgIH>, қарау күні: 11 шілде, 2023 ж.

Марқұмның өзіне қол жұмсаған орынын көрсетіп, оқиғаның қалай болғанын егжей-тегжейлі сипаттауды сұрау – журналистің өрескел қателігі. Ауланың ішіндегі қораның ішкі көрінісін, қалың труба тәріздес темірлер мен арқандарды анық көрсетіп, анасының бұл көрініске қалай куә болғанын сұрайды.

Сондай-ақ жаңалықта оқиға орыны келесідей анық сипатталған: “Осыдан төрт күн бұрын өрімдей 15 жасар қызының қорада төсек жаймасына асылған өлі денесін анасының өзі алып шыққан”... (КТК жаңалықтары, 2021).

Сонымен қатар журналистердің кәсіби этикасы бойынша мұндай нәзік тақырыптарда туыстарының сезімін құрметтеу де өте маңызды. Басқаларды өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу және көшірме әсерін тудыру қаупін ескере отырып, ерекше сақ болу керек. Қайғылы оқиғаның қазасына куә болып отырған адамдардың сол сәттегі көңіл-күйі мен жайсыздығын, алаңдаулы күйі мен сезімдерін құнсыздандырмау керек. Дәл осындай тақырыптарда эмоцияның құрсауында тұрған марқұмның туыстарды көп жағдай өзінің субъективті мәлімдемелері мен ойларын баяндайтынын зерттеушілер жиі айтады. Бұл туралы материалда ескерту қажет. Себебі жақындары эмоциямен жағдайды басқаша көруі немесе кей мәліметтерді жасыруы да мүмкін дейді (Қазақстан Медиа Альянсының декларациясы, 2022).

Сурет 2.12. Марқұмның қаза болған орнынан сурет




Дереккөз: <https://shorturl.at/fCgIH>, қарау күні: 11 шілде, 2023 ж.

КТК арнасының мақалаларынан резонансты оқиғаларды жиі жазатынын және сол оқиғаларға қатысты көлемді материалдар дайындауға талпынысы байқалады. Соған қарамастан этикалық аспектілердің бұзылуына да жол беріп жатты. Жаңалықтардың тақырыбына қарағанда, контенттің ішкі құрылымында эмоция тудыратын риторика байқалады. Себебі “қайғыдан қан жұтқан отбасы”, “ата-анасы жоқ, тұл жетімнің суициді”, “Алматы облысында өгей әкесі зорлаған 12 жасар қыз суицид жасамақ болған” тәрізді сөз тіркестерімен аудиторияның аянышын тудырады (КТК телеарнасы, 2021).

Өз-өзіне қол жұмсау туралы кезекті репортаждың бірінде суицид әрекетіне ұмтылған адамның видеосын сол қалпында жариялайды. “**Араққа тойып алып мұнарадан секіріп өлмек болды**” тақырыбындағы мақалада келесідей қателіктер орын алады (Мәлік, 2021).

Сурет 2.13. КТК телеарнасынан скриншот: мұнарадан секіремекші болған ер адам



Дереккөз: <https://shorturl.at/vfyana>, қарау күні: 9 қаңтар, 2024 ж.

Оның мұнарадан қалай секірмек болғаны, құтқарушылардың көмектесіп жатқаны да көрсетіледі. Бірінші кадрда ер адамның суицид жасауға оқталғаны байқалады. Мәтінде ер адамның мас екенін және бұл әрекетке тұрмыстың қиындығынан барып жатқанын айтады.

Ал осы репортаждағы келесі кадрға мән беретін болсақ, құтқарушылардың ер адамды қалай жерге түсіріп алуға тырысып жатқандарын көрсетеді:

Сурет 2.14. Мұнарадан секірмекші болған ер адамды құтқару сәті



Дереккөз: <https://shorturl.at/vfyana>, қарау күні: 9 қаңтар, 2024 ж.

Бұл репортаждың этикаға қайшы тұсы суицид оқталған адамның іс-әрекетін көрсетуі. Сонымен қатар “Алматыда ер адам Назарбаев даңғылы бойындағы «Эйфель» мұнарасынан **секіріп өлмек болды**. Түн ішінде жұртты дүрліктірген азамат араққа сылқия тойып алған екен”- деп хабарлайды (Мәлік, 2021). Осы тұста Самариялық зерттеушілер ұсынған “ыстық нүкте” терминін атауға болады. Себебі Алматы қаласындағы Эйфель мұнарасының айтылуы қоғамдағы психологиялық осал топтарға өзіне қол жұмсау үшін тиімді орын ретінде есте қалуы мүмкін. Демек, аталған объект суицид оқиғасы орыны ретінде жиі пайдаланылатын көпір, мұнара немесе көпқабатты үйлер сияқты белгілі бір мекен жайды көрсетуі мүмкін.

Суицид әрекетінің себебі романтизацияланған нұсқасы туралы хабарлама және жәбірленушіні дәріптейтін мәтін аудиторияға зиян келтіруі мүмкін дейді ғалымдар.

Кезекті ғылыми еңбектің бірінде зерттеушілер журналистерге келесі ұсыныстарды хабарлайды: эмоция тудырудан аулақ болыңыз, бейтарап тонды ұстаңыз, өз-өзіне қол жұмсауды күнделікті құбылыс ретінде көрсетпеңіз,

әрекетті дәріптемеңіз, оны драматизацияламаңыз, жақын адамдармен сұхбаттаспаңыз, ұқсас оқиғалардың жинақтығын жаңалықта сілтеме ретінде орналастырмаңыз. Оның орнына адамның қиындықтарды қалай жеңгені туралы әңгімелерді жариялау, құзыретті мамандардың көмегіне жүгініңіз (Фролова, 2018).

Өзін-өзі өлтіруден кейін, марқұмның туыстары мен достары құбылмалы эмоциялар, ашулану, біреуге кінә арту, оқиғаға әсер еткен себепті іздеу және тіпті суицидтік ойлар да болуы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдары гуманитарлық ойлардан тыс, олардың мазасын алудан аулақ болуы керек. Туыстары мен достары жерді дүр сілкіндіретін жаңалықты ашуы екіталай, бірақ кейін өкінетін нәрселерді айтуы мүмкін. Егер туыстармен сұхбаттасуға тура келсе, үлкен ұстамдылық пен сезімталдық қажет. Марқұмның немесе тірі қалған туыстарының фотосуреттерін жариялаудан аулақ болу керек, себебі бұл оларға қатты зиян келтіруі мүмкін (Srivastava, Mujawar және басқалары, 2018).


Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да, SAVE ұсынатын нұсқаулықта да, марқұм жайлы сипатта берген кезде тереңірек үнілудің орынсыз екенін айтады. Атап айтқанда, *“Өмірге құштар қыздарының бұл әрекетке қалай барғанын түсінбей дал. Себебін іздеуге тырысқан олар күнделігінен қорқынышты суреттерді көріп, жағасын ұстап отыр”*, яғни “арманы асқақ”, “мектепті үздік бітіруге дайындалып жүрген”, “өрімдей қыз”, “өмірден баз кешкен” немесе тағы басқа мазмұндағы сөздерден қашу керек екенін ескертеді. Суицид әдісін “қайғыдан қан жұтты” деген мазмұнда беру де, аудиторияның көңіл-күйіне әсер етіп, жағдайды ушықтырады. Зертеушілер суицид себебін бір ғана проблемамен ақтап немесе нақты бір себепке таңып, оны жеңіл әрекеттің бірі ретінде көрсетуден абай болуға шақырады. Байқағандай, КТК арнасындағы жаңалықтарында суицид немесе өзіне қол жұмсады тіркестерінің орынын “асылып қалды”, “секіріп кетті”, “асылып өлді”, “секіріп өлді” сөздері алмастырады.

Соның бірі – 22 қараша күні жарияланған *“Жантүршігер оқиға: Келіншек үш баласымен терезеден секіріп өлді”* тақырыбындағы жаңалық (Ғалымбекұлы, 2021). Ақпараттың тақырыбында оқиғаға “жантүршігерлік” деп баға беріледі де, оқиғаның қалай болғанын бірден тақырып арқылы көрсетеді. Тақырыптың өзінде “жантүршігерлік” сөзін қосуы, аудиторияның қабылдауына әсер етеді. Кадрдан тыс мәтін кезінде журналист *“Қанға бөгіп жерде қимылсыз жатқан кәмелетке толмаған балалар”, “Полиция әйелдің мұндай сұмдыққа баруына отбасылық жанжал түрткі болғанын жеткізді. Өйткені іштен шыққан перзенттерін биіктен лақтырып суицидке барған келіншектің өлер алдындағы хаты табылыпты. Сол хатта марқұм тұрмыстағы тауқыметін тәмніштеп жазған көрінеді”* – деген мазмұнды негізге алып, оқиғаны аудиторияға жоғарыдағыдай жеткізеді (Ғалымбекұлы, 2021). Дәл оқиға болған орынға барып, репортаж тарату, суицид орынын түсіру, полиция қызметкерлерінің қанды топырақпен жауып қойғанын камерадан аудиторияға жеткізуді әрі түсіруді зерттеушілер этикаға қайшы деп бағамдайды.

КТК телеарнасының көптеген мақаласында суицидтің аяқталған жағдайлары туралы хабарланады және жоғарыдағы екі басылымның контентімен салыстырғанда кезде көлемді жазылатынын да байқауға болады. Егер орын алған немесе суицидке ұмтылыс әрекеті бойынша хабарды кең көлемде жазу өте сақтықты талап етеді, егер журналист орын алған жағдайға жанама қатысы бар қандай да бір проблеманы көрсетуді көздесе ғана аталған медиа өнімнің ақталуына негіз бар.

Сондай-ақ кезекті контенттің бірі – “Ақтөбеде суицид жасап өлген қыз” тақырыбындағы жаңалық (Ахаш, 2021). Бұл ақпараттағы өрескел дүние өзіне қол жұмсаған қыздың сол сәті видео камераға түсіп қалған. Ал жаңалық сюжетінде бұл видео бақылауды арнайы қызыл дөңгелекшемен қоршап, оқырманға биіктен құлап бара жатқан қызды ашықтан ашық көрсетеді.

Сурет 2.15. КТК телеарнасынан скриншот: суицид әрекетінің видео-материалы



Дереккөз: <https://shorturl.at/Ff6oq>, қарау күні: 16 желтоқсан, 2023 ж.

“Оқушы қыздың жиырмасыншы қабаттан секірген сәті бейнебақылау камерасына түсіп қалыпты. Оның мұндай қадамға неге барғанын қара жамылған ата-анасы түсінбей отыр. Тұрмысы жақсы, тату-тәтті отбасында дау-жанжал болмаған. Сондықтан марқұмның әкесі виртуалды ойынның кесірі тиді ме деген күдігі барын жасырмады” – деп баяндайды журналист (Ахаш, 2021). Бұл жаңалықта да медиа мамандары марқұмның әкесінен сұхбат алады. Қызына қатысты естеліктері мен бұл жағдайдың орын алуына не себеп болды деп ойлайсыз деген сұраққа жауап алады.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, суицид туралы материал дайындау кезінде өлім, қайғыға батқан отбасы немесе жерлеу рәсімдерінің фотосуреттерін жарияламауды ұсынады. Оның орнына сенім телефондары, дағдарыс

орталықтарының байланыс нөмірлерін мақалада көрсету маңызды деп тапты (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, 2014d). Ал жоғарыдағы материалдарда марқұмның ең жақын адамдарынан сұхбат алып, бет-бейнелерін ашық жариялайды.

Сурет 2.16. КТК телеарнасынан скриншот: суицид орын алған тұрғын үй



Дереккөз: <https://shorturl.at/Ffboq>, қарау күні: 16 желтоқсан, 2023 ж


Материал ішінде Ақтөбе қаласының тұрғыны, көп қабатты үйлердің бірінде тұратын тұрғынның мына бір пікірін береді: **“Суицид жасамақ болғандардың бәрі осында келеді. Жақында сырттан кіріп подъездің балконынан секірмекші болған екі адамды құтқарып қалдық. Жерге құлап өлген адамды көріп бала тұрмақ, ересек – біз шошып отырамыз. Суицидтің алдын алу үшін біздің үйлердің балкондарын қоршауға рұқсат берсін”**. “Суицид жасамақ болғанның бәрі осында келеді” – деген сөз психологиялық әлсіз топтар үшін дайын нұсқаулық және репортажды қарап отырған оқырманға эмоция тудырады. Әрі оның суреті, сол үйлердегі тұрақты тұрғынның пікірі айқындылықты одан әрі нығайта түседі. Бұл тәжірибе этика тұрғысынан проблема болып саналады. Өз-өзіне қол салу жаңалықтарын дайындау барысында оқиға орыны, оның ішінде білім беру ұйымдарында орын алса оны жариялаудан сақ болу керек. Себебі мектептерде, жоғары оқу орындары мен орта білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдердің көлемі көп болады. Олар да бұл әрекетті қайталауға жол беруі мүмкін екенін ескертеді.

Контент мазмұнынан этикаға қайшы сөз тіркестері мен оқиға орны, өзін өзі өлтірудің әдістері анық жазылғанын көре аламыз. Визуал контент нәтижесіне тоқталатын болсақ, марқұмның қайтыс болған жерінен репортаж тарататын, ата-анасының жүздерін ашық көрсетіп сұхбат алатын кадрлар жиі кездеседі. Сәйкесінше контент мазмұны да соған сай болды.

Суицид тақырыбындағы материалдар қатарын “*Жесір келіншектің басын балтамен ұрып, өзі асылып өлді*” тақырыбындағы жаңалық толықтырады (Бозекенов, 2021). Бұл жаңалықтағы “жесір” сөзі адамды әлеуметтік статусына қарай сипаттау екенін анық көрініп тұр. Суицид оқиғасының орын алғананын хабарлау үшін, ол адам толық отбасыдан немесе толыққанды емес отбасыдан шыққаны маңызды емес, оқырман үшін кезз келген тұлға адам ретінде маңызды болуы керек. Португалдық журналистер жәбірленушілердің жеке өмірін құрметтеу және ықтимал кінәлі сезімдерді күшейтпеу үшін суицид туралы хабарлауға болмайды деп санайды (Ribeiro және Granado, 2022с). Оған қоса, қоғамның журналистерге сенімінің қалыптасуы маңызды екенін, ескерте отырып, суицид әрекетіне барған тұлға туралы мақала дайындау барысында, журналист өзі жаңалықтарды хабарлау бойынша дайындалу керек деп санайды және сол дайындығын редакцияларға тренинг өткізу арқылы да дамыту керек деп есептейді. Сондай-ақ олар мұндай тренингтерді колледждерде бастап, кейін редакцияларда жалғастыруға ниет білдірді.

Жаңалық сілтемесін ашқан кезде, аудитория назары бірден экранда тақырыпта айтылған секілді балта ұстап тұрған ер адам мен оның көлеңкесінен қорқып, бұрышқа бетіп басып, тығылған әйелдің бейнесі көзге түседі. Экрандағы суреттен өзін өзі өлтіруге бағытталған адамның пайдалнаған құралдары екенін бірден түсінуге болады. Сонымен қатар жаңалықтың көрнекі суреті аудиторияға үрей тудырып, қорқыныш эмоциясын сыйлайды.

Сурет 2.17. КТК телеарнасынан скриншот: жаңалықтардағы көрнекілік сурет



Дереккөз: <https://shorturl.at/qbVYV>, қарау күні: 13 ақпан, 2024 ж.

Жаңалық контентінің басым бөлігінде “*жесір келіншек*”, “*махаббатқа мас болған күдікті*”, “*басынан бірнеше мәрте балтамен ұрып*”, “*келіншекті үйде қыздарының көзінше бір ай бойы зорлап келген*”, “*қанды оқиға да үйінде*

болған” – деген қорқынышты сөз тіркестері мен сөйлемдерді қолданады. Бұл сөз тіркестері оқиғаның орын алғанын аудиторияға жеткізу үшін аса қажет сөздің де қатарына жатпайды. Себебі сөз қолданысындағы бұл сөйлемдер оқырманға оқиғаны одан бер аянышты призмада жеткізуді іске асырады. Ал Халықаралық ұйымдар мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдары эмоция тудыратын сөздерден аулақ болып, статистикалық мәліметтер мен ресми фактілердің шеңберінде ғана ақпарат таратуды қолдайды.

КТК арнасы бұл сюжетінде жағдайды сипаттау үшін “жантүршігерлік”, “қанды оқиға” тіркестерін қолданады.

Осы тақырыпқа қатысты Қазақстан Медиа Альянсының декларациясының 2022 жылы 15 наурызда бекітілген құжатында төмендегідей нұсқаулықты ұсынады: “Интернет – ресурстарда өз-өзіне қол салу немесе өз-өзін өлтіруге әрекет жасағаны туралы хабарлар басты бетте орналастырылмауы керек, әлеуметтік желілерде суицид тақырыбындағы материалдарға гиперсілтемелер пайдаланылмауы керек. Газеттерде мұндай ақпарат тек ішкі беттерде орналастырылғаны жөн. Теледидар мен радиодағы осы тақырыптағы сюжеттер жаңалық шығарылымының басында немесе соңында айтылмауы тиіс, өйткені психологиялық тұрғыда ақпаратты қабылдау заңдылығы бойынша шығарылымның басы мен соңындағы ақпарат есте жақсы сақталады”. Зерттеуімізде талданған сайттардың визуалымен, сайтқа орналасқан маңызына қарай да, тақырыпты да, оқиға әдістерін де негізгі бетке шығарып қойғанын көре аламыз.

Сонымен қатар, суицид туралы жаңалықтарда шектеулі ақпарат беру ұсынылса да, оқиғалардың басым бөлігі «эмоционалды/драмалық» тілмен және «үрейлендіргіш, сенсациялық» стильде берілуі этикалық қағидалардың тағы бір бұзылысын көрсетеді.

Өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлаудың сенсациялық тәсілдері, қолданылатын әдіс пен орналасқан жері, нақты мекені мен объектісі туралы нақты мәліметтерді қоса алғанда, КТК телеарнасында да этикаға қайшы ақпарат кездесетінін байқадық. Сонымен қатар көмекке қалай және қайда жүгіну керектігі туралы практикалық ақпараттың болмауы этикаға сай ақпарат тарату үмітін алыстатады. Сонымен қатар, зерттеудің объектісіне айналған бұқаралық ақпарат құралының үшеуінде де, өкінішке қарай, марқұмның туыстарына, бауырлары мен артында қалған отбасына немесе жалғыз басты әке мен анаға көңіл айту мазмұнындағы мәтін өте аз кездесті. Тіптен, әр сайттың бір немесе екі мақаласынан ғана дәл осындай мазмұндағы ақпаратты табуға болады. Бірақ бұл кірініс – қауіпті. Себебі редакциялардың адами тұрғыдан қайтыс болған тұлғаның туыстарын ойлауды емес, көп жағдайда әрекеттің қалай іске асқанына мән беретінін көрсетеді.

Талдаулар мен нәтижелер

Ғылыми жұмысты саралай келе, сапалы контент анализ бен визуал анализді қолдана отырып, культивация теориясына, Вертер эффектiсi мен Папагено эффектiсiне сүйене отырып, iрiктеп алынған медиалардың контентiне талдау жүргiзiлдi. Ғылыми жұмыстың зерттеу сұрағы ретiнде тандалған сауалдарға толық жауап алуға зерттеулер жасалды.

Жалпы алғанда, Tengrinews.kz пен Orda.kz порталы және КТК арнасында суицид тақырыбындағы қазақ тiлдi материалдарда этикалық принциптер қаншалықты сақталады? Суицид жасау әдiсi мен себептерi қаншалықты көрсетiлген? Зерттеу нәтижесi аталған сұрақтарға жауап iздеу барысында мынадай қорытындыға келдi. Қазақстан медиасындағы, атап айтқанда, КТК телеарнасы мен Tengrinews.kz, Orda.kz порталдарындағы суицид туралы қазақ тiлдi жаңалықтары мен материалдарында этикалық принциптер көп жағдайда сақталмайды деген тұжырымға қол жеткiзуге мүмкiндiк бердi. Себебi үш медиа порталдың контекстiнде суицид әдiсiн көрсететiн материалдар саны басым. Керiсiнше, мақалаға бейтарап мағына беретiн “суицид” сөзi, “өз-өзiне қол жұмсау” тiркесi салыстырмалы түрде аз қолданылады. Ендiгi кезекте, әр редакцияның қорытынды нәтижесiне жеке тоқталып, нақты деректерге мағына берiледi:

Tengrinews порталы басқа зерттеу объектiлерiне қарағанда аталған тақырыпты мейлiнше бейтарап жеткiзуге тырысады деп бағалауға келедi. Себебi, салыстырмалы түрде визуал элементтердi тақырыпқа жанама қатысы бар суреттердi қолданады. Сонымен қатар марқұмның туыстарынан сұхбат алу немесе жаназадан хабар тарату, жаңалық мазмұнына эмоция тудыратын күшейтпелi тiлдi қолданудан көп жағдайда сақтанатынын байқатты. Сәйкесiнше, марқұмның жеке басына қатысты деректердi де тек екi жаңалықта көрсеткен.

Алайда ақпараттық басылым “өзiне қол жұмсады” сөз тiркесiмен қатар, суицид әрекетiнiң әдiстерiн 29 жаңалықтың 21-iне атап көрсетедi. Бұл жағдайда зерттеу сұрақтың негiзiнде этикалық принциптер сақталмайды деген жауапқа қол жеткiзуге негiз бар. Ал редакция визуал анализ бойынша сайт 29 қазақша жаңалықтың үшеуiнде марқұмның суретi мен оған қатысты жеке деректердi анықтаған, қалған 7 мақалада тұрғын үй кешенiнiң, яғни суицид оқиғасы орын алған жердiң суретi бар. Соған қоса қалған 19 жаңалықты жариялау кезiнде бейтарап суреттер қолданылған.

Ал аталған екi басылымда, жаңалықтың тақырыбы мен мазмұнында суицид әдiсi өте көп жазылған, егжей-тегжейлi сипатталған. Нақтырақ айтқанда, Orda.kz сайтында 39 жаңалықтың 25-iнде суицид әрекетiнiң әдiсi анық хабарланған болса, КТК телеарнасында 28 жаңалықтың 19-ында орын алған оқиғаның әдiсi айтылған.

Оған қоса, суицид жасаушы адамның жеке деректерi, толық аты-жөнi, өзiн өлтiруге ұмтылған оқиға орыны, тұрғылықты мекен жайы да ашық жарияланады. Сондай-ақ құрбанның көпқабатты үйлер мен биiк ғимараттардан,

көпірден, мұнарадан секіріп жатқан суреттері мен теңізден немесе терезеден секіріп, құтқарылған жағдайдағы видео материалдарын да медиа кеңістікке ашық жариялаған. Оған қоса, мақала мазмұнында сенсациялық тақырыптар мен эмоция тудырушы тіл басым. Себебі, *“жантүршігерлік оқиға”, “қаралы қайғы”, “қорқынышты”, “өрімдей жас қыз”, “қайғы жамылған отбасы”, “Түркістанда аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан ұстаз өзіне қол жұмсады”* секілді сөздерін қолданса (Tengrinews, Orda және КТК телеарнасы, 2021), тіпті кей жаңалықтарда *“Ашушаң адам еді” – көршілері алматылық атқыш туралы” – деп марқұмның сипаттамасын тақырыпқа орналастырады Orda.kz редакциясының журналисі.*

Контент анализ нәтижесі көрсеткен тағы бір маңызды аспекті – суицид фактісінің себебін жазу. Бір жыл ішінде жарияланған материалдар арасында Tengrinews порталы екі материалында ғана өзіне қол жұмсау оқиғасының себебін атаған болса, Orda сайты он төрт рет, КТК телеарнасы он төрт рет оқиғаға әсер етуі мүмкін деген себептерді ұсынған. Көрсетілген себептер тұлғаның өмірінде экономикалық, психикалық, материалдық, әлеуметтік ахуалы мен қоғам қысымының әсері де бар деген месседжді үндейді. Мысалы, *“отбасындағы кикілжің итермелеген, өмірден баз кешкен қыз, отбасындағы жанжал себеп, күдіктінің ментальді сырқаты қозып”* (КТК телеарнасы, 2021), *“ер адам әйелімен ренжісіп, “әріптестерінің қысымына шыдамай өз-өзіне қол жұмсады”* (Дарибаева, 2021), *“полиция қызметкерінің тергеуінен кейін өзіне қол жұмсады, (Orda, 2021) –* деген сияқты нақты себептерді көруге ұмтылады.

Сондай-ақ суицидтен кейінгі қоғам қайғысына, марқұмның отбасы мүшелерінің эмоциясына шамадан тыс баса назар аудару да кең таралған. Қаза болған адамның туыстарынан, достарынан, тіпті ата-анасынан сұхбат алу да, оқиға болған жерге ата-анасын ерітіп апарып, *“оқиғаның қалай болғанын баяндап беруді сұраған”* репортаждар да кездесті. Мақалалардың жартысына жуығы бұқаралық ақпарат құралдары нұсқауларының осы аспектісін бұзды. Бұқаралық ақпарат құралдарының ұсыныстарына қайшы, суицидке не себеп болуы мүмкін екендігі туралы сілтемелер үнемі айтылып отырды. Айта кететін жайт, үш порталдың да өз-өзіне қол жұмсау материалдарында марқұмның туыстарына көңіл айту бірнеше ғана мақалады көрінді. Ал қоғамның осал топтағы бөлігі үшін пайдалы ақпарат беретін қандай да бір дағдарыс орталықтарының байланыс нөмірі немесе сарапшылар пікірі ешқандай мақалада жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарының контенті қарапайым халыққа қол жетімділігі мен тұрақты әсер етуінің арқасында көптеген адамның қабылдауын өзгертуге әсер ететінін ғалымдар жоққа шығармайды. Шындығында, бұқаралық ақпарат құралдары тұтынушының, яғни аудиторияның идеясы, әр бір мәселе мен оқиғалар туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ете алады.

Зерттеу нысаны ретінде тандап алынған үш ақпараттық порталға жүргізген контент анализ кестесінде *“мәйіт”, “марқұм”, “қайтыс болды”*

тіркестері бірнеше мәрте кездеседі. Бұл қазақ тілді медиадағы суицид тақырыбының мазмұнын сипаттауға қолданатын тіл екені байқалды. Себебі, үш редакцияның жаңалығы мен медиасы аталған тіркестер арқылы орын алған суицид оқиғасына жалпылама картина құрайды. Десе, этикалық принциптерге қатысты, жоғары да айтқандай, әрекеттің нақты әдісін сипаттау, “өткір сөз тіркестерін” қолдану, марқұмның артында қалған отбасын сөзге тарту арқылы себеп іздеу секілді кемшіл тұстары басымырақ болды.

Ақпараттың визуалы да кей жаңалықтарда бейтарап, кей жаңалықтарда аяныш тудырып, аудиторияның эмоциясын тудыратын, сонымен қатар өліммен қатар жүретін қандай да бір параллельно жағдайдың барын көрсетуді негізге алады. Сол орын алған оқиғаның аясында белгілі бір конфликт жағдайды шешуге әрекет етеді. Туыстарынан бөлек, кінәлі тарапты іздеп, қайтыс болған адамның жұмыстасы немесе мектептегі мұғалімі мен көршілерінен пікір алады. Барлық тарап, *“марқұмның мұндай әрекетке баруына ешқандай себеп жоқ”* – деген ойды алға тартады.

Ал, зерттеу сұрақтың екінші бөлігіндегі Tengrinews.kz пен Orda.kz порталы және КТК арнасының суицид жайлы фото және видео материалдарында суицид жасау әдісі қаншалықты көрініс тапқан? – сауалының жауабы да бейтарап көрнекіліктердің аз екенін көрсетті.

Зерттеушілер мен олардың зерттеу қорытындылары суицид тақырыбын түбегейлі медиадан алып тастау немесе жазуға тыйым салу мүмкін емес екенін айтады. Сол себепті де журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бағыт-бағдар болатын бір ғана нұсқаулық ол – этикалық нормалар. Ал зерттеу нәтижелері әлі күнге дейін бұқаралық ақпарат құралдары үшін қолжетімді суицид туралы жаңалықтардың экспонаттық түрде пайдаланылғанын көрсетеді. Көрнекіліктер ашық түрде қолданылады. Ағымдағы зерттеулердің қазіргі сәттегі болжамы өз-өзіне қол жұмсау туралы жазатын жауапсыз ақпарат құралдары қосымша суицидтерді тудыратынын алға тартады.

Шектеулер мен кемшіліктер

Кез келген зерттеулер мен ғылыми жұмыста белгілі бір шектеулер мен кемшіліктер бар. Бұл зерттеу жұмыстағы шектеудің бірі – 2021 жыл ғана таңдалды. Яғни, аталған зерттеу кең көлемді жыл мен анализді көрсете алмайды. Сондай-ақ, зерттеу тек қазақ редакциясының жаңалықтарын қамтиды. Сонымен қатар барлық медиа емес, үш медиа ғана белгілі бір іріктемелер негізінде таңдап алынды. Медиа және бұқаралық ақпарат құралдары ұғымы кең көлемді мағынаны білдіретінін ескерсек, бұл зерттеуде тек жаңалықтар мен ондағы визуалдар қолданылды. КТК телеарнасы бойынша видео жобалар мен ток шоулар іріктеуге кірмейді.

Бір ғана диссертациялық жұмыс бүкіл Қазақстан медиасына баға беруге және оның репрезентациясына терең үңілуге мүмкіндік бермейді. Алдағы уақытта зерттеудің кең көлемді объективті көрінісіне назар аудару үшін жылдар аралығы мен таңдалған медиа қатарын көбейту на

Қорытынды

Суицид тақырыбы туралы жазу және оны хабарлау журналистика саласы үшін маңызды, бірақ соған қарамастан күрделі құбылыс екенін жүргізілген зерттеу нәтижесі арқылы тағы бір мәрте көз жеткіздік. Себебі кіріспе бөлімде келітірілген мәліметке сәйкес, дүниежүзінде жыл сайынғы 800 000 адам суицид әрекетіне барады. Ал дәл сол тәріздес жағдайға ықпал етпеу үшін медиа мамандарына қайғылы әрі ауыр, әдеттегіден екі есе үлкен жауапкершілікті талап ететін тақырыпты аудиторияға, оқырманға зиян тигізіп алмай хабарлауды үйрену өте маңызды. Жоғарыда келтірілген зерттеулердің ауқымдылығына қарамастан, бар дәлелдемелер суицидке осындай медиа әсерлерінің негізгі механизмін түсіндіру үшін әлі де жеткіліксіз. Соған қарамастан, медиа мамандардың ақпаратты этика шеңберінде жазудың маңызы зор. Өз-өзіне қол жұмсау тақырыбын журналистік баяндау тұрғысынан да көп күрделі тақырып болып табылады және бұл оқиғаны талдауда көптеген жаналықтар теориялары қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар әр редакцияның дәл осы тақырыпты тарату барысында белгілі бір мүдделер қақтығысы мен аудитория арасындағы байланысының көзге көрінбейтін шекарасы бар. Десе де, шын мәнінде орын алған еліктеу оқиғалары ойдан құрастырылған және оған немқұрайлы қарау керек дегенді мүлдем ақтамайды.

Сол себепті суицид тақырыбын жазу кезінде журналистердің алдында әрқашан екі таңдау болады: бірінші таңдау – толық ақиқатты ашып, яғни өз-өзіне қол жұмсау оқиғасын, егжей-тегжейлі сипаттау, марқұм мен оның отбасына қатысты мәліметтерді де цензурасыз жариялау, эмоция тілі мен стилін пайдаланып, аудиторияны тарту немесе екінші таңдау - деректерді іріктеп ашу. Бұл таңдаудағы ескеретін жайт, сенсация мен стигматизацияға, кемсіту мен алалауға, басқа да қоғамдық, әлеуметтік, жеке бас мәселелеріне қарамастан, тұлғаның өлімін бейтарап хабарлау.

Яғни, кез келген бұқаралық ақпарат құралының қызметкері суицид тақырыбын хабарлау кезінде қандай таңдау жасаса да, “Қоғамға зиян тигізбеу” алғышартын ұстана отырып және сол ұстанымды мақсат тұтатын кез келген журналист немесе медиа маман осы екі сұрақты өзіне қойып, сол сұрақтың аясында жауапкершілікті сезіне отырып, хабар таратуы жеткілікті. Тек психикалық денсаулықты нығайту үшін суицид туралы хабарлау, әлеуметтік құбылыс ретіндегі суицид жағдайларын ескеру және білу, қоғамдық маңызы бар жағдайларға қатысты кейбір ерекшеліктерді назарда ұстау маңызды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында суицидті жариялау оң және теріс әсер етуі мүмкін. Осы тақырып бойынша есеп беруде жауапкершілік пен этикалық көзқарас, журналистің кәсіби шеберлігі мен адамгершілігі маңызды. Егер ақпарат дұрыс жазылса, ақпарат құралдары суицидтің алдын алуда маңызды рөл атқара алады. Өз-өзіне қол жұмсау туралы хабарлаудағы журналистердің көзқарасын түсінуге тырысу және суицидтің алдын алуға бұқаралық ақпарат

құралдары бере алатын оң үлесін арттыру керек. Суицидке қатысты тақырыптарды одан әрі зерттеудің маңызды қажеттілігін көрсетеді.

Қорытындылайтын болсақ, курстық жұмыстың негізгі фокусы ретінде осы уақытқа дейін зерттеуге қатысты жүргізген әдебиетке шолу және сапалық контент-анализ бен визуалға негізделген талдау ұсынылды. Атап айтқанда суицидке қатысты мәселелер туралы сезімтал хабарлау суицид деңгейін төмендетуге және психикалық аурумен байланысты стигма мен кемсітушілікке қарсы тұруға ықпал етуі мүмкін деген идея назарға алынды. Тақырыпты жан-жақты зерттеу барысында, оның ішінде суицид тақырыбын жазу кезінде ондағы әдіс пен себепті сипаттау категориясына көп көңіл бөлінді. Теориялық негіздемелер мен әдіснамалар нақтыланып, таңдалған жаңалықтар бойынша әлемдік нұсқаулықтарға, теориялар мен әдістемелер төңірегінде этикалық нормалар талданды.

Жоғарыда айтылған жеке басты айқындайтын деректер, қаза болған адамның туыстарының толық аты-жөнін жариялау, оқиға болған ауданды, мектепті көрсету және суицидтің қалай іске асқанын сипаттайтын сөйлемдер кездесті. Алайда, барлық бұқаралық ақпарат құралына ортақ кемшілік – талданған мақалалардың көпшілігінде, тіпті 90 пайызында журналистер өз-өзіне қол жұмсау қаупі бар адамдарға тиісті қолдау қызметтері бар екенін, сенім телефондары туралы ешқандай ақпарат кедеспеді. Ғылыми жұмыс қорытындысы өз-өзіне қол жұмсау туралы бұқаралық ақпарат құралдарына ұсыныстар жасау керек деген қорытындыға келді. Өз-өзіне қол жұмсау саясатына әсер етудің алдын алу стратегиясы, ең алдымен, бірнеше жоғары басылымдағы газеттерге, танымал баспасөздерге шоғырланған кезде ғана нәтижелі болатынын тәжірибелер көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі министрліктер, қауымдастықтар, қорлар сияқты суицид оқиғаларын болдырмау әрекетіне жауапты мекемелер үшін құнды деректерге мүмкіндік беретінін әрі медианың жауаптылығын арттыруға үлес қоса алатын деңгейде пайдалы мәліметтер алынды. Дегенмен, қолдау мазмұнында берілген ақпарат көлемін арттыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен психикалық денсаулық мамандары арасында тығыз ынтымақтастық қажет екенін әлемдік зерттеулер де, Қазақстан медиасынан таңдап алынған редакциялардың хабарлары да дәлелдеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. АҚШ Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету департаменті, (2017). Information related to mental and behavioral health, including opioid overdose
2. Американдық суицидология қауымдастығы. (2015). <http://reportingonsuicide.org/wp-content/themes/ros2015/assets/images/Recommendations-eng.pdf>
3. Acosta J., Ramchand R., Becker A. (2017). Best practices for suicide prevention messaging and evaluating California’s “know the signs” media campaign. *Crisis*, 38, 287-299.
4. Alonzo, D., & Gearing, R. E. (2018). Suicide assessment and treatment: Empirical and evidence-based practices, Second Edition. New York: Springer Publishing.
5. Ахаш, Ж. (2021, қазан 20). *Ақтөбеде суицид жасап өлген қыздың ата-анасы өз күдігін айтты.* КТК. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2021/10/20/193722/>
6. Baca-Garcia, E., Perez-Rodriguez, M. M., Oquendo, M. A., Keyes, K. M., Hasin, D. S., Grant, B. F., & Blanco, C. (2011). Estimating risk for suicide attempt: Are we asking the right questions?: Passive suicidal ideation as a marker for suicidal behavior. *Journal of affective disorders*, 134(1-3), 327-332.
7. Barrett, J. R., Lee, W., Shetty, H., Broadbent, M., Cross, S., Hotopf, M., & Stewart, R. (2016). ‘He left me a message on Facebook’: comparing the risk profiles of self-harming patients who leave paper suicide notes with those who leave messages on new media. *BJPsych open*, 2(3), 217-220
8. Baron, J. N., & Reiss, P. C. (1985). Same time, next year: Aggregate analyses of the mass media and violent behavior. *American Sociological Review*, 347-363.
9. Bertolote, J. M., Fleischmann, A., De Leo, D., Phillips, M. R., Botega, N. J., Vijayakumar, L., ... & Wasserman, D. (2015). Repetition of suicide attempts. *Crisis*.
10. Biddle, L., Gunnell, D., Owen-Smith, A., Potokar, J., Longson, D., Hawton, K., ... & Donovan, J. (2012). Information sources used by the suicidal to inform choice of method. *Journal of affective disorders*, 136(3), 702-709.
11. Bohanna, I., & Wang, X. (2012). Media guidelines for the responsible reporting of suicide: a review of effectiveness. *Crisis*, 33(4), 190–198. <https://doi.org/10.1027/0227-5910/a000137>
12. Бозекенов, Т. (2021, сәуір 21). *Жесір келіншектің басын балтамен ұрып, өзі асылып өлді – Атырау.* КТК. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2021/04/21/178196/>

13. Бойко, О. В. (2004). Мифология суицида. *Журнал социологии и социальной антропологии*, 7(2), 138-159.
14. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң. (1999). “Әділет” АҚЖ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_
15. Victor, J., Heng, J. G. K., Govindaraju, G. M., Ling, T. P., Rajaratnam, U. D., & Fong, Y. L. (2019). Media reporting of suicide: A comparative framing analysis of Malaysian newspapers. *Search journal of media and communication Research*, 11(2), 73-88.
16. Гоффман, Э. (1974). *Frame analysis: An essay on the organization of experience*. Harvard University Press. Gerbner, G., & Gross, L. (1976). Living with television: The violence profile. *Journal of Communication*, 26(2), 182–190. doi: 10.1111/j.1460-2466.1976.tb01397.x
17. Gould, M. S., Greenberg, T., Velting, D. M., & Shaffer, D. (2003). Youth suicide risk and preventive interventions: A review of the past 10 years. *Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry* 42(4): 386–405.
18. Gould, M. S., Kleinman, M. H., Lake, A. M., Forman, J., & Midle, J. B. (2014). Newspaper coverage of suicide and initiation of suicide clusters in teenagers in the USA, 1988–96: a retrospective, population-based, case-control study. *The Lancet Psychiatry*, 1(1), 34-43.
19. Grønmo, S. (2020). *Social Research Methods: Qualitative, Quantitative and Mixed Methods*.
20. Guidry, J. P., O'Donnell, N. H., Miller, C. A., Perrin, P. B., & Carlyle, K. E. (2020). Pinning despair and distress–suicide-related content on visual social media platform Pinterest. *Crisis*.
21. Ғалымбекұлы, С. (2021, қараша 22). *Жантүршігер оқиға: Келіншек үш баласымен терезеден секіріп өлді.* КТК. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2021/11/22/196594/>
22. Дарибаева, А. (2021, қаңтар 1). Нұр-Сұлтанда күдікті полиция ғимаратындағы терезеден секіріп кетпекші болған. *orda.kz*. <https://kaz.orda.kz/n-r-s-ltanda-k-dikti-policija-imaratynda-y-terezeden-sekirip-ketpekshi-bol-an/>
23. Дарибаева, А. (2021, ақпан 23). Алматыдағы тауда белгісіз әйелдің асылып қалған мәйіті табылды. *orda.kz*. <https://kaz.orda.kz/almatyda-y-taуда-belgisiz-jeldi-asylyp-al-an-m-jiti-tabyldy/>
24. Дарибаева, А. (2021, мамыр 28). Атырауда 19 жастағы бойжеткен көпқабатты үйден секіріп кетті. *Orda*. <https://kaz.orda.kz/atyrauda-19-zhаста-y-bojzhetken-k-p-abatty-jden-sekirip-ke-tti/>
25. Дарибаева, А. (2021а, маусым 9). «Кешірші! Үмітіңді ақтай алмадым»: 15 жасар қыз емтиханнан кейін өзіне қол жұмсады. *Orda*. <https://kaz.orda.kz/keshirshi-miti-di-a-taj-almazdym-15-zhasar-yz-zine-entihan-nan-kejin-ol-zh-msady/>

26. Дарибаева, А. (2021, 30 шілде). Павлодар тұрғыны балаларын өлтіріп, артынан өзіне қол жұмсады. *orda.kz*. <https://kaz.orda.kz/pavlodar-t-r-yny-balalalaryn-ltirip-artynan-zine-ol-zh-msad>
27. Дарибаева, А. (2021, 14 қыркүйек). Алматы облысында мектеп директоры өзіне қол жұмсады. *orda.kz*. <https://kaz.orda.kz/almaty-oblysynda-mektep-direktory-zine-ol-zh-msady/>
28. Dazzi, T., Gribble, R., Wessely, S., & Fear, N. T. (2014). Does asking about suicide and related behaviours induce suicidal ideation? What is the evidence?. *Psychological medicine*, 44(16), 3361-3363
29. Duncan, S., & Luce, A. (2022). Using the Responsible Suicide Reporting Model to increase adherence to global media reporting guidelines. *Journalism*, 23(5), 1132-1148.
30. Elo, S., & Kyngäs, H. (2008). The qualitative content analysis process. *Journal of advanced nursing*, 62(1), 107-115
31. Etzersdorfer, E., & Sonneck, G. (1998). Preventing suicide by influencing mass-media reporting. The Viennese experience 1980–1996. *Archives of Suicide Research*, 4(1), 67-74.
32. Құлтаев, А. (2021, Мамыр 28). Алматы облысында 15 жастағы оқушы асылып қалған. Главные Новости Казахстана - Tengrinews.kz. <https://kaz.tengrinews.kz/events/almaty-oblyisynda-15-jastagy-okushyi-asyil-yip-kalghan-322872/>
33. Мәлік, М. (2021, қазан 29). Араққа тойып алып мұнарадан секіріп өлмек болды – Алматы. КТК. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2021/10/29/194556/>
34. Настюкова, О. (2021, Желтоқсан 20). Самоубийство заразно: «синдром Вертера», или Как освещать суицид в СМИ? | Новый репортер. Новый Репортер.Org. <https://newreporter.org/2021/12/20/samoubijstvo-zarazno-sindrom-vertera-ili-kak-osveshhat-suicid-v-smi/>
35. Норрис, Б. & Джемпсон, М. (2001). Reporting suicide worldwide: Media responsibilities. Батыс Англия Университеті, Бристоль.
36. Сатыбалдина, С. (2021, Маусым 4). 14 жастағы астаналық 20-қабаттан құлады. Желіде тағы бір күмәнді ойын туралы айтылып жатыр. Главные Новости Казахстана - Tengrinews.kz. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/14-jastagy-astanalyyik-20-kabattan-kuladyi-jelde-tagyi-br-323147/
37. Шарипханова, Д. (2021, қараша 22). "Үш баланы лақтырып, кейін өзі секірді". Куәгерлер Алматыдағы қайғылы оқиғаның мән-жайын айтты. Главные Новости Казахстана - Tengrinews.kz. <https://kaz.tengrinews.kz/events/ush-balanyi-laktyiryip-keyn-oz-sekrd-kuagerler-almatyidagyi-330033/>
38. Шарипханова, Д. (2021, желтоқсан 23). 16 жастағы қыздың өлімі Шымкент жұртын шошытты. Главные Новости Казахстана -

- Tengrinews.kz.*
<https://kaz.tengrinews.kz/events/16-jastagyi-kyizdyin-olm-shyimkent-jurtyin-s-hoshyittyi-331314/>
39. Шырынхан, С. (2021, мамыр 25). *Алматы облысында 9-сыныпты үздік бітірген оқушы асылып өлді* [Video]. КТК. <https://www.ktk.kz/kz/news/video/2021/05/25/181041/>
 40. Cavanagh S. (1997) Content analysis: concepts, methods and applications. *Nurse Researcher*, 4, 5–16
 41. Chapple, A., Ziebland, S., Simkin, S., & Hawton, K. (2013). How people bereaved by suicide perceive newspaper reporting: qualitative study. *British Journal of Psychiatry* 203(03): 228–32.
 42. Cheng A. T., Hawton K., Chen T. H., Yen A. M., Chen C. Y., Chen L. C., Teng P. R. (2007). The influence of media coverage of a celebrity suicide on subsequent suicide attempts. *Journal of Clinical Psychiatry*, Crossref.
 43. Cialdini R. B. (2003). Crafting normative messages to protect the environment. *Current Directions in Psychological Science*, 12, 105-109. Crossref ISI.
 44. Conwell, Y., Van Orden, K., & Caine, E. D. (2011). Suicide in older adults. *Psychiatr Clin North Am*, 34(2), 451-468.
 45. Frey, C., Michel, K., & Valach, L. (1997). Suicide reporting in Swiss print media: Responsible or irresponsible?. *The European Journal of Public Health*, 7(1), 15-19
 46. Hamilton, S., Metcalfe, C., & Gunnell, D. (2011). Media reporting and suicide: A time-series study of suicide from Clifton Suspension Bridge, UK, 1974–2007. *Journal of Public Health*, 33(4), 511-517.
 47. Hawton, K., Hill, N. T., Gould, M., John, A., Lascelles, K., & Robinson, J. (2020). Clustering of suicides in children and adolescents. *The Lancet Child & Adolescent Health*, 4(1), 58-67.
 48. Hittner, J. B. (2005). How robust is the Werther effect? A re-examination of the suggestion-imitation model of suicide. *Mortality*, 10(3), 193-200. SONNE
 49. Jewitt, C., & Leeuwen, T. V. (2000). The handbook of visual analysis. *The Handbook of Visual Analysis*, 1-224.
 50. Hsieh, H. F., & Shannon, S. E. (2005). Three approaches to qualitative content analysis. *Qualitative health research*, 15(9), 1277-1288.
 51. Kerkhof, A & Arensman, E. (2001). 'Pathways to suicide: the epidemiology of the suicidal process', in K. Van Heeringen (ed.), *Understanding suicidal behaviour: the suicidal process approach to research, treatment and prevention*, Wiley & Sons, Chichester, pp. 15–39
 52. Lai, W. T., Chung, C. W., & Po, N. S. (2015). How do media shape perceptions of social reality? A review on cultivation theory. *Journal of Communication and education*, 2(1), 8-17.
 53. Lazarsfeld, P. F. (1948). The use of panels in social research. *Proceedings of the American Philosophical Society*, 92(5), 405-410.

54. Lee, D. T., Chan, K. P., Lee, S., & Yip, P. S. (2002). Burning charcoal: a novel and contagious method of suicide in Asia. *Archives of General Psychiatry*, 59(3), 293-294.
55. Luce, A. (2019). Reporting suicide. In *Ethical reporting of sensitive topics* (pp. 70-94). Routledge.
56. Maloney, J., Pfuhmann, B., Arensman, E., Coffey, C., Gusmão, R., Poštuvan, V., ... & Schmidtke, A. (2014). How to adjust media recommendations on reporting suicidal behavior to new media developments. *Archives of Suicide Research*, 18(2), 156-169.
57. Messaris, P., & Abraham, L. (2001). The role of images in framing news stories. In S. Reese, O. Gandy, & A. Grant (Eds.), *Framing public life* (pp. 215–226). Mahwah, NJ: Erlbaum. National Press Photographers Association. (2010). NPPA code of ethics. Retrieved January
58. Moorhead, S. A., Hazlett, D. E., Harrison, L., Carroll, J. K., Irwin, A., & Hoving, C. (2013). A new dimension of health care: Systematic review of the uses, benefits, and limitations of social media for health communication. *Journal of Medical Internet Research*, 15(4).
59. Nelson, T. E., Oxley, Z. M., & Clawson, R. A. (1997). Toward a psychology of framing effects. *Political Behavior*, 19, 221–246
60. Niederkrotenthaler, T., Voracek, M., Herberth, A., Till, B., Strauss, M., Etzersdorfer, E., ... & Sonneck, G. (2010). Role of media reports in completed and prevented suicide: Werther v. Papageno effects. *The British Journal of Psychiatry*, 197(3), 234-243.
61. Niederkrotenthaler, T., Stack, S., Till, B., Sinyor, M., Pirkis, J., Garcia, D., ... & Tran, U. S. (2019). Association of increased youth suicides in the United States with the release of 13 Reasons Why. *JAMA psychiatry*, 76(9), 933-940.
62. Ogbodo, J. N. (2019). Cultural Differences and Role of the Media in Suicide: A Cross-Continental Literature Review. *Journal of Communication*, 5(1), 28-39.
63. O'Guinn, T. C., & Shrum, L. J. (1997). The role of television in the construction of consumer reality. *Journal of consumer research*, 23(4), 278-294.
64. Orda.kz. (2021, қыркүйек 18). Қаралы қаза — кім үшін жаза? *orda.kz*. <https://kaz.orda.kz/araly-aza-kim-shin-zhaza/>
65. Pirkis, J., Blood, R. W., Beautrais, A., Burgess, P., & Skehan, J. (2006). Media guidelines on the reporting of suicide. *Crisis*, 27(2), 82-87.
66. Pirkis, J. (2009). Suicide and the media. *Psychiatry*, 8(7), 269-271.
67. Pirkis және Blood. (2010). Suicide and the news and information media
68. Pirkis, J., Blood, W., Sutherland, G., & Currier, D. (2018). Suicide and the news and information media. *Suicide*.
69. Pourmand, A., Roberson, J., Caggiula, A., Monsalve, N., Rahimi, M., & Torres-Llenza, V. (2019). Social media and suicide: a review of technology-based epidemiology and risk assessment. *Telemedicine and e-Health*, 25(10), 880-888

70. Posselt, M., McIntyre, H., & Procter, N. (2021). The impact of screen media portrayals of suicide on viewers: A rapid review of the evidence. *Health & Social Care in the Community*, 29(1), 28-41.
71. Phillips, D. P. (1974). The influence of suggestion on suicide: Substantive and theoretical implications of the Werther effect. *American sociological review*, 340-354.
72. Ribeiro, E., & Granado, A. (2022). Suicide, a topic that opens a debate on what journalism is for: A study on Portuguese journalists' perceptions. *Journalism Studies*, 23(11), 1377-1395.
73. Rimkeviciene, J., O'Gorman, J., Hawgood, J., & De Leo, D. (2016). Timelines for difficult times: use of visual timelines in interviewing suicide attempters. *Qualitative research in Psychology*, 13(3), 231-245.
74. Romer, D., Jamieson, P. E., & Jamieson, K. H. (2006). Are news reports of suicide contagious? A stringent test in six U.S. cities. *Journal of Communication*, 56(2), 253-270.
75. Sakarya, D., Güneş, C., & Sakarya, A. (2013). İnternette intiharı aramak: İnternet sitelerinin intihar ile ilişkili içeriklerine göre değerlendirilmesi. *Türk Psikiyatri Dergisi*, 24(1), 44-48.
76. Samaritans Media Guidelines for Reporting Suicide. (2013). Retrieved from (<http://www.samaritans.org/sites/default/files/kcfinder/>)
77. Scherr, S., & Reinemann, C. (2011). Belief in a Werther Effect: Third-person effects in the perceptions of suicide risk for others and the moderating role of depression. *Suicide and Life-Threatening Behavior*, 41(6), 624-634
78. Shrum, L. J. (2017). Cultivation theory: Effects and underlying processes. *The international encyclopedia of media effects*, 1-12.
79. Sinyor, M., Schaffer, A., Nishikawa, Y., Redelmeier, D. A., Niederkrötenhaler, T., Sareen, J., ... & Pirkis, J. (2018). The association between suicide deaths and putatively harmful and protective factors in media reports. *Cmaj*, 190(30), E900-E907.
80. Sisask, M., & Värnik, A. (2012). Media roles in suicide prevention: a systematic review. *International journal of environmental research and public health*, 9(1), 123-138.
81. Srivastava, K., Chaudhury, S., Bhat, P. S., & Mujawar, S. (2018). Media and mental health. *Industrial psychiatry journal*, 27(1), 1-5.
82. Stack, S. (1991). Social correlates of suicide by age: Media impacts. In *Life span perspectives of suicide: Time-lines in the suicide process* (pp. 187-213). Boston, MA: Springer US.
83. Stack, S. (2000). Suicide: a 15-year review of the sociological literature part I: cultural and economic factors. *Suicide and Life-Threatening Behavior*, 30(2), 145-162
84. Stack, S. (2003). Media coverage as a risk factor in suicide. *Journal of Epidemiology & Community Health*, 57(4), 238-240

85. Tandon, Rajiv & Nathani, Milankumar. (2018). Increasing Suicide Rates Across Asia- A Public Health Crisis. *Asian Journal of Psychiatry*.
86. Tengrinews.kz. (2021, сәуір 19). Әйелін өлтіріп, кейін өзіне қол жұмсаған: Қарағанды облысында жантүршігерлік оқиға болды. *Главные Новости Казахстана* - *Tengrinews.kz*.
<https://kaz.tengrinews.kz/crime/ayeln-oltrp-keyn-ozne-kol-jumsagan-karagand-yi-oblyisyinda-321407/>
87. Фролова, Т. И. (2018). Журналистская этика: особые ситуации и особые герои. *Вестник Волжского университета им. ВН Татищева*, 1(1), 163-172.
88. Ueda, M., Mori, K., Matsubayashi, T., & Sawada, Y. (2017). Tweeting celebrity suicides: Users' reaction to prominent suicide deaths on Twitter and subsequent increases in actual suicides. *Social Science & Medicine*, 189, 158-166.
89. Wasserman, C., & Darky, T. (2014). Assessment of suicide preventative activities in Kazakhstan: Kyzylorda and East Kazakhstan regions. *Nur-Sultan: UNICEF*.
90. Wasserman, D. (Ed.). (2020). *Oxford textbook of suicidology and suicide prevention*. Oxford University Press.
91. World Health Organization (WHO) (2008). Preventing Suicide: A Resource for Media Professionals. Retrieved from.
92. World Health Organization. (2014). *Preventing suicide: A global imperative*. World Health Organization.
93. World Health Organization. (2023). *Preventing suicide: a resource for media professionals, 2023 update*. World Health Organization.